



«ҮСТІМДЕ СҰР ШИНЕЛІМ...»

Қаламдас ағаларымның арасынан майдангерлер – кешегі Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы күнінен ақырғы сағатына дейін қатысып, отбасына, ортамызға жеңіспен оралған жауынгер-қаламгерлерді көрген сайын есіме өзі де от кешкен жалынды ақын Қасым Аманжоловтың:

«Үстімде сұр шинелім,
Ақсаңдай басып келемін...»,

– деп басталатын өлеңі оралады да, ол ағалардың әскери шені старшина ма, полковник пе, бәрі де төрт жылғы сұрапыл соғыстың нышаны болған солдаттық сұр шинелді киіп келе жатқан сияқтанады. Өкінішке қарай, саны жыл санап сиреп, көзі тірісіне «қарға адым жер мұң болып» қалды. Жазушылар одағында өткізіліп жататын жиын-жиналыстарға барған сайын мәжіліс залының табалдырығынан аттап кіре кідіріп, алдыңғы орындықтарға көз жіберіп, «үстімде сұр шинелімділерді» іздеймін. Қатар түзеп, иық түйістіре жарасып отыратын сол ағалардың бүгінде бос тұрған орындары көңілімді қаңыратады, өз еркіммен барып отырудан тартына беремін, құкым жоқ сияқтанады. Осы пікірімді бірде қарт жазушы Қалмұқан аға Исабаевқа телефон арқылы айттым. Қалекен үйінен шығуы тыйылғалы бір жыл болған майдангер екі-үш ағамыздың бірі еді. Жазушылар одағындағы бір мерейтой туралы мағлұмат бергім келген.

– Ай, Ғаббас, қайталап қаттырақ айтшы! Менің аяғым мен құлағым ымыраласып алып, екеуі де кері кете бастады, қызық, ей! – деді, әдетінше сөзін күле аяқтап. Ескертуін екі етпей орындадым.

(Жалғасы 6-бетте)



Қазақтың
көрнекті
жазушысы
Қалмұқан
Исабаевтың
туғанына



ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ, ҚАЗАК ТІЛІ ПӘНДЕРІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖӨНДЕУ ЖОЛДАРЫ

15 тамызда Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен А.П.Чехов атындағы орталық қалалық кітапхана ғимаратында «Қазақ әдебиеті, қазақ тілі оқулықтары мен бағдарламаларындағы елеулі кемшіліктер және оларды шешу жолдары» атты форум өтті. Форумда бас қосқан белгілі ақын-жазушылар, тіл ғалымдары мен әдебиеттанушылар, сыншылар, оқытушылар, оқулық авторлары мен баспа және БАҚ өкілдері оқулықтардағы олқылықтар хақында тереңнен таразылады.

Алғашқы сөзді бастаған Қазақстан Жазушылар одағы Баскармасының төрағасы Мереке Құлкенов: «Бүгін біз «Мектеп қабырғасында білім алып жатқан жеткіншектеріміздің, жастарымыздың болашағы бұлыңғыр болмай ма?» деген сауалға бірлесе отырып жауап іздеу үшін жиналып отырмыз. Өйткені мектеп оқулықтары мен бағдарламаларындағы кемшіліктер оқушылардың білім, тәрби сапасының төмендеуіне ұлттық құндылықтардан алыстауы әкеліп соғып отыр. Бір кездері қазақ әдебиеті мен қазақ тілінің бірігіп кетуі, шындап келгенде, қазақ әдебиетіне, қазақ тіліне деген теріс көзқарастан пайда болды деп есептейміз. Осы отыз жылдың ішінде талай-талай оқулықтар жазылды, алайда сапасы сын көтере бермейді. Бұрынғы министрліктегілер де қазақ тілі, қазақ әдебиеті оқулықтарына дұрыс қарай қоймады. Олар бөлінген қаржыны өздері пайдалану үшін бірнеше баспа ойлап тапты. «Мектеп», «Атамұра» сынды өте тәжірибелі баспалардың барына қарамастан, жаңадан адам білмейтін баспалар ашылды. Осы аты, заты беймәлім баспалар әлі күнге дейін сын көтере алмай келе жатқан оқулықтарды шығарды.

(Жалғасы 4-бетте)

«ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ - ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ - «ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ»

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2025

«Казпошта» АҚ бойынша	Жеке жазылушыларға:	Аудандар мен ауылдарда:	Кәсіпорындар мен ұйымдарға:	Аудандар мен ауылдарда:
	Қалаларда:		Қалаларда:	
	1 айға – 721,21 т.	1 айға – 721,21 т.	1 айға – 1 672,02 т.	1 айға – 1 416,21 т.
	3 айға – 2 163,63 т.	3 айға – 2 163,63 т.	3 айға – 5 016,06 т.	3 айға – 4 248,63 т.
	6 айға – 4 327,26 т.	6 айға – 4 327,26 т.	6 айға – 10 032,12 т.	6 айға – 8 497,26 т.
	12 айға – 8 654,52 т.	12 айға – 8 654,52 т.	12 айға – 20 064,24 т.	12 айға – 16 994,52 т.
	Жеке жазылушылар үшін:	Кәсіпорындар мен ұжымдар үшін:		
«Евразия пресс» ЖШС бойынша	1 айға – 746 теңге. 3 айға – 2238 теңге	1 айға – 1441 теңге. 3 айға – 4323 теңге		
	6 айға – 4476 теңге. 12 айға – 8952 теңге	6 айға – 8646 теңге. 12 айға – 17292 теңге		

«АС БЕРУ МӘДЕНИЕТІ: САЛТ САБАҚТАСТЫҒЫ, ҰРПАҚ ҰЛАҒАТЫ»
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІНІҢ ПІКІР АЛМАСУ ЖИЫНЫ



«АС БЕРУ МӘДЕНИЕТІ:
САЛТ САБАҚТАСТЫҒЫ,
ҰРПАҚ ҰЛАҒАТЫ»

6-бет →

Бәсекеге қабілетті білімге ие болу – бүтін бір мемлекеттің даму көрсеткіштерінің бірегейі. Осы ретте қазақ тілі мен әдебиеті пән оқулықтарының жай-күйі көпшілікті алаңдатып отыр.

1-сыныптың «Әліппе» оқулығы (Ә.Жұмабаева, Н.Құрман, Б.Сабденова, «Атамұра» баспасы, 2021) «Сөйлеу, Сөйлем» деп басталады. Құртақандай балақайға сөйлем терминін алға тарту тым артық. «А» әрпін асықтармен жасап көрсет» деп ұлттық танымда тапсырма ұсынған авторлар 63-бетте «Ғарышкерлер» мәтінін берген: «Токтар, Талғат, Айдын ағалар-ғарышкерлер». Мәтінде «қазақ ғарышкерлері» деген тіркес жетпей тұр. Ғарышкерлердің тегі аталмаған, ақпарат балаға бұлыңғыр жеткен. 1-сынып үшін «ана тілі» оқулық

сөздерінің қосымшасын алып тастап жаз. Не байқадың?» деген авторлар фонетика саласын ғана меңгеріп жүрген оқушылардың қосымша туралы түсінігі жоғын мүлде ескермеген. 3-сынып үшін Қазақ тілі оқулығын жазған осы авторлар тілдің теориясын жалаң бере салмай, мәтін талдауды оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай күрделендірген. Алайда оқулықтағы бөлімдер өзара логикалық тұтастықтан ада. Бөлімдердің ішкі тақырыптарында тілдің теориясы да ретсіз ұсынылған: бір тақырыпта оқушылар дыбыстарды ажыратуды меңгерсе, келесі сабақта аяқ астынан лексика тарауын үйренуге мәжбүр. Оның соны морфология бөліміне төтеден еніп, түбір мен қосымшаны талдауға ұласады. 4-сынып оқушыларына арналған Қазақ тілі оқулығын да дәл осы авторлар ұсыныпты. («Атамұра» баспасы, 2019). Оқулықта ұлттық құндылықтар жайлы тақырыптар жүйелі топтастырылған. Оқулықтың 43-бетіндегі 17-тапсырмада

ұлттық құндылықтарды насихаттау талабы тұрғысынан ақсап жатыр. Тіпті ұлттық құндылықтарымызға шекеден қарайтындай. 101-бетте 5-тапсырмадағы мәтін: «Мен домбыра тартпаймын, асық ойнамаймын». Қазақтың домбырасы мен ұлттық ойынын теріс насихаттауға апаратын бұл мәтін арқылы оқулық авторлары нені көксеп отыр? 2-ұлт сыныбы оқушылары «қазақ тілі» пәнін А.Қайырбекова, Б.Нүкебаева, А.Мұхамеджановалардың авторлығымен шыққан («Атамұра» баспасы, 2022) оқулықпен үйреніп жүр. Бөлімдер логикалық түрде бірден-бірге кеңейіп отырған. Тыңдалым мәтіндерінде QR кодтың аудиолар жүйелі берілген. Қазақ тілінің теориясы тым жұтан, әрі жүйесіз ұсынылған. Әр тақырып сайын тапсырмалар қайталанатын: «Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер. Сөйлемдерді толықтырып жаз. Тірек сөздерді қолданып, сөйлемдер

тарына Қазақ тілі оқулығын жазғандар – Н.Даулеткереева, Г.Мұқанғалиева. («Алматы кітап» баспасы, 2023). Тілдің теориясы шағын ереже түрінде орынды берілген. Қалған тапсырмалар 3-сынып оқулығымен мазмұндас. Оқушылардың жазылым дағдыларын жүйелі жетілдіру кенжелеп жатыр. Бастауыш ұлт сыныптарындағы Қазақ тілі пән оқулықтары тапсырмаларды біргеліктімен, ұлттық құндылықтарды тек ішінара насихаттауымен, тілдің теориясын ғылыми бірізділік қалыптан тыс шашырата беруімен көңілді құлазытады. 2016 жылдан бері 5–11-ұлт сыныптары қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің кіріктірілген түрін оқып келеді. 5–9-ұлт сыныптарындағы аталмыш оқулықты көп ретте «Көкжиек-Горизонт» баспасы Ф.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, Р.Рахметова, А.Рауандиналардың авторлығымен ұсынып жүр. 5-сыныпқа берілген оқулық Қазақ әдебиеті оқулығына қаншалықты сай?

Қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтары: оңы мен терісі

авторлары – Г.Уайссова, Г.Садуақас, А.Бесирова («Атамұра» баспасы, 2021). Ақын Ә.Табылдының «Ана тілі» өлеңі өте сәтті ұсынылған. Оқулықта тіл теориясы да ұмыт қалмаған. Фонетка жайлы ақпараттар түсінікті берілген. Дыбыстар мен әріптер тақырыбында Д.Шоқпарұлының «Алғашқы қар» өлеңі мақсатсыз назарға ұсынылған. Теориялық тақырып дыбыстар мен әріптер болса, таңдалған мәтіндер де сол тақырыптан алшақтамауы тиіс. Күзде қыс туралы оқыса, оқушылар жыл мезгілдерін шатастыруы да мүмкін. Оқулықтың өмірмен байланысты болуы деген талабы сақталғаны абзал. 12-беттегі 2-жаттығуға қарайық: «орны алмастырылып берілген сөздерден сөйлеп құраңдар». Теориялық тақырып фонетика болса, бірден сөйлем құрауға қалай оқыстан ұмтылыс жасалды? Әр сабаққа үш тапсырма құрастырылған. Бөлімдердің арасында логикалық байланыс жоқ. Теория жүйесіздікке ұшыраған: сөйлем туралы түсінік береді, одан кейін «сөз және оның мағынасы» деген бөлімге ауысып, сөз таптарын меңгертумен оқулық аяқталады. Дыбыстарды оқыта сала синтаксиске қарай ырғымай, лексиканы меңгертсе, жүйесін табар еді. Оқулықтың 60-бетіндегі «Жапалақ» мәтіні былай басталады: «Түнде жапалақ пен үкіден артық көретін ан-құс жоқ.» Бұл – балаларға танымдық тұрғыдан қате берілген сөйлем. 65-бетте «Сөйлемнен соң не нүкте, не сұрақ белгісі, не леп белгісі қойылады» деген ережеде авторлар ғылыми нақтылықтан естен шығарған. Теорияны тұмандандырып беру тілді үстірт үйретуге алып келеді. 2-қазақ сыныбының оқулық авторлары – Ә.Жұмабаева, Г.Уайссова, Г.Садуақас («Атамұра» баспасы, 2022). Оқулықтағы бөлімдер өзара логикалық сипатта орайластырылған. Тіл теориясы лексикалық тақырыптармен егіздістіріле берілген. Дегенмен, тапсырмалар бір сарынды. 25-жаттығуда Т.Әдбірайымның аты белгісіз әңгімесі «түсініп оқы» тапсырмасымен берілген. Әңгіме кейіпкері Рауан Абайдың «Көкірегінде болсын көз» деген сөзін түсінбей дал болады. Оны әңгіме авторы да түсіндіріп жарытпаған. Оқулық авторлары «Сен «көкірегінде болсын көз» дегенді қалай түсінесің?» деп балаларға сұрақ қойған. Бұл тапсырма оқушылардың жас ерекшелігіне сай емес. 66-беттегі 1-тапсырмада «қазағым», «талабым»

«Мәтінді оқы» деп жазушы Мереке Құлкеновтің шығармасынан үзінді берілген, қай туындысы екені аталмаған. Мәтінді талдауға лайықты тапсырмалар жоқ. Көлемді мәтіндер беріп, сонына «мәтін не туралы?» деген әлсіз сұрақ сығырайтса, оқушы шығармашылықтың алғашқы сатысына да қол жеткізе алмайды.

2-қазақ сыныбының Әдебиеттік оқулығының авторлары – Б.Қабатай, В.Қалиева, Ү.Зейнетоллина («Атамұра», 2022). Оқулық Ү.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңінен басталған. Қаламгер жайлы қысқаша ақпарат суретімен қоса берілген. Әр тақырыпқа алты тапсырмадан ұсынылған. Әр сабақ сайын тапсырмалар түрленіп, қайталауға ұшырамаған. 3-сынып Әдебиеттік оқулығының авторлары – жоғарыда аталған үш тұлға («Атамұра» баспасы, 2022). «Өнер», «Атақты тұлғалар» бөлімдерінде ұлттық құндылықтарды насихаттау талабы толық сақталған. 4-сыныпқа Әдебиеттік оқу пән оқулығын жазғандар – 3.Мұфтибекова, Ә.Рысқұлбекова («Алматы кітап» баспасы, 2023). Алғы сөзде оқулық авторлары «Отан» сөзін кіші әріппен жазған. «Адами құндылықтар» деген сөздің мән-мағынасын ұлы билердің өнегелі сөзі, кейіпкерлердің жағымды әдеттері арқылы жүрегіне ұялатасын» деп кіріспеде авторлар тағы да мүлт кеткен. Әдебиет теориясында кейіпкер әдеті деген термин жоқ, кейіпкердің іс-әрекет ұғымы бар. 5-бетте берілген Ә.Табылдының «Қайырлы таң, балалар» өлеңінде де Отан-ана сөзі кіші әріппен берілген. Бұл өрескел қателік баспа тарапынан кеткен бе, әлде оқулық авторларының жіберген кемшілігі ме? Оқулықтың ұтқан жері әдебиет теориясы керегінше кірістірілген. Ғылыми түсінік бала танымына сай қарапайым тілмен әдіптелген. Әдебиет теориясын оқыту тек 4-сыныптан басталады.

1-ұлт сыныбының бұлдіршіндері Ә.Хазимова, Б.Салыхова, М.Бейсебекова ұсынған оқулықты меңгеріп жүр («Алматы кітап» баспасы, 2023). Әрбір сабақ сайын авторлар 3-5 жаңа сөзден ұсынған. Әр сабақ төрт тапсырмаға негізделген. Тапсырмалар бір сарыннан шықпайды. «Тыңда. Қайтала» тапсырмаларына QR код арқылы ашылатын дыбыстық жазбалар үнемі берілмеген. Авторлар тек 50-беттен бастап дыбыстық жазбаны QR код арқылы ұсынған. Бүкіл оқулықта небары 13 дыбыстық жазба берілген. Оқулық



құрап жаз. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жаз». 3-ұлт сыныптары қазақ тілін Ф.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, А.Рауандина, Р.Рахметова, Л.Нұрмұхановалардың әзірлеген оқулығы бойынша оқып келеді («Көкжиек-Горизонт» баспасы, 2018). Оқулық «Күз келді» тақырыбымен алғашқы парағын ашады. Жоғарғы жағында оқу мақсаттары айқын көрсетілген. Тілдік дағды тек сын есімдерге қатысты ғана жұпыны көзделген. 6-тапсырмада «Адаққан қосымшаларды орнына қойып жаз» деген тапсырма «кездейсоқтық заңдылығына» сай берілген. Бұл сабақта қосымша туралы түсінік берілу мақсат етілмеген, сондықтан ешбір анықтама назарда жоқ. Берілген сабақтарда 5-6 тапсырма санымен шектелген, олардың көбі тыңдалым, оқылым, айтылым дағдыларын дамытуды мақсат етеді. Көркем жазу, тілдің заңдылықтарына сүйене отырып, сауатты жазу дағдысы соңғы орынға қалдырылған. Тілдік арнайы білімді қажет ететін мынадай тапсырма кездесті: «Өзің жақсы көретін үй жануарларының төлдері туралы шағын мәтін жаз. Төлдерді сипатта» (18-бет, 4-тапсырма). Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылар сын есімдерді білу керек. Авторлар оқушыларға сипаттау мәтінін жазуды тапсырған. Бірақ сипаттау мәтіні оқушыларға беймәлім. 42-беттегі 6-тапсырмада «Сурет бойынша әңгіме құра» делінген. Бірақ авторлар әңгіме термині жайлы жұмған ауызын ашпаған. 4-ұлт сынып-

Аталған сыныпта өзге ұлт өкілдері бар болғаны жеті ақын-жазушының әдеби туындысымен жарытымсыз ғана танысқан. Қазақ әдебиетінің теориясы шеті кетілмеген күйі тұр. Сондықтан Қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтары ұлт әдебиетін меңгертуге қызмет етуге жұмсала алмайды. 6-ұлт сыныптарындағы Қазақ тілі мен әдебиеті оқулығында да жоғарыда аталған авторлардың тек соңғысы ғана өзгеріп, А.Юсуптың қосылғаны болмаса, негізгі құрамы өзгермеген. Рухани мұрамызға тұтас бір бөлімді арнап, қазақ спорт саңлақтары жайлы оқытуға күш салған авторлар тағы да тілдің теориясын там-тұмдап берген. 110-бетте «Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?» тақырыбында 2-тапсырмада Жонғария жерін мекендеген ан-құстар туралы мәтін берілген. 6-тапсырмада (111-бет) «Жонғария табиғаты» тақырыбына эссе жаз» деген. Эссе жазуға авторлар «өмірмен байланысты болуы тиіс» деген орынсыз талап та қойған. Нәтиже сабақта Жонғарияны сонша дәріптемей, оған саяхат жасаған Шокан еңбектеріне сәл де болса талдау тапсырмаларын берсе, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мақсатына қол жеткізер едік. 7-ұлт сыныбы оқулығында да осы жайт орын алған. Өйткені авторлар құрамы өзгермеген. 8-ұлт сыныптарына арналған оқулықтарды жазуда авторлар құрамы тек Қ.Жайлаубаева болып өзгерген. Оқулық авторлары болжалдық сан есімдерді меңгертуден бастап, түйіндеме туралы түсінік беруге

ұласады. Ережелер кейде жарты бет, ара-тұра бір бет көлемін алып жатыр. Келесі бөлімде бөлшектік сан есімдерді меңгеруді көздеп, тіл теориясының рет-тілігін сақтапты. 41-беттегі 3-тапсырмада Абайдың «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңі бөлімнің тақырыбына сай болғандықтан ғана тандалған. «Өлеңді мәнерлеп оқы. Мазмұны бойынша жоспар құр» деген тапсырма әдеби талдау емес. «Сәулесі бар жігіттер бір ойланар» деген сөйлемді қалай түсінесіңдер?» деп оқушылардан сұрайды. Бұл сұрақты қоймас бұрын авторлар оқушылардың түсінуіне қиындық тудыратын сөздер мен тіркестердің мағынасын ашуға бағыттайтын тапсырмалар ұсынса жарар еді. «Мектеп» баспасы 8-ұлт сыныптарына арналған өз оқулығын Г.Қосымова, Р.Рахманова, К.Берценова, А.Сатбековалардың авторлығымен 2018 жылы ұсыныпты. Оқулықта тіліміздің теориясы әлсіз ғана ұшырасады, тапсырмалардың көпшілігі айтылым, оқылымға негізделген. Жазылым тапсырмаларында арагідік грамматикалық жаттығулар кездеседі, бірақ олар оқулықта түсіндірілмеген. 6-бетте 6-тапсырма бар: «Берілген сөздерді мағыналық жағынан сәйкестендіріп, сөз тіркестерін жасаңдар». Бұл тапсырманы орындау үшін оқушыларға сөз тіркесінің теориясы берілуі керек еді.

Оқулықтағы бөлімдердің арасында мағыналық байланыс жоқ. «Мектеп» баспасы Г.Қосымова, М.Бисенбаева, Г.Каримова, Н.Қаратаевтың авторлығымен әзірленген оқулықты 2019 жылы 9-ұлт сыныптарына ұсыныпты. Оқулық «Қазақ жазуының тарихы» деп мәдени тақырыпта басталған. «Күлтегін» жырын назарға ұсынып, «Күлтегін кім?» деген жеке тақырып беріп, мәдени мұрамызды дәріптейді. Сосын «Жолын болсын, жолаушы» деген бөлім басталады. М.Мақатаевтың «Ертең біз жол жүреміз» өлеңі кірістірілсе де, бұл бөлім әдеби емес, тек тілдік бағытты ұстанған. Әрі ақынның өлеңі мен бөлім мазмұны мүлде сәйкес емес. 9-ұлт сыныптары үшін «Көкжиек-Горизонт» баспасы 2019 жылы Ф.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, Р.Рахметова, А.Рауандина, К.Жайлаубаева жазған оқулықты ұсынды. «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні – тәуелсіз Қазақстанның айбынды мерекесі» деген 14 сабақтан құралған бөлім берілген. Бөлімнің соны М.Ыбыраевтың «Елбасыма» өлеңімен түйінделген.

Өлеңнен үзінді (112-бет, 4-тапсырма):
...Ол ұлдың заты – нұрдан, аты –

Сұлтан,

Кеш туған зарықтырып уақытынан...

Ақын жырын «Қазақта ер тумайды енді сіздей» деп тамамдайды. Мұндай жеке басты шектен асыра дәріптейтін туындыларды мектеп оқулықтарына мүлде енгізбеу керек. 10-ұлт сыныптарына Г.Қосымова, Ш.Ерхожина, Г.Каримова ұсынған оқулық «Еңбек нарығы және сұраныс» бөлімінен басталған. («Мектеп» баспасы, 2019) Шәкірттерге «көптік жалғауы» деген ұзақ ереже мен «мәтіннен көптік жалғаулы зат есімдерді теріп жаз» деген тапсырма берілген. Тым оңай тапсырмалар оқушыларды шығармашылық, тілдік дағды тұрғысынан дамыта алмайды. 11-ұлт сыныптарына Ф.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, Р.Рахметова, А.Рауандина, Л.Нұрмұханова тағы да бірлесіп оқулық жазыпты («Көкжиек-Горизонт» баспасы, 2019). Оқушылар «Әлеуметтік мәселе туралы не білесің?» тақырыбымен оқулықты ашады. Мәтін стильдерін ажыратып, омонимдерді анықтауды мақсат етеді. Оқу мақсатына сай тапсырмалар орынды берілген. Е.Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесінен сабақ сайын үзінді келтірілген. Тапсырмалар көркем шығарманы талдауға бағытталмаған. Оқушылар 2-бөлімде «Экология. Мұнай және атомдық индустрия» тақырыптар топтамасымен танысады. Тілдік бағдар



омонимдер болып қалып отыр. Бөлімнен бөлімге тілдік теорияны тереңдете беруге не кедергі? Г.Сейітжаннның «Қара алтыны халқымның» өлеңі де бір тақырып етіп берілген.

Мұнай-мұнай,
Сары май,
Қап-қара май,
Келбетіне халқымның жаққан арай...

Майдың түрлерін «майын тамызса суреттеген» ақынның өлеңі бастауыш сыныпқа арналғандай. Оқушыларға тапсырма: «өлеңде қою қаріптен берілген сөздердің антонимін тап. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құра». Тым жеңіл тапсырма оқушының қай дағдысын жетілдіреді? Ұлт сыныптарына арналған оқулықтар қай баспадан шықса да көлемі тым үлкен, тілдің теориясын үзіп-жұлып береді, әдеби шығармалар талданбайды, туындылар бөлімнің тақырыбына қарай ғана таңдалып алынған. Қазақ тілін меңгертуде өзге пән тақырыптарын толассыз берген (энергетика, әлеуметтану, биология, география, т. б.).

5-қазақ сыныптарының «Қазақ тілі» оқулығының авторлары – Т.Ермекова, Ж.Отарбекова, Р.Мұнасаева («Арман-ПВ» баспасы, 2017). Сабақ мақсаттарына оқу тапсырмалары сай келеді. Ережелер түсінікті тілмен қысқа көлемде әрі мысалдарымен бекітілген. «Жеті жұрттың тілін біл» тақырыбындағы 1-тапсырмада төрт жасар мәскеулік Бәлла Девяткинаның жеті тіл білетіні туралы мәтін бар. Қазақ баласына үлгі етер бір қазақ тұқымы табылмады ма? Авторлар әр бөлім сайын ұлттық құндылықтар турасындағы тақырыптарды үзбей енгізіп отырған. 6-қазақ сыныбы үшін қазақ тілі оқулығын Т.Ермекова, Ж.Отарбекова, Г.Тоқтыбаева «Арман-ПВ» баспасынан жариялапты. Авторлар мұнда да тілдің теориясын лексикалық тақырыптармен байыта берген. Бөлімдер негізінен ұлттық мәдениет пен рухани мұрамызды меңгертуге арналса, тек үш бөлім әлем мәдениетінен хабар береді. 7-қазақ сыныптары өз ана тілдерін Г.Қосымова, Р.Рахметованың авторлығымен «Атамұра» баспасынан 2024 жылы шыққан оқулықпен меңгеріп келеді. 21-беттегі 1-тапсырмада Абайдың «Күз» өлеңі берілген. 2-тапсырмада «Өлеңдегі ақпаратты «Төрт сөйлем тәсілін пайдаланып айт» деген тапсырма кылтияды. Бұл – оқушының ойын тежеп, көсіле сөйлеуіне мүмкіндік бермейтін тапсырма. 56-беттегі 4-тапсырмада «Тибеттік тамақтану ережелері» деген мәтін бар. Қазақы тамақтану ережелері жоқ па? Өзгені үлгі ету арқылы қазақстандық патриот тәрбиелеу

мүмкін бе? «Сүйіспеншілік пен достық» атты 3-бөлімде морфология саласы басталып кеткен. Алдыңғы бөлімнен теориялық, әрі логикалық байланыс жоқ. «Сүйіспеншілік – шынайы сезім» тақырыбында 6-тапсырмада «Мәтінді оқы. Жоспар құр» деп Қ.Бегмановтың «Мұстафа Шоқай жолымен» кітабынан көлемді үзінді берілген. Мәтін соңындағы тапсырма тым солғын: «Сұрақтарға жауап бер. Мәтінді «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып талда». «Ғаламтор және әлеуметтік желілер» атты бөлімде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мүмкіндігі аз. Оқулықтағы он бөлімді жан-жаққа «лақтырып» тастаған кім? Тілдің теориясы жұтан берілген, тапсырмалардың саны көп болғанымен бірін-бірі қайталайды. 8-қазақ сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқулықтарының бірі – 2018 жылы «Мектеп» баспасынан жарық көрген оқулық (Б.Қапалбек, А.Омарова, Г.Закиряева, Г.Абнасырова). Оқулықта өзге пәннің үлес салмағы басым. Өзге пәндік бөлімдер арқылы ана тілімізді терең үйрету мүмкіндігі қандай? 9-қазақ сыныптары ұлт тілін М.Мамаева мен Ж.Мұқашева «Мектеп» баспасынан 2019 жылы ұсынған оқулықпен үйреніп жүр. Кей бөлімдер оқушылардың таным-түсінік дәрежесінен алыстап кеткен: «Жаһандану мәселелері», «Синтаксис. Отбасы және демографиялық өзгеріс», «Биотехнология және гендік инженерия келешегі», «Синтаксис. Әлемдегі қақтығыстар және бейбітшілік», «Пунктуация. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану». «Жаһандану және әлемдік қақтығыстар» тақырыбындағы бөлімде саяси бояу сезіледі. Ал мектеп оқушылары ешбір саяси және діни ұғымды насихаттайтын құралдардың ойыншығы болмау керек. Материалдар негізінен газеттерден, сайттардан алынған. Неге көркем шығармалардан үзінділер келтіріп, солар арқылы құрмалас сөйлемнің түрлерін меңгертпеске? «Арман-ПВ» баспасынан 2019 жылы шыққан Қазақ тілі оқулығы Т.Ермекова, К.Бертілеуова, Р.Әбішевтердің авторлығымен 9-сыныптарға ұсынылған. Онда да осы бөлімдер, саяси сарындағы мәтіндер. 10-сыныпқа арналған Қазақ тілі оқулығын Ж.Дәулетбекова, П.Юсуп, Л.Жүмекенова жазыпты («Атамұра» баспасы, 2019). Оқулық бөлімдері мынадай: «Индустрияландыру. Ұлттық өндіріс», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау». Бұл бөлімдер саяси сарынға ие, оқушының ой, білім, сөздік қорын көтеруге титтей де пайдасы жоқ. 10-сыныптың қоғамдық-

гуманитарлық бағытына арналған Қазақ тілі оқулығы Ж.Балтабаева, Е.Арын, Г.Әбдірамандардың қолынан «Атамұра» баспасынан 2019 жылы шығыпты. «Тіл және алаш идеясы» бөлімінен тиімді бастау алған оқулық ұлттық құндылықтарды игертуді жүйелі мақсат еткен. Ара-тұра «адасып жүрген» бөлімдер де жолықты. «Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі», «Қазіргі қоғам әлеуметтік теңсіздік», «Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер». 11-қазақ сыныптары Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаеваның оқулығын қолданады («Мектеп» баспасы, 2019). Қоғамдық-гуманитарлық бағыт үшін жазылған оқулықта шәкірттерді қазақ шешендік өнеріне баулуды мақсат еткен авторлар кейде айқын бағыттарынан «жаңылып», «Бейбітшілік. Қауіпсіздік және жаһандық экономика», «Табиғат және экология» деп бөлім беріп, қазақ тілі пәні арқылы экологияны оқытуға талпынады. 11-қазақ сыныптарының жаратылыстану-математика бағытындағы оқушыларына Қазақ тілі оқулығын Б.Қапалбек, М.Жолшаева, Ш.Ерхожина, Л.Ишанова рухани тарту еткен («Мектеп» баспасы, 2020). «Экология. Ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Туризм. Экотуризм» бөлімдері арқылы шығармашыл, озық ойлы шәкірттерді үлкен өмірге қанаттандырып түлету мүмкін бе?

5-сыныпқа арналған «қазақ әдебиеті» оқулығы авторлары – С.Тұрсынғалиева, Р.Зайкенова («Арман-ПВ» баспасы, 2017). Оқулық қазақ халық ертегісінен басталып, бала түсінігіне қиындық тудыратын сөздердің мағынасын ашып көрсетуімен ерекшеленеді. Анықтамалар әдебиет теориясынан нақты, ғылыми дәлдікпен берілген. Аталған қос автор 6-сыныпқа да арнап жазыпты. Қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін сақтай отырып, әр кезеңнен бір өкілден таныстырып, мақсатты бағындыратын тапсырмалар ұсынған. Оқушылар 2-оқу тоқсанын толығымен Абай мұрасын меңгеруге арнайды. «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым» бөлімінде авторлар Е.Жүністің «Менің атым тәуелсіздік» өлеңін енгізген. Берілген өлең оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай емес, тілі тым күрделі, айтар ойы өте астарлы. 11-12 жастағы оқушыларға бұл өлеңде астарланған тарихи оқиғаларды ойнақы тілмен түсіндіру – мұғалімнің еншісіне қалған шаруа. 7-сынып үшін әр түрлі баспалар оқулықтар ұсынған, барлығында әдебиет теориясы, әдеби кезеңдердің даму ретін сақтай отырып оқыту іске асырылған. 8-сыныпқа арналған оқулықты С.Дәрібаева, Г.Орда, А.Сатылова «Мектеп» баспасынан 2018 жылы шығарыпты. Оқулық авторлары туындыларды бөлімнің тақырыбына тәуелді етпей, әдеби кеңге тән өкілдің шығармасы есебінде ұсынған. «Ғылыми-фантастикалық әңгімелер» деп арнайы бөлім ашып, онда Жүніс Сахиевтің екі әңгімесі берілген. 9-11-сынып оқулықтарында әдебиет теориясы өз деңгейінде берілген және ол тәжірибелік тапсырмалармен байытылған. Көптеген сыныптарда авторлар шетел әдебиетінің бір өкілімен таныстырып отырған.

1–11-сынып аралығындағы Қазақ тілі мен әдебиеті пән оқулықтарының бүккен сыры мен алуан қыры жайлы ақтардым. Жақсысын жария еттім, кемшілігін дәлелдеп түйреп өттім. Бұл ел өрендері нағыз тұлға болып дара шықса деген жанашырлықтан туған ой еді.

Бүгін партада қазақ тілі мен әдебиетін оқып отырған жас өрен – ертеңгі елдің иесі. Сондықтан оның төрт құбыласының сай болуы күллі еліміздің болашағын жарқын етпек. Сол себепті оқулықтар мәселесінің оңынан шешілуіне барлық жақсылар болып ат салысайық.

Айзат РАҚЫШ,
ҚР Мәдениет саласының үздігі
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ, ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНДЕРІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖӨНДЕУ ЖОЛДАРЫ



(Басы 1-бетте)

Оқулықтар жедел түрде жаңарып отыруға тиіс. Дұрыс оқулықтың дұрыс үлгілері сақталып отырғаны жөн, әрине. Ал кемшілігі бар оқулықты үнемі түзетіп отырмаса болмайды. Осындай қиындықтарды шешудің жолын таппаққа бүгін бәріңіздің басыңызды қосып отырмыз. Жалпы, Қазақстанда Ұлттық мектептер, қазақ мектептері, өзбек мектептері, ұйғыр мектептері, орыс мектептері, сонымен бірге жекеменшік мектептер бар. Ал сол жекеменшік мектептерде Қазақ тілі мен Қазақ әдебиеті оқытылып жатыр ма? Ол – үлкен сұрақ! Тіпті қазақ мектептерінің өзінде қазақтың батырлар жыры оқытылмайды, қазақ ертегілері, қазақтың ақын-жырауларының жырлары оқытылмайды. Абай, Махамбет оқытылмайды. Бұл сұмдық қой.

Былай қарасаң, оқулықтың ішінде бәрі бар. Әлеуметтік мәселелер, ауыл шаруашылығына қатысты мәселелер, экономикалық мәселелер – барлығы қамтылған, бірақ әдебиет жок, әдебиеттің теориясы, әдебиеттің тарихы жок. Одан бөлек, орыс мектептерінде қазақ әдебиетінің тереңдетіп оқытылуы қалай жүргізіліп жатқаны тіпті белгісіз. Бірде-бір орыс баласы қазақтың сөзін, қазақ тұлғаларының кім екенін білмей шығады. Сонда не оқытып жатырмыз? Бюджеттің ақшасы қайда кетіп жатыр? Қашан сұраймыз осының бәрін?! Сұрайтын уақыт жетті және оны мына біз – жазушылар, мұғалімдер, оқулықтардың авторлары, баспагерлер сұрауымыз керек.

Бір қуанышты жағдайды айтып кетейін. Күні кеше ел Президенті халықаралық олимпиадаларда топ жарып, жүлделі орындарға ие болған 24 оқушыны қабылдады. 4 оқушы алтын медаль, 11 оқушы күміс медаль, 9 оқушы қола медаль иегері атанған. Барлығы дерлік математика, биология, информатика, тағы басқа пәндерден қатысып, ел мерейін үстем етіп келді. Әйтсе де, бұл тұста да Қазақ әдебиеті, Қазақ тілі тыс қалып жатыр. Әдебиеттің әңгімесі өз еліміздің ішінде ғана толғандырып жүр.

Мен ылғи айтамын, бұрынғы әкімге де бірнеше рет айтқанмын, Алматы қаласындағы мектептерге жазушыларды кіргізейік. Жазушылар мұғалімдермен қатар лекция оқысын, сабақ берсін. Соған арнайы бағдарлама қабылдау керек. Қаржы жан-жаққа шашылып жатыр, ал керек нәрсеге табылмай қалады. Бексұлтан ағамыз бастаған әр

жазушы өз ауданындағы мектептерге барып, қазақ әдебиетінің жай-күйі, қазақ әдебиетіндегі жаңалықтар, қазақ әдебиетіндегі проблемалар туралы ой тербеп, түсіндіріп отырса, қандай нәтижелі жұмыс істелер еді. Міне, бүгін сондай мәселелерді бүгін жан-жақты айтамыз. Осы тұста тағы бір айта кететін дүние, Алматыда орналасқан кітапханалардың ішінде жиырмасының аты жоқ екен. Сол 20 кітапханаға дүиенден өткен 20 жазушының атын берейік деген ұсыныс жасадық», – деп аталған саланың кемшін тұстарын кеңінен қозғап өтті.

Форумда кезекті сөзді алған жазушы, сыншы, драматург Айзат Рақыш «Қазақ тілі мен әдебиеті: оны мен терісі» тақырыбында баяндама жасап, 1 сыныптан 11 сыныпқа дейінгі оқулықтардың қатесін жеке-жеке талдап көрсетіп берді.

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың иегері Бексұлтан Нұржеке-ұлы, әдебиет сыншысы, ф.ғ.д. Бекен Ыбырайым, белгілі жазушы, ф.ғ.д. Нұрдуәлет Ақыш, Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры, филология ғылымының кандидаты Бижомарт Қапалбек, әдебиеттанушы-ғалым, ф.ғ.д., оқулық авторларының бірі Гүлжаһан Орда, филология ғылымдарының докторы, профессор, Абайтану және Қазақ әдебиеті оқулығы авторларының бірі Руда Зайкенова, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті қазақ тілі кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. Тыныштық Ермекова, Сүлеймен Демирел атындағы университеттің Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. Баян Керімбекова, Алматы қаласы №180 мектеп мұғалімі, педагог-сарапшы, «Zhahan online shool» шығармашылық орталығының жетекшісі Гүлжаһан Торыбаева, тағы басқа зиялы қауым өкілдері Қазақ тілі мен Қазақ әдебиеті пәндерінің бүгінгі жағдайы жайлы ойларын ортаға салып, шешімін табуға тиіс кілтпандарды нақтылады.

Сондай-ақ орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік т.с.с. ұлт мектептерінде Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті жеке-жеке пән ретінде оқытылуы қажеттігі, ұлттық мектептерге «Әлем әдебиеті» пәнін енгізу керектігі, баспаларға берілген оқулық шығарудың авторлық құқығы тек Оқу-ағарту министрлігінің күзіретінде болып, сараптамалық комиссия құрамына Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері

енгізілуіне тиістігі айтылып, 80-нен астам қатысушы тарапынан қолдауға ие болды.

Әдебиеттанушы-ғалым Гүлжаһан Орда: «Біз қазір мектеп оқулықтары жайлы айтып жатырмыз. Бізде оған дейін айтағын үлкен-үлкен мәселелер бар. Балаларды тәрбиелеу мектептен емес, мектепке дейінгі балабақшадан басталады. Бүгінде балабақшаларда арнайы сағат бөлініп, ағылшын тілі сабағы өткізіледі. Сол ағылшын тілін оқыған балалар не қазақша, не орысша, не ағылшынша сөйлей алмай, үш тілде араластырып сөйлеп жүр. Сондықтан балабақшаларда қазақ тілі сабағына бөлінетін сағат санын көбейту керек, ағылшын тілін мектептен бастаса да жетіп жатыр.

Екіншіден, балалардың тілін ана тілінде таза да қанық етіп шығару үшін қазақтілді анимацияларды көптеп түсіруге тиіспіз. Қазақша дұрыс сөйлей алмайтын бала мектеп табалдырығын аттағанда әліппені, ана тілін қалай игермек? Міне, сондықтан да бізде білім жүйесіне үлкен өзгерістер керек», – деп, тәртіптің балабақшадан басталуы керек екенін алға тартса, «Бұл жиынның өткізіліп отырғаны, қозғалып жатқан мәселе өте өзекті. Өйткені мектептегі ең негізгі пәндер – қазақ тілі мен әдебиеті. Бірі ұлтты қалыптастырады, бірі дұрыс сөйлеу мен сауатты жазуды үйретеді. Осы пәндердің бағдарламасына айтарлықтай өзгерістер керек. Жаңа бағдарлама ақпан айында бекітіледі екен. Мектеп бағдарламасында қандай шығармалар, кімдер оқытылуы керек екенін Қазақстан Жазушылар одағы анықтап берсе, өте дұрыс болар еді», – деп қазақ әдебиеті мен қазақ тілі бағдарламасының құрылуына қазақ қаламгерлерінің де жауапкершілігін үстеу турасындағы ойын жеткізді. Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың иегері Бексұлтан Нұржеке-ұлының Ахмет Байтұрсынұлы мен Халел Досмұхамедов негізін салған емле жобасына қайта көшу қажеттігін баса айтқаны да көптің көкейінде қалды.

Жиында айтылған сын-пікірлер мен ұсыныстар нәтижесінде «Қазақ әдебиеті, қазақ тілі оқулықтары мен бағдарламаларындағы елеулі кемшіліктер және оларды шешу жолдары» форумының қарары қабылданды. Сондай-ақ барлық тұжырымдар тиісті орындарға жеткізілуі керек екені басты назарда болмақ.

«Қазақ әдебиеті, қазақ тілі оқулықтары мен бағдарламаларындағы елеулі кемшіліктер және оларды шешу жолдары» форумының

ҚАРАРЫ

«Озық ойлы ұрпақ өсіру үшін білім мен тәрбие қатар жүруі керек. Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келді. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айырықша назар аудару өте маңызды», – деген болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында.

Қолданыстағы қазақ әдебиеті, қазақ тілі оқулықтары мен бағдарламалары туралы қоғамда сыни пікірлер көп айтылады. Әсіресе көпшілік қауым, оның ішінде ата-аналар, зиялы жұрт түсініспеушілік тудырған мәселелер төңірегінде айтып та, жазып та келеді. Дегенмен өткір сын мен тиімді ұсыныстар аяқсыз қалғаны жазушыларды да алаңдатып отыр. Осындай түйткілді тақырып төңірегінде Қазақстан Жазушылар одағы арнайы форум өткізді.

Форумға Қазақстан Жазушылар одағының хатшылары, белгілі ақын-жазушылар, әдебиеттанушы, тіл ғалымдары, оқытушылар, оқулық авторлары, оқулық редакторлары, ведомства және БАҚ өкілдері қатысты.

Форумға қатысушылар біздің бүгінгі ұрпақты қалай тәрбиелеп, қалай оқытып жатқанымыз, білім деңгейі, оқулық сапасы, оқу бағдарламасы, жалпы жүйе туралы ұсыныс-пікірлерін, ой-орамдарын ортаға салып, кемшіліктер мен артықшылықтарды салыстырды, мәселені шешудің оңтайлы жолын көрсетті.

Алқалы жиынға қатысушылар төмендегідей нақты ұсыныстарды тілге тиек етіп, осы қарарды қабылдады:

Бірінші, қазақ әдебиеті оқулықтары арқылы таныстырылып жүрген Абай мұрасы дара пән дәрежесіне көшсін. Бүгінгі таңда «Абайтану» тек қосымша пән (факультатив) есебінде ғана оқытылады, сондықтан ол жалпыға бірдей оқуға міндетті жеке пәнне айналсын;

Екінші, оқулық авторлары әрбір сыныпта дерлік шетел әдебиетінен бір қаламгердің туындысын ұсынып жүр. Бұл әлем әдебиетіне қол созған қазақ баласын қанағаттандырмайды. Сол үшін ұлттық мектептерге «Әлем әдебиеті» пәнін енгізу керек;

Үшінші, ұлт мектептерінде (орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік) Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің сағаты бұрынғыдай бөлініп, қазақ тілі жеке пән ретінде, қазақ әдебиеті дербес пән сапасында оқытылсын;

Төртінші, Қазақ тілі пәні оқулықтарына саяси сипаттан алыстатып, ел саясаты мен әлемдік саяси ахуалдарды кірістіретін теорияны тереңдетіп оқытқан жөн;

Бесінші, ұлт сыныптарында да, қазақ мектептерінде де қазақ тілінің теориясы жіті назарға алынып, қазақ тілі оқулықтарына ғылыми бірзділікке түскен тілдің теориясы қайтарылып берілсін;

Алтыншы, баспаларға берілген оқулық шығарудың авторлық құқығы тек Оқу-ағарту министрлігінің күзіретінде болып, сараптамалық комиссия құрамына Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері енгізілсін;

Жетінші, оқулық жазуда ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отандық мәдениет пен әдебиетті насихаттау басты талап болып бекітілсін;

Сегізінші, жалпы оқулыққа енетін көркем әдебиеттерді Қазақстан Жазушылар одағы бекітіп беретін болсын;

Тоғызыншы, Ахмет Байтұрсынұлы мен Халел Досмұхамедов негізін салған емле жобасы көпшіліктің талқысына салынсын;

Он үшінші, мектептерде қазақ тіліндегі әдеби басылымдарды жаздырып алу бір жүйеге келтірілсін. Барлық мектеп кітапханаларында қазақ тіліндегі әдеби басылымдардың болуы қамтамасыз етілсін;

Он бірінші, қолданыстағы мектеп бағдарламаларына түзетулер мен толықтырулар енгізіліп, жанадан жасақталып, қоғамдық талқылауға ұсынылсын.

Аталмыш қарар Қазақстан Жазушылар одағының мерзімді басылымдарында, әлеуметтік желілерінде жарияланып, Үкіметтің, білім саласындағы мекемелер мен ұйымдардың назарына ұсынылсын.

Алматы,
15 тамыз, 2025 жыл

Түркі дүниесінің қайта түлеуі

2025 жыл тамыздың 10-ы күні Қазақстанның Семей қаласында біз жай бір ақынды еске алған жоқпыз, тәрбие мен ақыл-ойдың сәулетшісі, түркі дүниесінің ар-ожданы — Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толғанын айрықша атап өттік. Оның тарихтың тереңнен тамыр тартқан насихатқа толы үнін ақынның өз атажұртында тыңдадық. Абай — өзінің поэзиясымен тілімізге нәр берген, «қара сөздерімен» санамызға жарық шашқан, өмірлік ұстанымы арқылы ортақ болашағымызға үн қатқан данышпан. Бұл үндеу тек әдебиетке ғана емес, өркениет пен рухани жаңғыруға үндеу.

Абайдағы — Тіл, Адалдық, Ғылым

Абайдың ойлау әлемі осы үш негізге сүйенеді:

Біріншісі — тіл мен аударма саласы: Абай — өз дәуіріндегі әлем әдебиетімен еркін тілдесе алған «аудармашы-ақын». Ол тілді жай ғана оиды жеткізу құралы емес, мінез-құлықты қалыптастырудың негізі санаған. Бұл көзқарас — бүгінгі таңда қазақ, түрік және басқа да түркі тілдері арасында ыңғайлы, шығармашылыққа толы ортақ тіл кеңістігін құруға болатынын көрсетеді. Осы негізде, бүгінде жақсы деңгейге көтерілген түркі мемлекеттері арасындағы ортақ тіл алаңын одан әрі нығайтуға болады.

Екіншісі — адамгершілік пен тұлғалық даралық: «Қара сөздерінде» еңбек, адалдық, ұстамдылық, мейірім мен батырлық секілді жеке тұлға мен қоғамды алға жетелейтін негізгі құндылықтар қайталап айтылады. Абай адамгершілік тілінің саясаттан биік тұруы әбден мүмкін екенін көрсетеді.

Үшіншісі — ғылым мен жаңғыру: Абайдың «білімге сусап



Мұса Қазым АРЖАН,
Анкара университетінің ректоры, Түркия
Жазушылар одағының төрағасы

тұрған» адам бейнесі — дәстүрден бас тартпай, қайта оны заманауи мазмұнмен байытып, жаңғырту идеясы. Сондықтан Абай — Шығыс пен Батыс арасындағы қарама-қайшылықтан биік тұратын «үшінші жолдың» өкілі.

Абайдың бүгінгі құндылығы

Бүгінгі жаһандық деңгейде біз үш негізгі дағдарысқа тап болып отырмыз: мағына дағдарысы, еңбек пен адамгершілік дағдарысы және білім мен экономика дағдарысы.

Мағына дағдарысы — бұл ақиқатты тұтынған жылдамдық дәуірінің дағдарысы; Абайдың сабырға, ойлануға шақыруы осы бос орынды толтыра алады.

Еңбек пен адамгершілік дағдарысы — көзге көрінетін нәрсе ғана құнды, ал көрінбейтін нәрсе құнсыз саналатын көзбояушылық дәуірі; Абайдың еңбекті дәріптейтін өлеңдері бұл түсінікті түбегейлі өзгерте алады.

Білім мен экономика дағдарысы — технологияның құрал емес, мақсатқа айналу қаупі; Абайдың «адамды жетілдіретін білім» деген ұстанымы осы жерде темірқазықтай тура жол көрсетеді.

Абай және түркі дүниесінің ортақ жадисы мен ортақ болашағы

Абай мұрасы бізді нақты үш нақты мақсатқа бағыттайды.

Ортақ жадисы жаңарту: Абай — Ясауи дәстүрі мен қазіргі заман поэзиясының тоғысында тұр; бұл тоғысудан түркі дүниесінің ортақ жадисы құралады.

Ортақ құндылықтарды институционализациялау: Абай этикасындағы адамгершілік, лайықтылық, мейірім мен кеңес мәдениеті қоғамдық сана мен білім

философиясының негізіне айналуы мүмкін.

Ортақ өндірісті әртараптандыру: Әдебиет, философия, әлеуметтік ғылымдар және цифрлық гуманитарлық ғылымдар салаларында Абайдан шабыт алып тың еңбектер жасауға болады.

Осы тұрғыда, ТҮРКСОЙ-дың қамқорлығымен, Түркі дүниесі Жазушылары одағы және Қазақстандағы әріптестерімізбен бірлесіп, институционализациялауға және тұрақты сипат қалыптастыруға болатын нақты іс-шаралар жоспарын жасауға болады.

Абайдан бастау алатын жол әдеби

Абайды мұқият оқығанда, ол бізге үш негізгі ұстанымды үйрететінін көреміз:

Сабырмен терендеу: Жылдамдық дәуірінде терендік — батылдықтың белгісі.

Еңбекті ұлықтау: Жалқаулық — бір мәдениет, еңбеккерлік — екінші мәдениет; таңдау ұлттың тағдырын анықтайды.

Мейірімділікті институционаландыру: Ізгілік жеке қасиет болумен ғана шеуелмей, қоғамдық тілге айналса, бейбітшілік саясатына жол ашық.

Осы тұрғыдан алғанда, Мехмет Акифтің үндеуі Абайдың үндеуімен үндеседі. Бұл бағытта салыстырмалы зерттеу жүргізу пайдалы болмақ.

Сөз соңы

Қазақстанның Семей қаласындағы Бейбітшілік аралында құрылған этноауыл өткен мен болашақты бір кеңістікте тоғыстырса, Абайдың тілі бізді бір мақсатқа біріктіре алады.

Абайдың 180 жылдығына орай Семейден Анкараға, Алматыдан Ыстанбұлға дейін бүкіл Түркі әлемінің астаналарына «ізгілік, еңбек, лайықтылық, адамгершілік және ғылым жолын» тартуға болады. Егер біз мұны жүзеге асыра алсақ, Абайды еске алып қана қоймай, Абаймен бірге қайта түлеп, жаңа бастамаға қадам басамыз. Абай арқылы бүкіл әлем мен адамзатқа жаңа өркениет үлгісін ұсына аламыз.

Орталық Азия Халықаралық институты (ОАХИ) және Өзбекстандағы Қазақстан Республикасының елшілігі ұйымдастыруымен Ташкент қаласында «Орталық Азия халықтарының мәдени жақындасуын нығайтудағы Абай Құнанбайұлының рухани мұрасының ролі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

ТАШКЕНТТЕ ҰЛЫ АБАЙДЫҢ 180 ЖЫЛДЫҒЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңдері мен қара сөздері туған халқының ғана емес, тұтас түркі әлемінің, дүниежүзі халықтары әдебиетінің жауһар туындыларының қатарына қосылуға лайық екендігі уақыт сынынан өте дәлелденуде. Абай өзінің 14 жасында жазған өлеңінде Шығыстың ұлы шайырлары Физули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдоуси, Қожа Хафиз есімдерін ерекше атағанын білеміз. Гетенің, Лермонтовтың, Пушкиннің, Крыловтың, Буниннің өлеңдерін қазақша сөйлетті. Батыс Еуропа әдебиеті мен философиясын жақсы білді. Мұхтар Әуезов Абайдың Науаиды өзіне ұстаз тұтқанына назар аударған болатын. «Абайдың Батысынан Шығысы басым» деген сөзді де айтқан сол ғұлама.

Конференцияда Орталық Азия Халықаралық институтының директоры Жавлон Вахабов, Өзбекстандағы Қазақстан Республикасының елшісі Бейбіт Атамқұлов, Өзбекстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Минхожиддин Хожиматов, Өзбекстан Республикасы мәдениет министрінің бірінші орынбасары Авазхон Таджиханов және Қазақстанның құрметті жазушысы, Жазушылар одағы поэзия кеңесінің төрағасы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Әділғазы Қайырбеков құттықтау сөз сөйледі. Конференция екі секцияда жұмыс істеді. Абайтануға өз үлестерін қосып жүрген Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Қарақалпақстан ғалымдарымен қатар, Қазақстаннан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Абайтану орталығының бас ғылыми



қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақұлы, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Төрәлі Қыдыр, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Шыршық қаласындағы филиалының ректоры, академик Дария Қожамжарова баяндама жасады.

Абайдың өлеңдер жинағы өзбек тілінде алғаш рет 1945 жылы жарық көрген екен. Одан соң 1961, 1970, 1995 жылдары шыққан. Қазақтың ұлы ақынын өзбек тіліне аударғандар қатарында Ұйғын, Міртемір, Мақсұт Шайхзаде, Жұманияз Жаббаров, Асхад Мұхтар, Мұхаммед Әлі т.б. ақындар аталады. Абайдың «Қара сөздерін» өзбек тіліне Нәсір Фазылов, Қазақбай Юлдошов аударған.

Конференцияға қатысушылар үшін Абайдың өзбек және қазақ тілдерінде шыққан кітаптарының көрмесі де ұйымдастырылған екен.

Абай — адамзатқа ортақ тұлға. Өзбек бауырларымыздың қазақтың ұлы ақынына көрсеткен құрметі мен ілтипаты бірліктің, ынтымақтың, туыстықтың тамыры тереңде жатқанына дәлел.

Өз тілімізден

Қаламгерге көрсетілген құрмет



Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Орал қаласы мен Тасқала ауданының Құрметті азаматы, ақын Айтқали Нәріковтің мерейлі 85 жасқа толуына орай, Батыс Қазақстан облысында атаулы іс-шаралар өтті.

Атап айтқанда, қаламгердің туып-өскен Оян ауылында облыс мектеп оқушылары қатысқан Айтқали Нәріков оқулары қорытындыланып, үздіктер марапатталды. Орта мектепте ақын Айтқали Нәріков атындағы қазақ тілі мен әдебиеті сыныбы ашылды. Мектеп музейі жанынан ақын шығармашылығына арналған зал жасакталды. Аудан орталығындағы Мәдениет үйінде «Жылдар жаңғырығы» деп аталған шығармашылық кеш өтті. Аудан әкімі Талғат Шәкіров дәстүрімізге сай ақынның иығына шапан жауып,

ат мінгізді. Туған жерден басталған іс-шаралар шоғыры Орал қаласында жалғасты. Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы, Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы, Қадыр Мырза Әлі атындағы мәдениет және өнер орталығында

ақын оқырмандармен жүздесті.

Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев ақын Айтқали Нәріковті арнайы қабылдап, лайықты сый-сияпат көрсетті.

Орал қаласындағы облыстық халық шығармашылығы орталығындағы «Қаламгер ғұмыр» шығар-

машылық кешіне халық өте көп жиналды. Жергілікті өнер ошақтарында қызмет істейтін тарлан таланттар ақын өлеңдерін өзек ете отырып, театрландырылған қойылыммен көпшілікті риза етті. Кеш барысында Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, көрнекті ақын Ғалым Қалибек мерейтой иесін құттықтап, «Қазақстанның құрметті жазушысы» атағының куәлігі мен төсбелгісін табыс етті. Айтқали ақынды Ақтөбе, Маңғыстау облыстарынан арнайы келген қаламдас інілері Бауыржан Құрманқұлов пен Ғалым Әріпов құттықтап, сый-сияпат табыстады. Облыс әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев жиналған жұртшылық алдында ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хатын оқыды. Ақын құрметіне орай ұйымдастырылған іс-шаралар жұртшылық тарапынан өңір өміріндегі елеулі оқиға ретінде бағаланды.

Мәрлен ФИЛЫМХАН,
Батыс Қазақстан облысы

Алматы қаласының Орталық мешітінде осындай атаумен зиялы қауым өкілдерінің пікіралмасу жиыны өтті. Жиынның өтуіне Қазақстан Жазушылар одағы және Алматы Орталық мешіті мұрындық болды. Шараға қаламгерлер, қала әкімдігінің өкілдері, имамдар, ҚМДБ және БАҚ өкілдері, сонымен қатар өзге де азаматтар қатысты. Жиынды исламтанушы ғалым ҚМДБ жанындағы Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры Төрәлі Қыдыр жүргізіп отырды. Зиялы қауым өкілдері ҚМДБ бекіткен «Құдайы ас беруде ысырапқа жол бермеу» құжатына қатысты пікірлерін білдіріп, Қазақстан Жазушылар одағы мен мүфтият бастамаларын қолдайтындарын жеткізді.

Мереке КҰЛКЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағы
Басқармасының төрағасы:

— Бұл өзі көптен қазақтың аузында, ойында жүрген, шешімін күткен шаруа еді. Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасы үлкен әрі жан-жақты жұмыстарды жүзеге асырып жатыр. Діни басқарманың көтерген мәселелеріне, айтқан ұсыныстарына жалпы, мұсылман баласы толық құлақ асып, илігіп отырған жоқ. Неге олай? Өйткені түрлі ағымдардың ел



«Ас беру мәдениеті: САЛТ САБАҚТАСТЫҒЫ, ҰРПАҚ ҰЛАҒАТЫ»



арасына килігіп кеткені халықтың Діни басқармасына, бас мүфтиятқа, дұрыс жолдағы мүфтилерімізге мойынсұнуына кедергі келтірді.

Алматы — тарихын тереңге жайған қала. Мұнда интеллигенциямыз, зиялы қауымымыз көптеп шоғырланған. Мәдениетіміздің бастауы да осы қалада. Діни ахуалға келгенде де, қаламызда мәселелер жеткілікті. Соның ішінде, дүниеден өткен жандарды шығарып салуда қоғамда өзара бәсеке қалыптасып кеткен. «Мұсылмандыққа бас ұрған адамның дүниеден өткеннен кейінгі шығатын жері мешіт болуы керек» деген дұрыс қағида бар. Өз басым осы ойға тоқтап, осы пікірді қолдаймын. Астана қаласында бұл дәстүр жақсы жолға қойылған. Мәселен, қазақтың көрнекті жазушысы Әкім Тарази өмірден өткенде, халық қаламгерімізді бас мешіттен шығарып салды. Бүкіл діни рәсім де сол жерде жасалды, қоштасу сөздері де мешітте айтылды. Міне, осы қалыптасқан үрдісті Алматыға да алып келу керек деп есептеймін. Шаһардың бас мешіті орталықтан алыс орналасқан болса да, марқұмдарды соңғы сапарына шығарып салуға ыңғайлы орын деп есептейміз.

Бұдан өзге, дүниеден өткен марқұмның қонақасын, садақасын беру, жер алу кезінде де қиындықтар кездеседі. Бұл дүниеден өткен жанның отбасының ғана емес, бүкіл Алматы қаласы әкімдігінің де қиындығы болып саналады. Сондықтан осы күрделі дүниелердің ортақ шешімін тауып, үгіт-насихат жұмыстарын жақсылап жүргізуіміз керек. Осы тұрғыдан келгенде, бүгінгі пікіралмасу, талқылау дер уақытында ұйымдастырылып отыр.

Басқа мәселелерді былай қойғанда, ас, қонақасы өткізіліп жатқан мейрамханалардың алдында қайыр-садақа сұрап тұратын адамдар бар. Менің ойымша, дастарқаннан қалған тағамдарды сырттағы жандарға үлестіріп беру мәселесін де қарастыру керек шығар деп ойлаймын. Айналып келгенде, мұның бәрі мұсылмандығымызға сын. Дүниеден өткен жандардың бір-бірінен айырмашылығы жоқ қой. Айырмашылығы болса, білімімен, парасатымен, жасаған игі істерімен, халық алдындағы беделімен ерекшеленуі мүмкін. Түрлі қым-қуыт жағдайлар өтіп жатқан кезінде рәсімдерді біркелкі тәртіпке келтіру біздің де ортақ шаруамыз.

Нұрбек ЕСМАҒАНБЕТ,



Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының «Дін мен дәстүр» бөлімінің басшысы:

— Ата-бабаларымыз: «Ас — адамның арқауы» деп бекер айтпаған. Дастарқан — таза көңілдің айнасы, бірліктің, татулық пен сыйластықтың символы. Әр ас — ниеттің көрінісі, әр ас — жүректен шыққан ықыластың белгісі. Бүгін біз дәстүр мен діннің тоғысқан тағылымды «Ас беру мәдениеті: салт сабақтастығы, ұрпақ ұлағаты» атты алқалы жиында бас қосып отырмыз. Бұл жай ғана әдет жайлы сөз емес. Бұл — халқымыздың рухани болмысы мен имандылық құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа аманат ету жолындағы маңызды кадам.

Өздеріңізге мәлім биыл 14-мамырда Астана қаласында Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының төрағасы Бас мүфти Наурызбай қажының бастамасымен «Қазақ даласындағы дәстүрлі ислам құндылықтары» атты VI рес-

публикалық имамдардың форумы өткен болатын.

Онда еліміздің әр түрлісінен жиналған дін және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, Ғұламалар кеңесі мүшелері мен облыс имамдары ұлттық бірлігімізді сақтап, діни тұрақтылығымызды нығайту жолында бірлесіп жұмыс істеу қажеттігін ортаға салды.

Сол жиында қабылданған маңызды құжаттардың бірі — «Құдайы аста ысырапқа жол бермеу ережесі». Бұл құжат — шариғатта салт-дәстүрдің үйлесімділігін сақтап, қарапайымдылықты дәріптеу,

және салт-дәстүрімізге сай шығарып салу тәртібін бекітуді ұсынамын. Бұл жерлеу рәсімдерін бірізділікке салар еді.



Кәдірбек СЕГІЗБАЙ,
жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері:

— Мұсылмандық — бұл, біздің рухани болмысымыз. Ол салт-дәстүрмен, біздің тарихи санамызбен сабақтасуы қажет, бұған қоса шариғат жолын да ұмытпауымыз қажет. Мен бұған дейін де еліміздің ақпарат құралдарында ас беру мәдениетін бір жолға қою жөнінде бірнеше мәрте мақалалар жазған едім. Рас, Діни басқарма біраз қозғалыс жасап, осы төңіректе бірқатар шаралар атқарып жатыр. Дегенмен халықтың садақаны той секілді өткізетін даракылығына бұл тоқтау сала алмайды. Менің ойымша, дүниеден өткен адамның басын қарайтуды да тәртіпке келтіру қа-

орынсыз ысырап пен бәсекенің алдын алу жолындағы нақты бағдарлама.

Мереке ағамыз айтып өткендей, шынында да, дастарқанда отырған кезде той мен астың арасын ажырату кей кезде қиын болып жатады. Дастарқанға қойылған дүниені көрген кезде, шынында, дәмге қолымыз тимей, сол жерде тек қана көзіміз тойып қайтатынымыз рас. Ал осының алдын алу мақсатында Діни басқарма тарапынан ережеде жеті түрлі тағам ұсынылды. Біздің дастарқанымызды, ұлттық құндылығымызды, ұлттық болмысымызды насихаттайтын осы жеті түрлі тағаммен-ақ атқаруға болатыны осы құжатта көрсетілді.

Ал енді қазақ халқының ғасырлар бойы жалғасқан ас беру дәстүрі: марқұмның жетісі, қыркы, жылына Құран бағыштап, дұға ету үшін жасалған ізгі амал екенін түсінгеніміз дұрыс. Ол — исламнан нәр алып, халқымыздың салт-санасына сінген дәстүрлі рәсім. Алайда Мереке ағамыз айтып өткендей, кейбір өңірлерде бұл дәстүрлердің орындалуына ысырап пен орынсыз бәсекенің өріс беруі кедергі келтіріп отыр.

Төлеби ОСПАН,




Алматы Орталық мешітінің бас имамы:

— Адам баласы тірі күнінде ардақты болғанындай қайтыс болғаннан кейін де сый-құрметін жоғалтпайды. Сондықтан марқұмды құрметтеп, лайықты түрде шығарып салу — артында қалғандарға аманат. Өкінішке қарай, осы рәсімді қоғамда әртүрлі негізсіз дүниелердің араласуымен атқарып жүргеніне куә болудамыз. Сол үшін марқұмды ақтық сапарға ҚМДБ қабылдаған құжат негізінде, шариғатқа

жет. Осындай үлкен мәселелер тек Алматы қаласында ғана емес, барлық өңірлерде бар. Сондықтан мұны бір жүйеге келтіру үшін ортақ заң не өзге шешімдер қабылдау керек шығар.

Смағұл ЕЛУБАЙ,



Қазақстанның халық жазушысы:

— Қазақстан Мұсылмандар Діни басқармасының осы бастамасы бізді толқытып отыр. Өйткені шынында да, бір үйдің басына түсетін ауыртпашылық, кеңінен қарайтын болсақ, әр үйдің басына түсуі мүмкін ауыртпашылық қой. Мәңгілік адам жоқ. Жұртшылықтың дүниеден өткен жанды ақтық сапарға жөнелту барысында қаншалықты қиындық көретінін, марқұмды жөнелтіп болғаннан кейін қарыздарды төлеумен де мәселеге тап болатынын көзіміз көріп жүр. Ал аруақ осыны қалай ма? Артында қалған ұрпағының, туғандарының банктен қарыз алып, оны төлей алмай сарсаңға түскенін аруақ қалай ма? Құдай қалай ма? Дініміз қалай ма? Әлбетте, қаламайды, ағайындар! Ондай жоралғыларды біз өзіміз шығарып алдық. Бәсекелестік деген әбден әуреге салып болды. Бұл — дінсіздіктің сипаты. Мінекей, осы тауқыметті тоқтатуды, кешігіп болса да, қолға алып жатқандарыңызға рақмет. Халыққа ортақ ыңғайлы, хақтың сүннеті болатын рәсім еңсе, тұтас қазақ, бүкіл мұсылман алғысын айтар еді. Советтік заманнан қалған орынсыз бәсекелестіктің тамырына балта шаба бастаймыз, ағайын. Өзі жақынынан айырылып қиналып жатқан жандардың тағы да қарызға батып, банктен қалтасын қағуына жол бермеу халыққа үлкен қамқорлық болмақ.

Қытайдағы қазақтардың талантты тұлғаларының бірі Зейнолла Сәнікті өзін көрмей тұрып, сыртынан ертерек білген едім. Өйткені ұлтымыздың аса талантты ақын қызы Шәмшабану Хамзақызының әкесі Хамза менің әкем Жаппаспен жақын сырлас болған. Семей өңірінің Ақсуат ауданы «Ақсуат» қой кеңшарының 4-бөлімшесінде екеуі де шабан еді. Жазда жайлауда қойлары қоралас, өрістері аралас, екі кезең астында бірінің үйінен бірі дәм татысып жүретін. Бірде күрең шайды сораптай ұрттасып, алты айырықтан терлерін ағыза отырып, мақтанға бой алдырғандары бар.

— Әй, Жәке, менің қызым Шәмшабанудың дара дарынды ақын екенін білесің. Сол қызым өзіне сай талантты да ғалым, жазушы Зейнолла деген азаматпен жұптасқанын естіген едің ғой.

— Шәмшабанудың өлеңдерін оқығанмын. Қайсыбір тілектестерінің жатқа айтып жүргендерін құлағыммен тыңдағанмын. Ал Зейнолланың атын естігенім болмаса, өзін көрген жоқпын.

— Иә, тағдыр дәмі оларды Тарбағатай тауының күнгейінде қалдырып, бізді теріскейдегі өз Отанымызға суішерлікке жөнелтті. Жастар оқу қуамыз деп ішкеріге кетті. Біз мал бағып, шөп шауып жүріп, Босудың соққан дауылындай екі-үш-ақ күннің ішінде тау асып кететінімізді білдік пе!

— «Адамның басы — Құдайдың добы» деген...

— Сен кемпірің Ажар екеуің арғы беттен хат күтіп, көздерін жасаурайды да жүреді. Ондағыларың кімдер еді?

— Сенің қызына да, күйеубалаң Зейнолла Сәнікке де дәріс оқып, ұстаздық жасайтын Ахметбек те, келінім Күлбаран да менің балаларым ғой.

— Бәсе, екеумізді бір мұң жақындастыра береді.

— Сырымыз да, жырымыз да ортақ қой.

Осы әңгімеден кейін мен Зейнолла Мүбәрақұлын аға тұтып кеттім. Біртіндеп Зекеңнің шығармаларымен таныса бастадым. Жазушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф ғалым екенін ажыратуға өрем жетті. Қазақстан жазаттыққа қол жеткізгеннен кейінгі жылдарғы келіс, барыста кездесудің де сәті түсті. Мені ағаймен Қабдеш Жүмәділов, Қажытай Илісұлы жақындастарды. Өз елімізде шыққан фольклорлық зерттеулер кітабының жарық көруіне септестім-ау деймін. Ол кездегі баспа істері жөніндегі Мемлекеттік Комитетінің бас редакторы Нұрғазы Шакеевпен таныстырғандардың бірі болғаным рас еді. Кітапқа қосарлы бір автор араласып, жайсыз әңгімесымақтар тұтанып барып, өшті-ау.

Менің ағайым Ахметбек Кіршібай арнайы шақыртумен келіп, Қазақ Мемлекеттік университетінде дәріс оқи жүріп, Қазақстан Жазушылар одағына өтуге өтініш жасаған. Кепілдеме бергендер қазақ әдебиетін зерттеудің ұлы тұлғалары Зейнолла Қабдолов, Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішевтер еді. Сол құжаттар бірде жоғалып кетіп, бірде мүшелікке қабылдау комиссиясы кезінде ескерілмей қалып, он бес жылдай жатты. Тағы бір қабылдау жиынында Зейнолла Сәнік ағай екеуінің құжаттары қалтарыста қалып қойғанын айтып, Жазушылар одағының сол тұстағы басшысы Нұрлан Оразалинге өтініш жасадым. Нұрлан Мырқасымұлы екі қаламгердің де Бейжің және Үрімжі Жазушылар одақтарының мүшелері екенін тіліне тиек ете отырып, Қазақстан Жазушылар одағына кезектен тыс қабылдаты.

Осылай Зейнолла Мүбәрақұлының қаламынан туындаған шығармалармен етене қауышуға жол ашылған еді. Төлтумаларының бас дінгегі — Қабанбайды тұғырына қондырған «Қаракерей Қабанбай», «Хас батыр Қабанбай» еңбектері жұрт жүрегіне жол тапса, «Тұғырыл хан», «Демежан батыр», «Басбай» атты тарихи тұлғаларды зерделей дәріптеген туындылары деректілігімен, дәйектілігімен баурайды. Осы шығармалар төңірегінде сөз қозғаған көрнекті жазушы, танымал ғалым Тұрсын Жұртбай өз зерттеуінде: «...бүкіл халықтың санасын тарихи ойлау жүйесіне қарай бұрып және оны нақтыландыру бағытында жаңа тыныс әкелген, шағын болса да шағымды шығармасының бірі — Зейнолла Сәніктің Абылай, Қаракерей Қабанбай және т.б. тарихи тұлғалар жайлы еңбектері. Сол шығармалардың нәтижесінде, біздің жалпы қауым Қабанбайдың туғанына 300 жылдықты тойлау туралы халықтық қозғалыс бастады. Егер де 1989—1990 жылдары Зейнолла Сәніктің тарихи



Ұлттың Ұлылығын лықтаған...

шығармалары жарық көрмесе, 1991 жылы бұл мәселені жолға қойып, оны орындап болғанша біраз уақыт кетер еді», — деп ағынан ақтарылады. Зерттеуші зерделеші тұлғаның еңбегін тереңдей, түкпір-түкпіріне үңіле тану — осылай айғақталса керек.

2005 жылы өз Отанында жарық көрген З.Сәніктің кітаптарының таныстырылымы барысында халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Бексұлтан Нұржәкеев бастаған ақын-жазушылар ән-жырмен көмкерілген ыстық ықыластарын төкпелеп, мерейтой иесін арқаландырып тастағаны әлі есімізде. Сөз тиегін ағытқан көсем ойлы, шешен тілді асқақ дарын иесі Бексұлтан Нұржәкеев: «...бұл күнде әлем әдебиетінде деректі әдебиеттің құны артып барады. Ал Зейнолла Сәнік тарихи шығармаларында дерек көздерін егжей-тегжейлі жазатын стилімен, өзіне тәнті ететін дерек көздерінің құндылығымен ерекшеленетін еңбектер жазды. Мен ол кісіні осы жағынан сыйлаймын», — деп туындыгердің тынысын кеңейте саралап, қаламгер Зейнолланың табысты, тағылымды тұстарын жеріне жеткізе бағалаған еді. Міне, бұл — әріптесіне деген шынайы ыстық ықылас лебі. «Ақылы терең адамның аясы кең келеді, тамыры терең шынардың саясы кең келеді» дегенді осындайда айтқан-ау.

Зекең шығармашылық уақытының алғашқы бастамаларын ауыз әдебиетін жана, соны көзқараста барлауға басымдық бергенін жасырмайды. «Жазба әдебиеті тапшы бір халық үшін айтқанда оның тарлан тарихының сұлбасына терең үңіліп, жай сүрдектен жан сүйінтерліктей із тауып, оған қан-сөл беріп, қайта қаз тұрғызу шынында да қиын іс қой. Осы салада менің де азды-көпті ізденгенім бар. Өзім ауыз әдебиетін зерттеуге ойыстым. Алдыңғы қатарда Қытай ауыз әдебиеті қоғамының мүшелігіне өттім. «Бейнет түбі — зейнет» деген осы екен, ертегі мені ел құрметіне бөледі...

О, дүние-ай! Бір кезде басыма таяқ болып тиген ертегі енді бақ болып қонды», — дей келіп, солақай саясаттың кесірінен тартқан азабын да өткен күннен «тағлым» ретінде көз алдына елестетіп

отырады.

Зейнолла Мүбәрақұлы — «Басбай» романын жазуға да көзсіз жүректілікпен барған жазушы. Өмір сүріп отырған мемлекетіндегі қылышынан қан сорғалаған Коммунистік идеология байлар мен байшыларды еш уақытта жақтаған емес. Бірақ өмір тәжірибесі мол қаламгер Басбайдың халықшылдық жағын мол қамтиды. «Сұңқар жемін шашып жейді...» демекші, жарлы-жақыбайларға жасаған қамқорлығын, тіпті қоғамдық өмірге тікелей араласып, малын сатып, өзенге көпір салдырғанын көлденең тартады. Апта бойы соғып, малдың да, жанның да мазасын алатын Ебінің желін тоқтама деген күштерге жүз өгіз атағаны да халыққа аңыз болып тараған. Талғампаз сөз зергері Басекеннің дінге беріктігін де сыналап шығармасына сіңірген. Оның бір сөзді, тік мінезді, «айттым — бітті, кестім — үзілді» әрекеттерін де кісілік тұрғыдан айшықтайды. Күндердің күнінде дін жолын ұстанғандар алдарына үйіп-төккен дастарқан басында әңгімедүкен құрып отырғанда, отағасы өз бойында бар мінін жайып салады. Кеңірдектей кекірік атып отырған имандылар: «Жок, Басбай, сіздей құшыр-зекеті ұшан-теңіз Құдайдың құлын Алла өзі кешіреді. Мәңгілік тұрағыңыз — бейіш», — дегенде, Құдіретті күш иесіне деген адалдықтан аттамайтын Сармолла: «Ей, молдалар, Басбайдың дастарқанына бола, Құдайдың түзу жолын қисайтқанымыз болмас. Басбайдың әлгі айтқандары күнәға жатады. Оның о дүниедегі орны бейіш емес, тозақтың лайлұқ деген шұңқыры», — деп сұқ саусағымен жерді нұсқай көрсетеді. Ішіп-жегенге мастанып, адалдықтан аттап кетпегені үшін өзі де әділет жолын ұстанған Басекен Сармоллаға сол жерде ат мінгізіп, шапан жабады. Бұл, алдымен, аққа жақ болудың үлгісі болса, екіншіден, қанша мыңғырған бай болса да құдайшылығының шынайы көрінісі еді. Жазушы шеберлігі деп осындай ұтымды эпизод, детальдарды ойнатуын айтсақ керек.


Зейнолла ағаның философиялық толғамдары да назар аудартап қоймайды. Оның ұлттық мұраларға еркін бой-

лағандығы сондай — әр ұлтқа тән төрт-тағанды даралай түйіндеуі. «Әр халықтың ұлт болып сақталып тұруы үшін төрт түрлі шарт керек тәрізді. Біріншіден, сол халықтың үні, яғни ән-жыр, музыкалық мәдениеті, екіншіден, тілі өзіне тән, өзгеден бөлек қатынас құралы. Үшіншіден, әр ұлттың өзіндік тарихы, этностық белгілері, салт-дәстүрлері бар. Төртіншіден, атамекен, тарихи қоныстары. Осындай төрт тағаны толық, төрт мүшесі түгел ұлт қана өмірден өзіндік орын алатын болады...» Міне, бұл — ұлтының ұлылығын ұлықтаған тұлғаның ішкі әлеміндегі берік ұстанымы. Мұны ғылыми теорияға қарай икемдей салуға да болады. Негізінен көрген, оқыған, білгеннен жинақталған ой түйіні ғой.

Енді Зейнолла аға мен Шәмшабану апайымыздың отбасын құру салтанатына бір аялдай кетейік. Бірін бірі көре жүріп, сырттай бақылап, зерттеген екі жастың ортақ түтін түтетуге деген қадамдары да басқалардыкінен өзгеше. Әбден түсіністік-ау деген, иланымға иліккен күндердің бірінде жігіт: «Социалистік семья» құрайық деп ұсыныс жасайды. Апайымыз оқыған, тоқығанын тоқайластыра келіп, ішінен күбірлеп: «Өзіме сүйеніш, ұстаз, ақылшы етейін, тірлігімізде сыйлап өтейін» деген сертпен келісім береді. Ақ тілекті, адал жүректі ақын мен ғалым қол ұстаса жүріп, Қытай еліндегі «мәдениет төңкерісінің» небір қиямпырыс қиындықтарын бастарынан өткерді. Бірақ мойымады, жасымады. Өз салаларында таланттарын ел алдына жарқырата көрсетіп, тасыды. Сайқал саясат өз дегенін істеп бақты. Жабылған жаладан қылмыскер атанған отағасы «Манас» жаза өтеу лагеріне жөнелтілмек болғанда ақын жүректі отанасы қызметін тастап, ерінің қасынан табылды. Жың ауданында қара жұмысқа жегілгенде де апайымыз Зеке ағаның көңілін аулай білді. Мұны уәделі сенім, берік махаббат демесе шараның бар ма! Біріне бірі демеу бола жүріп, бала сүйіп, ұрпақ өсірді. «Құс қанатымен ұшады...» демекші, Жаратқан Иеміз тарту еткен Қанаты әкесі З.Сәніктің күллі әдеби мұрасын жылма-жыл оқырмандарына тарту етуден аянар емес. Анасын қанатымен көкке қалықтатып, ыстық алақанында аялауда.

Зеке ағаның ауыз әдебиеті, этнография, тарих, әдеби зерттеу саласындағы еңбектері қаламгердің ұлттың ұлылығын ұлықтаған тұлға екенін уақыт келген сайын дәлелдей түсуде.

Еркін ЖАППАСҰЛЫ,
Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері



Габбас ҚАБЫШҰЛЫ

(Басы 1-бетте)

— Ә, түсіндім, түсіндім. Мәселе құқықта емес, сенің шал болғың келмейді, шалдардың орнына отырғын келмейді, мәселе сонда! — деп балаша мәз бола күлді. Қалекен қалжыңқұмар жан еді ғой. Күлкілі жайтты тыңдағанды

кана емес, есек арба сыйып кете беретін заманда еріксіз таңданбас ешбір ерсілік қалмауға айналғанына іштей тағы бір тіксіндім.

Баукеңнің — Бауыржан Момышұлының «Найзадан қол босаса, қалам алдым» дегеніндей, Қалекеннің коменданттығы, басқа да әскери қызметі 1954 жылдың күзіне дейін қолына қалам алдырмады. Әйткенмен әдебиетке, шығармашылыққа құмарлық-құштарлығы көкейінде көктеп жүрсе керек, елге оралысымен «Баян» атты әңгіме болып гүл жарды. «Жұлдыз» журналында жарияланған ол туындысын оқырман қауым, әдеби сын жылы қабылдап, бұлақтың көзі ашылды да, очерк пен әңгіме, күнделік пен естелік, хикаят пен роман көші түзілді. «Қолымды мезгілінен кеш сермедімді» ескерген, сезінген Қалекен өндіре жазып, өмір-тірлік өрісін өкінбестей танып-түйсініп, тіпті қазу-

саяси айыппен жиыны 3 777 380 адам тұтқындалып, одан 642 980 адам атылған. Лагерлерде 2 369 220 адам қалған, 765 180 адам жер аударылған. «Халық жауы» ретінде тұтқындалғандар саны — 1 344 923 адам, одан атылғаны — 681 692 адам.

Бұл ақпаратты: КСРО Бас прокуроры Руденко, Ішкі істер министрі Круглов, Заң министрі Горшенин растаған.

*1941—1945 жылдардағы соғыс жайын жан-жақты зерттеп, нақты деректерді жинаған Ресей Қорғаныс министрлігінің компьютерлік банк орталығы мынадай мағлұмат берді:

КСРО Армиясы мен флотының майдандағы шығыны — 6,1 млн адам;

Фашистердің тұтқынында қаза болғандары — 2,5 млн;

Фашистер басып алған жерлерде өлтірілгендер — 17, 6 млн, яғни КСРО шығыны — 26, 2 млн.

Германияның жалпы шығыны — 7, 2 млн.

АҚШ, Англия, Франция, Жапония және басқалардың жалпы шығыны — 1 млн адам шамасы.

Демек, 1941—1945 жылдардағы соғыс

он адамды құртса, Сталин 40 миллион адамды құртты» деп лағыпты. Алайда ол пәлекорлардың өкінішіне қарай, ешқайсысы еврей-выкрест Исаакскийдің (басқа дінге кіріп Исай болғанның) баласы А. Солженицынның «рекордын» жанарта алмаған...

Әдеби қазынамызға қыруар үлес қосып жүрген Қалекеннің «мен сөйттімділегенім» көрген де, естіген де емеспін. Себебі ол қарапайым болды. Ал қарапайымдылық пен кішіпейілділік «ағайынды» ғой, Қалекеннің табиғи олқыларына жазушылар мен журналшыларымыз қанық дей аламын. Әрқашан көңілді жүретін ағамен Жазушылар одағы құзырында оншақты жыл қызметте болғанымда оның әзіл-қалжыңға ерекше құмар жан екенін де көрдім. Бірер мысал келтірейін.

— Анау Қалмұқан да бір Мырқымбай екен, — деді бірде партизан жазушы Қасым Қайсенов. «Мырқымбай» оның Би-ағанның, Бейімбет Майлиннің әңгімесінен «жекешелендіріп алған» сөз сыралғысы еді.

— Иә, қалайша? — дедім.

Ол былайша екен: Қаскен бірде Жазушылар одағына барып, оны-мұны шаруасын реттеп, үйіне қайтуға шықса, есік алдында бірнеше ақын-жазушы тұр екен. Араларындағы Қалекен: «Қаске, мені ала кетсеңіз қайтеді?» — дейді.

«ҮСТІМДЕ СҰР ШИҢЕЛІМ...»

жақсы көргеніндей, өзі де қисынын келістіріп айтатын. Әншейінде байсалды қоңыр үнді кісі болса да, күлген сәтінде дауысы жіңішкеріп: «Е, иә, иә, қызық, ей, е, иә...» — дейтін. Өмірінің соңғы үш айында жарасымды күлкісін ести алмадым, «аяғымен ымыраласқан құлағы» аяғынан «озып кетіп» естуді қойған.

2015 жылдың тамыз айында 90 жасын тойлап, төрт айдан соң бақиға аттанып кете барған Қалекеннің бізге, ертеңгі ұрпаққа қандай кітаптар қалдырғанын көзіқарақты қазақ біледі. Төрт жылғы жорық жолында, Германияның Ильменауында комендант болғанында, әйгілі Ертіс-Қарағанды каналының құрылысшылары қауымында үлкен істің басынан аяғына дейін жүргенінде көріп-білгендері туралы тартымды, деректі хикаяттар, романдар жазды.

Қалекеннің кейін Ильменаудағы Гете мұражайына арнап Гете-Лермонтов-Абай үшеуіне ортақ «Қараңғы түнде тау қалғып» атты өлеңнің қазақшасын ойдырып жазған ескерткіш тақта апарып, Абайдың өзі аударған сол өлеңге шығарған әнінің магнитофон таспасына түсірілгенін нотасымен қоса сыйлағаны азаматқа жарасқан ерекше жаңалық болды. Қала тұрғындары, келіп-кетіп жататын меймандар мұражайда болып, Абай әнін ұйып тыңдайтын көрінеді.

Іскер, ілтипатты, қарымды Қалекеннің Берлин көшелерінің біріне Абай атын, ал Семейдің бір көшесіне Гете атын қойдырған еңбегі ой көзі ояу қазақты да, немісті де тәнті еткен танымды оқиға болғаны баршаға аян.

Қаламгер Қалекен сонау тың және тыңайған жер игеру кезінде шовинистердің кара қанжарлы атаман Ермакқа Павлодарда орнатқан дәу ескерткішін құлатауға бастамашы, қадағалаушы болғаны мәлім. Ол жолғы жүресі туралы өзі де, жергілікті журналшы-жазушылар да деректі мақала жазған. Жақында бір газеттен (қайсысы екені есімде қалмапты) біреудің (өкінішке қарай, кім екеніне мән бермеппін) сол қарақшының ескерткішін өзі құлаттырғаны жайында шоқтықтана жазғанын оқып, Семей атом полигонына қарсы күрес туын жанпидалықпен көтерген Кешірім Бозтаевтың аруағынан аттап кеткен атаққұмар аккөздер тобы есіме түсіп, «ерікті ауызға бөрікті бас»

салу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқан «Ертіс-Қарағанды» каналы құрылысшыларымен 500 шақырымды бірге жүріп, «жаяу жазушы» атанды да. «Бір күні кешкісін сол жолдың бір бөлігінде басқалардан оза оңаша кетіп, қасқырларға жем бола жаздапты» дегенді де естідік. Соның анық-қанығын өзінен сұрағанымда Қалекен қолын сілтей күліп: «И-и-и шіркі-і-ін, бұ қазақ енді қасқырға жала жабатын болды-ау!» — деді.

Талабы сан тармақты Қалекен мұрағаттан да мұрат тауып, арыда атакты Шоң би, Айқыз өмірлерінен роман жазса, беріде ғұлама Қаныш Сәтбаев хақындағы көлемді зерттеу еңбегі де жоғары бағаланды.

Халық Батыры Баукеңнің: «Соғыс туралы шындықты... тіпті мына біздер, соғысқа қатысушылар да, оны түбегейлі, ұңғыл-шұңғылына дейін біле бермейміз. Соғыс хақындағы шындықты табу өте қиын, ал оны жинақтау, қорыту одан да күрделі. Соғыс туралы ақиқатқа жету — өте үлкен мәселе» деген сөзі бар екен. 1944 жылы қаңтарда майданнан Алматыға келіп қайтқан жолы болашақ Ғылым академиямызда болған кездесуде айтыпты. Ол кездесуге Қаныш ағамыз бастаған ғалымдар, Мұхтар ағамыз бас болған жазушылар қатысыпты. Қалекен бірде сол тарихи оқиға туралы әңгімеледі де:

— Саған бір өтінішім болғалы тұр, орындайсың ба, тек тура айт! — деді, әзіл-шынын айырғысыз дауыспен. Мен еркелей қалжындаса беретін әдетіммен:

— Ильменауда қалған жеңгелеріміздің біріне қазы-карта апарып келу керек болса да, орындаймын! — дедім.

— Әй, сен бар ғой, — деп күліп алды да, жазбақ кітабына қажет екі жайтты атап, — Ресей мұрағатына әлгі сұмырай Мирзоянның Сталинге, Саяси бюроға жазған хаттарының көшірмелерін алғаныңды әнеүкүні айттың ғой, сол жолынмен тағы бір рет жүріп өтерсің, — деді.

Иә, «сол жолыммен» жүріп өтіп, Қалекен мына екі жауапты табыс еттім (қысқа нұсқасы):

*СОКП Орталық комитетінің 1-хатшысы Н.С.Хрущевтің тапсыруы бойынша 1955 жылы жүргізілген ресми тексеру нәтижесінде мыналар анықталған: 1921—1954 жылдар аралығында



құрбанының жалпы саны — 34,4 миллион адам.

Осы мағлұматтарды алған күннің ертеңінде Қалекен телефон соғып:

— Габбас-жан, ей, әлгі сұмырай Солженицынның «Совет Одағының билік жүйесі, Сталин 110 миллион адамды қырды» дегенін оқығанда «есектің миын жеген жәдігөй!» деп күле салып едім, одан кейін алаяқ Хрущев XX съезде: «Сталин 10 миллион адамды «халық жауы» деп жазықсыз құрбан қылды!» — деді, Құдай-ау, бәрі өтірік екен ғой?! — деп таңданды.

— Қалекен, көп кешікпей Сталин мен Гитлердің орындарын алмастырған оттауизм басталады, тоса тұрайық, — деп едім, Қалекен:

— Қой, құрысын! Ондайды айтпа, құрысын! — деді дауысы бұзылып...

Арының ғана сөзін айтатын тарихшылардың (ресейлік) зерттеу еңбектеріндегі деректер былай деген: руденколардың цифрлары алдына барғанда Хрущев жоқ шашын жула жаздап, ақырып-бақырып, лактырып тастап, «құпия баяндамасына» аузына келген 10 миллионды жаза салыпты. Одан бұрында өздерінше есептеп, 5 миллион деген Волкогонов, Медведев сияқты «қасқалар» жолда қалып, Хрущевтен кейін Антонов-Овсеенко, Феофанов сияқты «басқалар» 16—20 миллионға жеткізіпті. Ал Кириллов деген бір «тарихшы ғалым»: «Гитлер 20 милли-

«Мәшініме сыйсаң, жүр», — дейді Қаскен, шағын денелі інісін қағытып. Екеуі аутомәшінге отырып, жылжып кетеді. Ауладан көшеге шығатын тұсқа жете бере Қалекен: «Токтаңызшы, тоқтаңызшы!» — дейді де, тоқтаған мәшіннен абың-күбің түсіп, кейін жүгіре жөнеледі. Аныраған Қаскен соңынан қарап қала береді. Қалекен есік алдында тұрған жаңағы жігіттерге барып, бәрімен қол алысып, қайтып келеді. «О не, не болды?» — дейді ағасы, салқын сөйлеп. «Үйбай-ау, Қаскен-ау, сіздің мәшініңізге отырдым ғой, анау жолдастарымды енді аман-есен көре алам ба, жоқ па, қоштасып келдім», — депті. Екеуі ішек-сілелері ката күліпті.

Қалжыңбас Қалекеннің олайша «мырқымбайланғанына» себеп бар-ды. Содан екі ай шамасы бұрын Қаскен үлкен ұлы екеуі «ГАЗ-69» аутомәшінімен Талғар тауын жолсыз түспен қиялап келе жатады да, оншақты метр биікте мәшіні аударылып кетіп, бірнеше аунап, етекке бір-ақ түседі. Әйтеуір, екеуі де мерткіккеннен аман болып, Талғардың ауруханасында бір апта емделіп шыққан. Қалекен соны мензеген ғой.

«Ертіс-Қарағанды» каналы туралы «Арман арнасымен» деп жазған күнделік-кітабының қолжазбасын баспаға алып барған Қалекен әзілі жарасып жүрген інілерінің бірі, бөлім редакторы: «Ағасы-ау, қолжазбаңыз тым қалың екен, су көп-ау, ә?» — дегенде Қалекен: «Сен

қызықсың, ей! Канал туралы кітапта судан басқа не болуы мүмкін?» – депті. 1990 жылы, мамыр айының 19-20-күндерінің бірінде болар, Қалекеннің үйіндегі жеңгеміз Зәпекең телефон шалып: – Ғабеке, бағана мына аған бар ғой, айырылысып кетуге болатын қылық жасады, – деді.

Түсінбедім. «Қылығы» не? «Айырылысып кетуге болатыны» не? Зәкен жауабымды күтпеді, сөзін жалғады:

– Бағана, түскі шайдан кейін, аған: «Зәке, берірек отыршы, саған балалар жоқ оңашада айтар бір сөзім бар еді, – деді, күмілжіп сөйлеп. Қарасам, өңі де біртүрлі, өзгеріп кеткен. Маған тура қарамайды, үстелді шұқылап отыр. Не дерімді білмедім. Жақындап отырдым. Аған басын бір сипап алып, тұқырған күйінде: «Айтайын деп ойланғалы көп болды... батылым жетпей жүрді... енді айтпауға мұршам жоқ, тек сен, Зәке, сабыр сақтап тыңда, жарай ма?» – деді де, адамның өмірі, тағдыры, өзінің соғыста ажалдан аман қалғаны, отбасымыз жайында біраз айтып, ауыр күрсініп қойып, махаббат туралы айта бастады, екеуіміздің қалай қосылғанымызды есіне алды, махаббаттың да тағдырға байланысты екенінен мысал келтіріп, өзінің ойда-жоқта, бұдан төрт жыл бұрын бір әйелмен қатынас жасап қалғанын, әнеукүні онымен осында, орталық алаңда оқыс кездескенін, үш жаста ұл баласы барын айтып: «Зәке, кешір, кешіре гөр, мынау сол ұлым екеуіміздің сонда түскен суретіміз еді», – деп бір суретті алдыма қойып, тұрып кетті. Есім шығып, үндей алмай отыр едім, фотоға еріксіз қарасам, «Әзиз! Құдай-ау, мынау өзіміздің Әзизі ғой! Ғаббас пен Заданың Әзизі ғой?!» – деп ағана жалт қарасам, диванның алдында қыстығып күліп тұр екен, қарқылдап күліп, диванға құлай кетіп: «Қап! Сені алдап, бір қатырайын деп едім, болмай қалғанын қарашы!» – деді.

Ол суреттің мынадай тарихы бар. Жеңістің 35 жылдығы қарсаңында отставкадағы майдангер Қалекеннің әскери шені өсіп, майор болған. Сол 1980 жылы 9 мамырда үш жастағы Әзизімді әскери шеруді көрсетуге ертіп барғанмын. Шеруден кейін алаңды аралап жүріп, майор Қалекен кездестік. Әзиз атасына сәлем берді. Мен мерекем, жаңа шенімен құттықтап: «Генерал болуыңызды күтеміз!» – дедім. Қалекен: «Маған осы да жетеді, ал мен мына жігітімнің бейбіт өмір генералы болуын тілеймін!» – деп, Әзизді көтеріп алып, бетінен сүйді. Жарты сағат мөлшері бірге қыдырыстадық. Қолымда фотоаппаратым бар еді, Қалекен мен Әзизді екі-үш жерде суретке бірге түсірдім. Сондағы суреттердің ең тәуір шыққанын Жазушылар одағында бір аптадан кейін болған бір жиында Қалекен сыйлағанмын. Аралас-құралас болып жүрген жеңгеміз Әзизді танып қойып, Қалекеннің «0:1 есебімен жеңіліп қалғаны» ғой.

«Қалмұқан былай деген екен», «Қалекеннің бір қалжыңы былай еді» деп, аккөңіл ағакеміздің көзі тірісінде-ақ айтылған әзіл, мысқыл аз емес. Өзі айтқанды өзгеден естігенінде тақыр басын бір сипап қойып, қой көзі күлімдеп, жылы жымып отыратын. Кейде ернін жорта компайтып: «Жо-жо-о-ок, олай емес, былай болатын» деп, қалжыңының «түпнұсқасын» қайталайтын. Сол сәтте де сағыныштың сағымына айнала бастады-ау!..

Үстімде сұр шинелім,
Ақсаңдай басып келемін...
Ұмытса да достарым,
Ұмытар ма мені елім?!
Ұмытылмасқа жаралғандар ешқашан ұмытылмайды! Сол санаттағы Қалекеннің де екінші өмір жолы ешқашан түйықталмайды!

Майдангер-жазушы Қалмұқан Исабай ағамыз – туындыларының дәнін тірліктің өзегінен алған қаламгер. Ол – өз өмірін архивтен тың дерек тауып, бірде алыс қиырларға сапар шегіп, тынымсыз күйде өткізген тұлға. Ауызекі әңгіме тиегін ағытса, білмейтіні жоқтың қасы еді. Оның бұл қасиетін жазушымен диалогсыз, әңгімелесу сәті түскен кезде анық байқағанымыз бар. Естен кетпес сол кездесуде Қалмұқан ағаның өмірі туралы айтқан әңгімесінің кей сәттерін оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Автор

Құрылысты бұзғаным үшін награда алғаным бар

О баста 9 сыныптық білімім болған соң, Семейде қоныс тепкен Тамбов жаяу әскер училищесіне бағытталғанмын. Алайда бойы 147 сантиметр, салмағы 42 килограмм қортықтан болашақта қандай айбынды офицердің шығуы мүмкін? Жарамалым. Содан кейін Самарқанд қаласындағы атқыштар полкіне жіберген. Содан келесі 1944 жылдың шілде айының бір күні түнде «дабылмен» тұрғызып, ұзын составка тиіп, Молдавия жеріне алып келсін. Мұнда Кишинев деген Кеңес қаласы мен Яссы деген Румын қаласы аралығында фашистік Германияның 30 дивизиясы қоршауға алынғанын естігенбіз. Енді Кеңес командованиесі осы қоршауды жоймақ екен. Соған тың күш ретінде біз де келіппіз.

Иә, Яссы–Кишинев операциясы екі айда біздің жеңісімізбен аяқталды. Румыния соғыстан шығып қана қойған жоқ, Герман фашизмінің өзіне соғыс жариялап, біздің қатарымызда соғысатын болды. Мәселе осылай шешілгеннен кейін бұл елдің жерімен жаяу жүріп, Венгрия шекарасына да жеттік.

Венгрия – фашистік Германияның ең соңғы сыбайласы. Оның басшыларының не ойлағанын кім білсін, бізге қарсы бар жанын сала соғысты. Дегенмен, шабуылдап барамыз... Бірде он жақ, сол жақтағы көршілеріміз кезекті шабуылға көтеріліп жатқанда, біздің командиріміздің үні шықпай қалды. «Бұған не болды?» деп сырт жағма қарағаным сол еді, взводымыздың командирі, жиырма жасар кіші лейтенант орыс жігіті көтеріле беріп, шалқасынан түсті. Осы кезде есіме Жарғының «Командирдің өліп не жараланғанын бірінші көрген солдат команданы қолға алу керек» деген қағидасы түсіп, мен «Взвод, слушай мою команду! Встать! Вперед!» деп айқай салайын. Сол бетіммен взводты басқарып кеттім.

Қай елде болсын, солдатты дайындаудан гөрі офицерді дайындау әрі қымбатқа түсіп, әрі ұзақ уақыт алады ғой. Жә, соғыста қатардан шығатындардың көбі – взвод, рота командирлері. Міне, осы қатардағы офицерлер бізге жетіспейді екен. Сондықтан да соғыста ерлік көрсеткен солдаттарға да кіші лейтенант атағын бергенін хабарлап, пагон ұсынды, құттықтады. Старшина мосқал орыс жігіті, уақытша орналасқан үйіне апарып, маған ине-жіп беріп, пагономды шинельге тігіп отырғаныма, жанымда ақылын айтып отыр. «Сен жастайыңнан офицер болдың. Осы соғыстан аман шықсаң, түбі генерал боласың. Ал сенің қалай аман шығуыңның жолын мен айтайын. Взводтыңдағы алып Гусаров қайда, шабуыл кезінде соның артында жүр!» – деп енгезердей солдатты атады. Міне, менің офицер атағын алған алғашқы училищем осы. Содан бері атак қосыла берді, мен есейе бердім, ақыры полковник...

...Оған дейін әлі төрт жылдан астам уақыт бар. Бұл уақытта Түркістан әскери округіне қарайтын Керки қаласындағы бір полкте взвод командирі болдым. 1945 жылы Германияға жеңіспен барған офицерлер сонда тұрып қалған, үш жылдан кейін соларды Одақтағы офицерлермен ауыстыру шаруасы жүрді. Осы әуенмен 1948 жылдың күзінде Шығыс зонадағы Вурцен қаласынан қоныс тепкен 20-механикаландырылған полкке бір офицердің орнына бара қалайын. Содан келесі жылы Германияда екі мемлекет жасалды – ФРГ және ГДР. Енді мені екі мемлекет арасындағы шекараның Варта деген бақылау пунктіне кезекші офицер етіп тағайындасын. Міндетім – шекараның осы тұсында болып жататын оқиғаларды жақын горнизондарға хабарлап тұру. Менің бұл қызметімді қарапайым халық тілінде комендант деп атады. Содан 1952 жылы босап, Ильменау қаласына қалай комендант болып тағайындалғанымның егжей-тегжейін «Берлин «Абайштрассе» («Қағанат», 2002 жыл) кітабымда жазғанмын.



Жол-жәнекей айта кетейін, Ильменау гербінде латынның «г» әрпі бар. Бұл – Гете деген сөз, яғни Ильменау – Гете қаласы деп аталады. Ұлы Абай бізге «Қараңғы түнде тау қалғып» деп аударып берген өлеңін Гете осы қалада жазған екен. 1979 жылы Ильменауға 25 жылдан кейін қайта барғанымда Гетенің немісше өлеңі жазылған жерге Абай аудармасын мәрмәртақтаға жазғызып, апарып қою мүмкіндігі туды. Неміс достарымыз Қазақстаннан барған бұл сыйды үлкен ризашылықпен қабылдады. Тақтамен бірге Абай өлеңінің магнитті таспасы да тапсырылған музейге. Неміс достарымыз содан былай музейге келген шетел делегаттарын Абай інімен қарсы алып, шығарып салуды дәстүрге айналдырыпты.

1954 жылы ГДР жерінде аудандық комедатурасы да жабылып, елге қайту сәті түсті. XX ғасырдың бірінші жартысында Германия тарихи оқиғалардың тоғысқан аймағы болды. Содан көп сюжеттер ала келіп, қазіргі «Жұлдыз» журналына әңгіме, новеллалар жариялай бастайын. Бір күні «СК»-дан әңгіме жазып беруім жөнінде сұрау түсті. Орындадым, «Елбаның ашуы» деген әңгіме аға газет бетіне шыға келсін... Міне, осы әңгіме маған аға газеттің тек бетін ғана емес, есігін де ашты...

1961 жыл мен үшін өте жемісті жыл болды. Сол жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін сырттай оқып бітіргенмін. Екі балаға әке, екі кітапқа автор болдым. Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке өттім.

Әскерге жастай алынып, оның сапында 12 жыл тұрғаннан кейін азаматтық өмірдің қыр-сырын терең біле қоймайтынмын. Ал жазушылық жолға түскеннен кейін не жазарымды білмей жүргенімде, Ғылым академиясының президенті, академик К.Сәтбаевқа жолығу сәті түсіп, сол кездесуде академик маған Ертіс-Қарағанды канал құрылысына қатысу жөнінде кеңес берген еді. Сонымен не керек, сол кезеңнің үлкен жобасының бірі болған Ертіс-Қарағанды каналы құрылысының бел ортасынан бір-ақ шықтым.

Каналды аралап, дерек жинап жүретінмін. Соның арқасында құрылыс барысынан 6 кітап жазыппын... Сайын далада жүрген құрылысқа кім келе берсін, әсіресе учаске инженерлерінің көбі практиканттар болды, яғни тікелей құрылыс жүргізілетін жобаны оқи алмайтындар. Осындай шалалықтың бір фактісін 101-құрылыстан көрдім.

Бұл өзі каналда авариялық жағдай туып қалғанда өзекті жауып тастайтын қақпа – өте күрделі құрылыс еді. Жобада бұл құрылыстың жоғарғы деңгейі канал түбімен бірдей, яғни «00» сантиметр болу керек деп көрсетілген. Жобаның 177 сапасы да нашар екен. Сан-

дары өшкен. Әрең көрінеді, мысалы, учаске инженері әлгі 00 сантиметр табалдырықты 66 сантиметр деп ұғып, канал түбінен соншама биік қылып құйып қойыпты. Учаскелік инженердің ісінің шалалығын айтып, біраз керілдісіп алуға дейін бардық. Мен оған: «Мына құрылысың ертең канал жұмыс істегенде оның өзегіндегі рақ ісігіндей болып тұрады. Өйткені сен су жолына көлденен бөгет жасап қойғаның», – деймін. Ақыры инженер ісінің бұрыстығын түсініп: «Бас инженер осы құрылысты тез аяқтау үшін ақша сұрауға Мәскеуге кетті, енді қайтеміз?» – деп учаске инженері өзіме жабысты. Мен оған: «Осы табалдырықты тез бұзсақ, соғұрлым ертең құрылыс та тез аяқталады», – дедім. Ол менің тілімді алды. Бұл өзі құрылыста үлкен сөз болды. Мен де тәуір-ақ сөз естідім. «Құрылыста бір жазушы зиянкестік жасапты» деген дақпырт жетіп, Мәскеуден арнайы комиссия да келді. Топып жатқан сөздің тобықтай түйіні: комиссия «Жазушы мына құрылысты бұздырып, ертерек істеген. Ал мына қатені канал толық біткеннен кейін көргенде, оны бұзып, қайта салу өте қиынға түседі екен» деген қорытынды шығарсын.

1975 жылы канал құрылысы аяқталды. Осыған байланысты құрылыс тресі Орталық Комитет алдына наградаға ұсынылған құрылысшылар тізімін қояды. Қарап отырса, тізімде мен жүрмін. Орталық Комитеттегілер: «Бұл қандай міндет атқарды?» – дейді. Канал өкілі: «Ешқандай да міндет атқарған жоқ, құрылыс барысын зерттеумен ғана жүрді», – дейді. Орталық Комитеттегілер: «Сонда сіздер көрінген көк аттыны наградаға ұсына бересіздер ме?» – деген екен. Сонда канал өкілі: «Бұл кісі 101-құрылысты бұзғызды», – дейді. Орталық Комитеттегілер: «Сонда сіздер құрылысты бұзғаны үшін наградаға ұсынасыздар ма?» – деп бастырмалатады ғой. Десе де мен Қазақстан Жазушылар одағында құрылысшылармен бір тізімде Енбек Қызыл Ту орденімен наградталған жалғыз жазушы болып шыға келгенім бар...

... Біздің жақтын орыс, қазағының аузында «Екібастұз көмірін Пішенбайдың Қосымы тапқан» деген сөз бар. Екібастұз қаласының бір көшесіне соның атын қою мәселесін көтергенімде, Павлодар обкомының насихат бойынша хатшысы Бариков «Патшаның әлдеқандай бір саясатына қарсы шыққаны үшін сотталып келген Бородин деген инженер Ақмоладан этаппен Павлодарға айдалып келе жатқан, жолшыбай Екібастұздың бір көшесіне соның атын қою жөнінде шешім дайындалып жатыр. Ал сенің Қосым жөніндегі мәліметің жалған ақпар» десін. Мен шегінбедім. XIX ғасырдың соңғы жартысында Сібір қалаларында шығып тұрған ескі журналдарды парактай бастадым. Нәтижесінде, сол кезде даладан кен іздеген орыс, француз, ағылшын инженерлері Қосым жөнінде пікірлер айтқан екен. Оның үстіне Киев архивінен Екібастұздың көмірін Қосымның ашқаны жөніндегі нақты мәлімдеме де шыға келсін. 15 жылдың ішінде тапқан осы деректеріміздің басын қосып Бариковтың алдына қояйын. Ол құжаттармен танысып алғаннан кейін: «Ал, не айтқын келеді?» – деді. «Бородин деген инженер жоқ. Ана көшені Пішенбаев атына қою керек», – дедім. «Енді ол композитор Бородин атындағы көше болады», – деді. Мен: «Осы айтқандарыңызды «Крокодил» журналына жариялап жіберсем ше?» – дегенімде, Бариковтың зәресі ұшып кетті.

Иә, ақыры 1977 жылы Екібастұз қаласының бір көшесіне Қосым Пішенбаев аты, орталығына 1994 жылы, Қосымның туғанына 150 жыл толуы атап өтілген жылы ескерткіші қойылды.

Әңгімені жазып алған
ҒАЛЫМ ЖАЙЛЫБАЙ,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері



Гүлжаһан ОРДА,

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экокүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» нысаналы бағдарламасының «Әдеби өлкетану» тақырыбын зерттеу мақсатымен Сыр бойындағы бірсыпыра қаламгерлердің шығармашылығы зерттеу нысанамызға айналды. Солардың бірі – ақын Қатира Жәленова.

Ақынның «Сырдан ұшқан қарлығаш» жыр жинағына әр жылдарда жарық көрген кітаптарынан алынған таңдаулы өлеңдері мен тәуелсіздік тұсында жазылған жаңа туындылары, естелік-әңгімелері топтастырылған. Кітап мазмұнын «Жарық дүние, сырына қанып келем», «Апта айларға, айлар жылға жалғасып», «Естеліктер – өткен күн елестері» деген үш бөлім қамтиды. Алғашқы екі бөлімге поэзиялық туындылар, үшінші бөлімге естелік-эсселер мен сұхбаттар жинақталған.

«Жарық дүние, сырына қанып келем, Бірге жасап өзіңмен, халықпенен» деп ақынның өзі айтқандай, ақын қашан да халықпен бірге жасайды. Қоғамда болып жатқан құбылыстар, ел өміріндегі айшықты оқиғалар, кездейсоқ қасіреттер – бәрі де сыршыл ақынды бей-жай қалдырмайды. Сондықтан да ол «Ақын», «Тәтті өлең», «Жарық дүние», «Тіршілік үшін жаралдым!» өлеңдерінде ақын болып жаралғанын мақтан етті, «Уәлі сөзге тоқтаған, Қорықпаған ноктадан. Кем-кетігін түгендеп, Жұрттың жоғын жоқтаған», «Бірге жасап өзіңмен, халықпенен», «Қайырымы мол жандарға сыйлар ем әкеп нұр бақыт», «Көтеріп келем иықпен Ғасырдың ауыр салмағын», – деп өзі айтқандай, халықпен бірге жасап, елдің мұң-шерін, қуаныш-шаттығын қатар жырағ қосты. Қиналғанға сөзімен демеу болды, көптің қуанышына шаттанып марқайды.

Өзге ақындар тәрізді Қ.Жәленованың шығармашылығынан үлкен орын алатын – туған жер туралы жырлар. «Сексеуілді, Жыңғылды, Жота құмдардың» арасында өскен ақын үшін балалығы өткен жер қашан да ыстық, қашан да қымбат бағалы. «Балалық шағым – балғыным» шоғырлы өлеңдеріне құм ішінде томпаңдай жүгірген лирикалық кейіпкердің балалық шағына деген сағыныштары жинақталған. «Сырдария», «Сырдың әні», «Қызыл қайың», «Ақмаяға оралу» жырларында туған жерге деген сағынышпен бірге өткен мен бүгінді салыстыру бар. Тіршілігі қайнап жататын ауылдың ертеректегі көрінісі мынадай болатын:

*Ол кездері басқа еді-ау,
Басқа бәрі...
Құмнан есіп тірліктің асқақ әні,
Бауырында дөңгелеп шағын ауыл,
Бақша салып жататын жас та, кәрі...*

*Мейірлене қабағын таң ашатын,
Таң нұрымен төгіліп тамаша күн,
Ақ әжелер қақ тіліп, төстік жасап,
Тентектері «тәттіге» таласатын.
Ертеректе ойынға қанбайтын ауыл-*

дың бар баласы кешке қарай «Құм төбеде асыр сап ойнайтын» шұрайлы құт-мененнің қазіргі күйі мүлде бөлек. Бүгінде аңқасы кеуіп жатқан шөл далада тіршілік жоқ. Туған жердің өткені мен бүгінін салыстырған ақын оның болашағынан мол үміт күтеді. Ақын шығармаларынан лирикалық кейіпкердің өсу кезеңін көруге болады. Ойынға тоймай, жал-жал құмдарды кешіп жүретін кішкентай қыз араға уақыт салып мектеп қабырғасынан білім алды. «Алғашқы мұғалім» өлеңінде алғаш мектеп табалдырығын атқанда білім берген ұстазына алғыс білдірсе, Жағыпар Зермұхамедовке арнаған «Ұстаз» өлеңінде шәкіртінің болашағынан мол үміт күткен ұстазы өзінің ширек

«Менің Қабдоловым», ақын Қ.Мырзалиевке «Қазақ осы», ақын Ф.Оңғарсыноваға «Алаштың Фаризасы», ақын Ж.Дәрібаеваға «Біз екеуміз», Күләш пен Қайырбекке «Жыр – шынарлары» ағалары Өтеген мен Аманкелдіге «Ағаларым», Т.Оразбаеваға «Ортамызға орал», А.Божановаға «Еңлікгүлі – Алмагүл», Қызылорда қаласы әкімі Нұрлыбек Мәшбекұлына «Жаңашыл әкім», Қ.Пірімовке «Талайлы тағдыр», Х.Әбдіхалықоваға «Досыма» және «Жан досым», «Ескі досқа» сияқты арнауларымен толықты. Арнауға әдебиеттанушы ғалымдар «Арнау сөз – әдеби шығарманың ішінде стильдік тәсіл ретінде кездесетін авторлық арнау сөз кейіпкерге, оқырманға, табиғат

лар да жетерлік. Солардың қатарында «Көлсай», «Таутүрген» әсерлері», «Әулие бұлақ» өлеңдерімен бірге шетел сапарларынан туған жырларды атауға болады. Аралға кеп құятын Сыр мен Әму сияқты туысқан, бауыр қарақалпақ елі туралы «Қарақалпақ елінде», Гүлстан Шамұратоваға арналған «Қарақалпақ қызына» жырларын ерекше атауға болады. «Ортақ бізге Шертетін ән-жырымыз, Ортақ бізге Шаттығымыз, мұңымыз» дейті ақын қос өзеннің толқыны тәрізді қан дастарымызға бар жылы сөзін арнайды. Қырғыздың «Гүлдесте» вокалды ансамбліне арналған «Алтыбақан басында» ко-муз бенен домбыраның үні секілді қазақ пен қырғыз жүрегі бірге соғатындығынан

«СЫРДАН ҰШҚАН ҚАРЛЫҒАШ»

ғасыр сақтаған шығармасын қолына ұстатқанда, «Балалық күннің белгісі Дәптерді көріп жыладым» дейді. «Сізді көріп жанарға жас іріксем, Балалық шақтарымды сағынғаным...» деп, ұстазының алдында ақталған лирикалық кейіпкер ұстаздарына деген алғысын өлең жолдарына сыйғызды:

*Бұл күндері толассыз ағын жаным,
Барым менің халқыма
Жаным да, арым.
Аяулы ұстаз,
Өзіңе жыр арнасам,
Шәкірттік күндерімді сағынғаным...*

Балалық шағы өткен туған ауыл кім-кімге де ыстық. Адамның жасы ұлғайғанмен, алыстан аңсап келгенде туған жері естеліктерді еске түсіретіні белгілі. Лирикалық кейіпкердің «Ақмаяда» қалдырған ақ бантигін іздеуі де орынды. Ақын шығармаларынан оның қалыптасу, өсіп толығу кезеңдерін көретін болсақ, «Жеттің, апа...» туған жерден жырақта білім алып жүргенінен, «Жастықпен сырласу» жігерге толы жастық шақпен кезігеміз. «Құрстастар, қайдасындар?» «Қайта қауышу» өлеңдеріне қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қырық жылдан кейін кездескен түлектерінің бір-біріне деген сағынышы жинақталған.

Қазақ поэзиясынан үлекен орын алатын жанрдың бірі – арнау. «Кеше мен бүгін» деген Тәуелсіздікке арнауында кенестік дәуір тұсында Отанға миллиард пұт астық өткізген, Ресейге бодан болған қазақтың жағдайы адам шошырлық еді. Оны ақын «Астықты асырып басқаға, Арпаны жедік нан ғой деп» суреттейді. Егемендік алған соң, сан ғасырлық мұрамызға ие болуымыз, ел экономикасының күн санап көтерілуі, халықтың әл-ауқаты түзелуі – көңілге медет. Егемен елді аландататын мәселенің бірі – ана тілі. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған «Туған тілім» өлеңінде тілдің құдіретін ұғындырып, ана тілдің туы жығылмауын талап етеді.

Арнаулардың ішінде шоқтығы биігі халық жазушысы, ақиық абыз ақын Әбділда Тәжібаевқа арналған «Күн – жүрек» поэмасы. Ақын ағамен сырласқан лирикалық кейіпкер әкеден ерте жетім қалғанына, анасының екі қызбен жесір қалғанына жүрегі сыздай отырып, іштегі мұң-шерін шығарады. Қазақта «Әкенің өзі өлсе де, көзін көрген өлмесін» деген аталы сөз бар. Әкесі өмірден ерте өткенмен оның қатарлас досы Әбділданы көңіліне медет тұтады. Әке рухы қызын досына табыстаса, ақын аға жүректің жарасын өлең емдеп жазатынын, «Басыңа, – деп – орнауы кәміл ақ күн» ескерте отырып, жүрегіне үлкен «сенім» ұялатады. Ол қиналған, жалғызсыраған, өмірден түңілген сәттерінде ақын ағасының осы сөздерін еске алып, бойын тіктейді.

Бұл қатар «Анашым», молдава ақыны Виктория Томузға «Хатқа жауап», әнші Т.Ізтілеуовке «Риза бол, баба!», М.Ерәлиеваға «Ақбаянды» ансау», академик, жазушы З.Қабдоловқа



құбылысына, әйтеуір, қандай да жанды, жансыз нәрселерге қарай айтылады» деген анықтама берсе, ақынның арнаулары аға буын өкілдері мен замандастарына, туған-туыстары мен құрбыларына қаратыла арналған. Ақын өзі үлгі тұтқан жандармен сырласады, олардың өмірі мен шығармашылығындағы жетістігін мақтан етеді. Жүрегіне жақын адамдарына, табиғат құбылыстарына жылы сөз арнау – халық әдебиетінен келе жатқан көне жанр.

«Жаңбырлы күні», «Жаз өтті», «Жапырақпен сырласу», «Күз», «Құстар әні», «Желтоқсан айында», «Мамыр айында», «Көгілдір жыр», «Көктем келеді», «Құмдағы жазулар», «Су жыры», «Ақша қар», «Мейірім», «Табиғат дауысы» тәрізді табиғат лирикаларында табиғат құбылыстары мен жыл мезгілдерінің ерекшелігіне тоқтала отырып, олармен сырласады. Жансызға жан бітіре кейіптеу Абай поэзиясынан келе жатқан дәстүр болса, ақын ұлттық поэзиядағы осы дәстүрді төмендегіше жалғастырады:

*Демімен үрлеп,
Сығырып жаздың іздерін.
Шаршауды білмей,
Күйбеңдеп жатыр күз-келін...*

Ақын шығармаларының географиясы кеңіп, Қазақстанмен бірге алыс-жақын шетелдердегі сапарларынан туған жыр-

екі ел арасындағы достықты көруге болады.

Адам бар жерде қуаныш пен қайғы, шаттық пен қасірет қатар жүретіні белгілі. Ақын жырларынан шаттықпен бірге ел өміріндегі орны толмас қаралы оқиғалар да орын алған. Атап айтатын болсақ, «Қаралы қоңыраулар» өлеңіне Белоруссияның Хатынь деревнясындағы 1943 жылдың 22 наурызындағы қасірет негіз болған. Фашист жендеттері 26 үйдің жергілікті тұрғындарын тірідей өртеген. Хатынь – Белоруссиядағы өрт құрбандарына айналған 296 деревняға қойылған қаралы ескерткіш. Ақын фашизмге деген қарғыс пен нала, кек пен өшпенділікті жеріне жеткізе жырлады. Тіршілік нәрі тоқтаған бұл деревня – арада сексен жылдан аса уақыт өтсе де фашизмге лағнет айтып тұрған мекен.

*Зарлы үніне құлақ сап,
Көңіл аудар,
Қарғыс айтып соғысқа өмір аулар,
Әрбір үйдің сорайған мұржасында
Қуңіреніп тұрады қоңыраулар,
Қаралы қоңыраулар!
Жаралы қоңыраулар!*

Ұзаққа созылған соғыс кеңестер одағының құрамындағы 15 республикаға үлкен сынақ болды. Бұл соғыс қазақ баласына да, қазақ даласына да өзінің зіл батпандай қасіретін салды.

Б.Момышұлының сөзімен айтқанда, қазақта «Соғыс өрті шалмаған шаңырақ қалған жоқ». Соғыстың зардабын үш буын өкілдері тартты, мындаған, миллиондаған жас өркен із-түзсіз жоғалып, қазақ шежіресінде есімдер атаусыз қалды. Жеңіс соғыстан титықтаған елге үлкен медет, күш-жігер сыйлады. Сондықтан да кез келген қаламгердің шығармасынан Ұлы Жеңіс үлкен орын алды. Ақын «Жеңіс» өлеңінде «Бейбіт күннің есігін ашқалы біз, Мамыражай, түп-тұнық аспанамыз. Болашағын қорғайтын Ұлы Отанның, Келеді өсіп жасампаз жастарымыз» деп бейбіт елдің қамбасы астыққа толғанымен, ел экономикасы өңсесін көтергенімен шаттанды. Соғыс

лы болуын сұрайтын ақын-жүрек «Сәби өлең өлмесе екен» деп тілейді. Бүгінгі таңда өнердің қалтарыста қалғаны жасырын емес. Қаламымен нан тауып жеу мүмкін болмаса да, іштегі шерін, халықтың мұңын жеткізер қаламының ғұмырлы болуын тілейтін ақын жырларында өнердің болашағына деген сенім бар. Жүрсін Ерманның «Өлеңнің өрті ішіне түскендерге Кедейшілік Қасымнан мұра қалған» деген сөзін эпиграф етіп алған «Шындық осы» өлеңі де бүгінгі күнімізден сыр шертеді. «Ақындықтың салмағы мың бір батпан, Басымызға бақ болып қонғанымен» дей келіп, бүгінгі таңдағы айтыскер ақындар мен жазба ақындардың тіршілігін салыстыра суреттейді. Айтыскер ақындар

*Сынып тускен
Көңілімнің әйнегін,
Қалай ғана құрастырам?
Білмеймін... — деп жырлайды.*

Ақын сынған әйнектің құрастырылмайтынын оқырманның көз алдына елестету арқылы махаббаттың да күл паршасы шығатынынан хабар береді. Осындай бейнелі образдар мен көргемдегіш құралдар ақын лирикасында көптеп кездеседі. «Жанымның жалап жарасын», «Қолаптадай Бықсыған күйім мынау», «Енжарлықтың шекпенін шешіп алып, Бауырымды жазайын көсіле анық» деп образды сөйлейтін ақын жырларында дерексіз затты деректі затқа теңеу, жансызға жан бітіре кейіптеу көптеп кездеседі.

ЖЫР ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ

жылдары Батыстан жер аударылып келген ұлыстар Қазақстанды мекендеп қалып, бүгінде бірлік пен достықтың арқасында тату-тәтті өмір кешуде.

Украина сапарынан туған «Львовта туған ой» өлеңінде украин елінің қонақжайлылығымен бірге бүгінгі сәулетті көрінісі көз тартады. Талай кезенді басынан өткерген Львовтың бүгінгі көрінісі ертегіге бергісіз екенін ақын шабыттана жырға қосты. Екінші дүниежүзілік соғыстан есін жиып, бейбіт өмір сүріп отырған елге бүгінгі таңда Ресейдің соғыс ашып, ел тыныштығын бұзыу өкінішті.

«Алматыдан оралдым Ақмешітке» өлеңінде ел үлкен қалаларға ағылып жатқанда, лирикалық кейіпкердің туған жеріне жеткен қуанышына кезігеміз. «Алматыда ұзақ жыл ғұмыр кештім, Ақын болып қаламы қалыптасқан» дейтін лирикалық кейіпкер жасы ұлғайған шағында 1993 жылы «Туған жер — қазығына» ат басын тірейді. Еліміз тәуелсіздік алған тоқсаныншы жылдары бір формациядан екінші формацияға көшу мемлекет үшін де, жекелеген азаматтар үшін де онай болған жоқ. Ел экономикасының құлдырауынан руханият тасада қалды. «Көшкен жұртта қалып қойған Алтын сақа секілдімін...» дейтін жолдар сол бір ауыр кездерді еске салады. Бұл ой «Мынау заман» өлеңінде жалғасын тапты:

*Мұнар, мұнар, мұнар заман,
Жұрт баюға құмар заман.
Пұл болмаса қадірің жоқ,
Болды осыны ұғар заман.*

Ана — жүрек кім-кімге де ақ тілеумен қауып, жас өркеннің өмірден өз жолын табуын қалайды. «Жас түлектерге» өлеңіндегі «Қарлығаштарым, ауылдан алыстап кетпей, Туған жер мұнарасына ұя салыңдар!» деген тілегі ХХІ ғасырда жастардың шетелге көптеп кетіп жатқанын есімізге салады. Туған жерін құт-мекенге балаған лирикалық кейіпкер, жастардың бойына патриоттық сезім орнатуды жөн санайды. Алайда «Бүгінгінің Әйгерімі, Тоғжаны» өлеңінде жастарға деген ренішін жасыра алмайды. Құндылықтар ауысқан ХХІ ғасырда М.Әуезов сипаттаған Әйгерім мен Тоғжандай сұлуларды іздеп таппайтынына күйінеді. Нәзік жандылардың отбасын асырау үшін ала дорба арқалап, базар жағалауы — бүгінгі біздің қоғамның көрінісі. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәрбиеден айырылған жастардың іс-әрекеті жасы ұлғайған, өмірдің ашысы мен тұшысын көрген аға буын өкілдеріне ой салары анық. Өмірден өз орнын таппай адасқан жастарды көрген ақын жүрек:

*Қалталыдан
Жол торыған,
Жолбикелер жосылып жүр.
Адамнан да,
Заманнан да,
Жаным менің шошынып жүр, — деп*

бұлқынады. «Өнер өлсе» өлеңінде Жасағаннан халқына құт-береке, қаламының ғұмыр-

бір айтыста көлік мініп, бірнеше көлікке ие болса, жазба ақындардың жағдайы мүлде басқа. Олар Қасым ақынның күйін кешіп «Тапшылық алдынды орап, Жаналқымнан алғалы тұрар дәйім» деп ақын жырлағандай күйде жүретіні белгілі. Жаратқан ием «Балы мен уын үлестіргенде, Уынан молдау асатқан» лирикалық кейіпкердің қиналған сәттерде өмірді тәрк етуге дейін баратыны өкінішті.

«Мойындау», «Торығу», «Жалған өмір» өлеңдерінде философиялық ойларға жетелеп, оқырманға өмір мен өлім туралы ой тастайды. Лирикалық кейіпкер өмірдің қиыншылықтарынан шаршап, тығырыққа тірелген сәттерде «Қауыштырып жұртыммен мәңгілікке, Болашаққа мені алып барармысың?» деп өлеңді жұбаныш етеді.

Кез келген ақынның шығармаларынан үлкен орын алатын махаббат лирикалары Қ.Жәленова поэзиясынан да мол орын алған. Ақын ұлт болашағына жауапты қазақ қыздарына көп жыр арнады. «Қыздар», «Қыздарға тілек», «Гүл-қыздар», «Үйлену тойында», «Қуәгер сөзі» қыздарға арналса, ақын О.Сарбасовтың «Наз» өлеңіне жауап ретінде жазылған «О дүниеден хатта» махаббаттың тек қуаныштан тұрмайтынынан хабардар боламыз. Бір-бірін сүйіп тұрып, қосыла алмаған ғашықтардың махаббаты Естай мен Қорланды еске салады. «Аманат» лирикалық балладасы мен «Сенің өңің», «Сағындым», «Қыз монологі», «Айтшы, өзін?!» «Жанарың сенің», «Жолың ашық», «Өткен оралмайды», «Қасымда жоқсын», «Аңсаған менің әнімсің», «Құрбыға сыр», «Кездескенде», «Күттім сені», «Сен болмасаң», «Табындырмадың...» «Қандай жансың?», «Несіне келдің?», «Махаббатым менің», «Бакыт деген», «Өмірде жақсылық көп!», «Сезім гүлі», «Аппақ гүлдер», «Шақыр мені!», «Сені күттім», «Мен сенің бақытынмын», «Белгісіз жол», «Белгісіз жол», «Сүйесің», «Бұрынғыдай болмайды», «Біз әлі кездесеміз», «Шығыс сазы», «Соңғы сөз» жырлары қазақ поэзиясындағы махаббат лирикасын толықтырады. Махаббат туралы сөз болғанда бірін-бірі сүйген екі жастың қол ұстасып жүрген бақытты шақтары көз алдымызға келеді. Бірақ бірін-бірі сүйіп тұрып сезім күйлерін жеткізе алмау, өмір бойы бірін-бірі іздеп өту, не болмаса опасыздық сияқтылардың барлығы да осы махаббаттың төңірегінде жүріп жататыны жасырын емес. Ақынның махаббат лирикасына екі адамның арасындағы күйініш-сүйініш сезімдерімен бірге, үміт, реніш, кешіру, сағыну, іздеу, күту, таппау, адасу тәрізді сезім күйлері арқау болған. Сондықтан да ақын махаббатты:

*Жә, жетті енді!..
Жыламаймын,
Күлмеймін...
Жұлдызы жоқ
Қап-қараңғы түндеймін.*

деседі. Оны «Сағынышымның моншағын тізбектеген», «Сезім сөлін сіңіріп тамыр жайған Жемісім мол береді енді өлеңім», «Дарияндай тасып тұрып көңілім», «Өмір — өзен. Ілесіп қатты ағысқа, Арман — құсым Қанатын қақты алысқа», «Сағынышымның жаңбыры Жиілеп, жанға салды мұң» деген тіркестерден көрсек, «Өмір — өзен», «Ажал — бейне ок», «Тажал — тағдыр», «Өлең — өнер», «Өлең — бақ» теңеулері — аз сөзге көп мағына сыйғызудың үлгісі.

«Бесік сату», «Тұсау кесер» — құндылықтарымызды арқау еткен ұлттық бояуы қалың өлеңдер болса, жасы ұлғайған шағында туған өлеңдерде қоғам, ел туралы философиялық ой басым. Бірде «Қартайсақ екен әдемі» деп замандастарына ой салса, енді бірде өмір туралы ой түйеді. «Пойызда туған ой» — біздің қоғамның шындығынан туған жыр. Қалт-құлт етіп вагон жағалаған жанарсыз адамның мұңы мен өмірден көрген теперіші қайғы-шерге толы гармон үніне сыйып тұр. Іштегі шерін саудалап, күнкөріс болар тын-тебенін тауып, қалт-құлт етіп жүрген жан — біздің замандасымыз. Ел өміріндегі айтулы оқиғалардың барлығы да ақын жырларынан орын алған. Соның негізгісі — Тәуелсіздік.

Қорыта айтқанда, ақын поэзиясынан Сыр бойындағы «Сексеуілді, Жыңғылды, Жота құмдардың» арасындағы Ақмайда туып өскен қыздың шығармашылығынан оның туу, қалыптасу, өсу жолдарын көреміз. Есін білмей жатып әкесінен айырылған екі қызын бауырына басқан анасының иығындағы ауыр жүгін көтерісем деп Алматыдағы Қазақ ұлттық университетінде білім алды. Әкесінің көзін көрген ақын Ә.Тәжібаевтың ақ батасымен поэзия әлеміне қадам басты. Содан бергі өмірінде ұлттық поэзияға үлес қосып, қазақ поэзиясында қалыптасқан туған жер, табиғат, махаббат лирикаларын байытты. Сөз киесі қонған ақын поэзиясындағы бірсыпыра лирикаларында өмір мен өлім туралы философиялық ойлар айшықталды. Бар ғұмырын қазақ поэзиясына арнаған ақын қыз өз замандастары тәрізді екі қоғамдық формацияны басынан өткізіп, талай ауыр күндерге куә болды. Ел экономикасы құлдырған тоқсаныншы жылдардағы руханияттағы ауырталық ақын шығармаларынан да көрініс тапты. Егемендіктің алғашқы жылдарындағы қиын кездерді басынан өткере жүріп, жанына демеу, серік болған поэзияны бір сәт тастамады. Халқы шаттанса бірге шаттанып, бар жылы сөзімен демеу болған ақын қыз өз еңбегімен жетілді, өсті. «Қайырымы мол жандарға Сыйлар ем әкеп нұр бақыт» деп күллі оқырманға бақыт сыйлай жүріп, қазақ поэзиясынан үлкен орынды иеленді. Бүгінде ұлттық поэзияның алтын дінгегіне «Сырдан ұшқан қарлығаш — Қатира Жәленова» есімі мәңгілікке жазылды.

ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ӨРКЕНДІ ІСТІҢ БАСТАУЫ

Ел өміріндегі орталық және жергілікті органдар шешімін табуы тиіс түйткілді мәселелер айтыла-айтыла жауыр болып, «Жартасқа бардым, күнде айқай салдым» дегеннің керінен қажыған жұрт көп жағдайда, Президентке жүгінуге мәжбүр болып жататыны жасырын емес.

Осы ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы Жолдауында мемлекет өз азаматтарының пікірін мұқият тыңдауы қаншалық маңызды екенін айтып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жариялады. Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыруды міндеттеген осы тұжырымдама аясында қарапайым елдің көкейіндегі ой жетер жеріне жете бастады. Халықтың талап-тілегін тиісті орындарға жеткізетін басты буын — халық пен билік арасында алтын көпір қызметін атқаратын депутаттар. Халық қалаулылары өмірлерге жұмыс сапарында ауыл-аймақтың тыныс-тіршілігімен танысып, қоғамдық қабылдауларда елдің арыз-шағымын қарастырады, түйткілдер шешімін табуына өз күзіреті тарапынан ықпал етеді.

Соңғы жылдары туризмді дамыту, оның ішінде қазақстандықтардың еліміздің әр аймағына саяхаттап, туған жер табиғатын тамашалауына қажетті инфрақұрылымдық жағдай жасау арқылы ішкі туризмді дамытуға баса назар аударылуда. Еліміздің түкпір-түкпірінен көптеп келетін демалушыларды айтпағанда, алыс-жақын шетелдерге де аты мәлім Жетісу өңіріндегі бірегей табиғат сыйы — Алакөл. Дегенмен тұтас еліміздің туристік бренд болып саналатын осы көл жағалауында демалып келген жұрт аузынан көңілге кірбін түсірер кейбір келеңсіздіктер туралы аз естімейтініміз де рас. Осы ретте күні кеше Жетісу облысына жұмыс сапарымен келген Мәжіліс депутаты, «Amanat» партиясы фракциясының мүшесі Болат Керімбек Алакөл жағалауында болып, демалыс орындарының қазіргі жағдайымен танысты. Облыс құрылғаннан бері Алакөл ауданына 4,8 миллионнан астам турист келген екен.

Коммуналдық жағажай мен бірқатар туристік нысанды аралап көрген Болат Керімбек санитарлық тазалық, кәріз жүйесі, көлік бақылау және инженерлік инфрақұрылымды жетілдіру жұмыстарының маңыздылығына назар аударды. *«Соңғы жылдары Алакөл жағалауында инфрақұрылым едәуір жақсарды. Электр жарығы мен интернет мәселесі шешілді. Кәріз жүйесі салынып жатыр, бірақ әлі де жүйелі шешімді қажет ететін мәселелер бар. Біз үшін басты мақсат — табиғат байлығын сақтай отырып, халықтың демалысы үшін жайлы жағдай жасау. Бұл бағытта мемлекет пен кәсіпкерлердің күш біріктіруі аса маңызды»,* — деді депутат.

Мәжіліс Баспасөз қызметінің хабарлауынша, Алакөл жағалауында туристік нысандар саны бір жылда 270-тен асқан. Үздіксіз жарық берілу үшін 56,7 шақырым электр желісі тартылып, қосалқы стансы салынған. 16 базалық стансы орнатылып, жағалау интернетпен қамтылды. Ақши ауылында 69,7 шақырым кәріз желісі тартылып, тазарту құрылысының құрылысы басталды.

Өз тілшімізден

Қали СӘРСЕНБАЙ

Жазғаны жұрт жадында жүретін, көп оқылатын жазушының бірі — Қуандық Түменбай. Жазушы үшін жазған-сызғаны оқырман тарапынан пікірталасқа түсіп жатса, одан артық атак жоқ, абырой дегеніміз сол. Қазіргі жазушы оқырманға, оқырман жазушыға айналған заманда бұл үлкен жетістік. Айталық, Қуандықтың «Адам» деген атышулы әңгімесі бар. Атышулы болатын себебі, оқырманды былай қойғанда осы туынды ана жақты да біраз дүрбелеңге салған. Әдетте, тақырыбы тосын бола тұра, оны игере алмай езіп жіберетіндер бар. Кезінде кеңес әдебиеті үшін интернационализм деген қасиетті тақырып болды. Ахаң (*А.Байтұрсынұлы*) оны бейбауырмалдық деп атады. Талай жазушы талтүсте қолына шам алып, өмірден интернационализм іздеп, есіл таланттың осы жолға қор қылатын. Әрине, ондағы кейіпкердің бәрі социалистік реализм шеңберінен шықпайтын жағымды кейіпкер болуы керек.

Ол тұста кейіпкерлерді социализмнің сыншылары ұнамды және ұнамсыз деп те бөліп қарайтын. Осыдан отыз жыл бұрынғы сұхбатымызда («*Бір-біріңе қотыр тушаңды қиыспаған ағайын*») Тахаң, Тахауи Ахтановтың:

«1954 жылы Мәскеудің бір әдеби газетінде ұнамды герой туралы айтыс болды. Сонда талайлар «бізге идеальний герой керек», — деп оңеш жырттысып жатты. Мен сонда «ешқандай да идеальний, ұнамды емес, герой натуральний болуы керек, өмірдің өзінен алынуы керек», — деген пікір айтқанмын. Сірә, сол тұста осы ой сол пікірталастардың қорытынды сөзі болған еді. Ал енді осы бүгінгінің әңгімесі емес пе?» дегені бар еді.

Қуандықтың кейіпкері де сол өмірдің өзінен алынған. «Таза саясат араласқан жерде шығармаға сайтан кіреді, көркемдікке нұқсан келеді, кесірі тиеді деген сөз. Жазушыны осындай тығырықтан алып шығатын бір ғана жол — шеберлік» дегені де бар-тын Тахаңның. Расында да, «Адам» әңгімесінде әңгіме адам туралы. Оның тағдыры табиғи жазылады. Фальш жоқ. Суреткерді шығармадан саясат іздеген әлгі сойқаннан құтқарып қалған да сол қасиеті.

Жалпы, ең мықты актер жағымсыз рөлді шынайы ойнап шыққан актер деген театрлар тілінде қалыптасқан бір ұғым бар ғой. Сол секілді кеңестік қаламгер-

айналуында ғой. Міне, осы талаптарға сай туынды жай күнде — жай ойнатты.

«Бір кітап оқып бітірген сайын на-дандығымның бір бетін ашамын» деп Қалаған, Қалтай Мұхамеджанов айтпақшы, әр жақсы кітап, әр жақсы шығарма оқырманның ой-өрісін ұзартып отырады, өзіндік пікір айтуға талпындырады. Қуандықта «Көне көрпе» деген оймақтай әңгіме бар. Ертеректе осы әңгімені орта мектептің әдебиет оқулығына ойланбай-ақ енгізуге болады деген. Жазушының елу жылдығында «Егемен Қазақстанға» жазған мақаласында Ақселеу Сейдімбек осы ойымызды құптап, ырзашылық білдіріп еді.

XX ғасыр басындағы Сәбит Дөнен-таевтың Көркемтайы мен соңындағы Қуандық Түменбайдың Көркембегінде айырмашылық, өзгеріс бар ма? Бар. Ол — ой-өрісіміздің өспей қалғаны. Қаншама Көркембектер арманына жете алмай көктей солды. Қоғамның, кезеңнің қасіреті, өмірге Көркембектердің көзімен қарай

алмайтын, бала күнінде Көркембек бола алмаған үлкендердің кесірінен көктей солғандар. Әдебиеттегі көркемдіктің кемеліне жетіп үндесуі, бір-бірін байытуы, ашуы деген осы. Сәбиттің, Қуандықтың Көркемдері кезеңнің адамгершіл санасында әлі де өзгеріске түспегеніне көз жеткізеді. Қуандықтың Көркембегі әлдеқайда өсіп кеткен. Алысқа қарайды, алысқа ұмтылады. Мұғалімнің отбасы, ошақ қасындағы әңгімесімен шектелмейді. Бәрін өз көзімен көргісі келеді. Осы ынтызар көңілді мерзімінен бұрын тұншықтырған уақыттың дерті жазушының тұнық тілімен кемел кестеленеді. Егер бүгінгі орта мектептерге арналған әдебиет хрестоматиясына Көркемтай мен Көркембекті қатар берсе, біз ұлт санасында серпіліс тудырма болар едік. Осы біздің киногерлер көкке қол созып, сценарий іздегенше, Көркембектерді неге көрмейді? Әлі келсін, келмесін, есте жоқ ескі заманның етегіне жабысқанша, күні кешегі тарихты неге түсірмейді?

Тақырыпқа тамызық үшін келген бір ой.

роман жазды. Айтуынша, енді мұндай үлкен дүние жазуға жоламайтын тәрізді. Гәп сонша қажыр жұмсау, босқа уақыт алуда. Расында, оның орнына онды он әңгіме жазылса, әдебиет үшін сол олжа. «Теніздің дәмі тамшыдан білінеді». Таланттың тегеуріні сол тамшыдай әңгімесінен-ақ байқалады. Ал Қуандық әңгіменің қапысыз шебері.

«Кұныс».

Осы аттас әңгіме «орыс тілі менімен бірге өлетіні өкінішті» дейтін Бунинде де бар. Бірақ Бунин басқа, Қуандық басқа. Буниндегі екі кейіпкер де құныс. Бір жарым беттік әңгіме әлдеқайда нақты жазылған. Ал Қуандықтың қазақы «құнысы» да қызық, қиын. «Басы ауырмағанның Құдаймен ісі жоқ», тәні сау адамдар махаббат деген ұлы сезімнің кәдірін қайдан біле қойсын. Дүниеде құныс Сауранбайдың махаббатына, сезіміне тең келер ештеңе жоқ. Ол үшін, оны көру үшін Қуандықтың көзі, сөзі керек.

қалған күнде әлгі дүниелердің тасасында қалатын. Сөйтіп, газеттің интеллектуалдық деңгейі өсті.

Айтпағым, «Алматы ақшамының» рухани-мәдени кеңістігіне мол олжа салған сол элиталық топтың қатарын көп ұзамай Қуандық Түменбай да толықтырды. «Көзбояуы жоқ көріністердің» тұсауын кестік. Шынын айту керек оқырман бірден бас қойды. Қала өміріне қатысты кейбір өткір мәселелер үшін таяқ та жеген кезіміз болды. Тіпті осыны тоқтатсаңдар қайтеді деп кішкентай шенеуніктерден ұсыныстар да түсті. Соған қарамастан тоқтатпадық. Айына екі мәрте жарияланып тұрды. Өзінше осы жарияланымның мәнеріне салып, иә болмаса «Көзбояуы жоқ көріністерде» айтылғандай» деп хат жазатындар да шыға бастады.

Бір байқағаным, «Көзбояуы жоқ көріністер» бір қарағанда жазушының жаттығу, ізденіс алаңы тәрізді. Мұндағы тобықтай толғаныс, оймақтай ой, өткір көзқарастардың қоғамда туғызған дүмпі

«КӨЗБОЯУЫ ЖОҚ»



Жалпы, Қуандық Түменбай қоғам қабылдаған, бір-бірінің қарымын біле тұра онысын айтуға келгенде шешімге келуі қиын шығармашылық ортада да мойындалған жазушы. Ал енді Қуандықтың тағы бір әлемі мұның сыртындағы публицистикалық жазбалары. Жазушылығы өз алдына, мені журналист ретінде дерегі мен дәйегі мол, қызықты оқиғаға, қиын тағдырға құрылған осы оймақтай ойлары көп қызықтыратын. Газет үшін таптырмайтын дүниелер ғой.

Газет демекші, 2005 жылы, 23 ақпанда «Алматы ақшамына» келдім. Иманш «Жас Алаштан» жұлып алды. Биліктің басылымы болғаннан кейін мұндағы мақалалардың басым бөлігі экономикалық, әлеуметтік тақырыптарды қамтитыны белгілі. Көбіне есеп үшін берілетін жарияланымдардың оқырман үшін түкке керекі жоқ. Не істемек керек? Ресмиліктің құрсауында қалған, Шераған айтпақшы, «мұзды мұхиттан» қалай шығудың жолын ойладық. Газеттің шығармашылық әлеуетін арттыру үшін түрлі тақырыпта түрлі рубрикалар ашу өз алдына, ең алдымен, белгілі тұлғаларды тартуға талпыныс жасадық. А.Әшімов, С.Оразбаев, Е.Обаев, З.Асабаев, Ә.Сығай, Т.Әсемқұлов, Ә.Аманкелді, Н.Ораз т.б жарияланымдары жарқырап шыға бастады. Олардың жазбаларының оқырман назарын аударғаны сонша, газеттің кезекті нөміріне баспаханаға қосымша тапсырыс беру жиілеп, таралым артты. Мұның бір пайдасы бірыңғай марапатқа құрылған мерейтойлық мақалалардан да құтыла бастадық. Ал оны жариялай

өз алдына, онда келешекте жазылатын туындылардың нобайынан хабар беретін деректерді көзі қарақты оқырман сезе қояды. Мәселен, шенеуніктердің шамына тиген «Абайды шынжырлап қоямыз ба?» атты шағын толғаныс кейін әңгімеге айналды. Сондай-ақ Д.Қонаев, Ы.Жақаев, Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, Е.Әуелбеков, А.Асқаров, Ш.Мұртаза, С.Бердіқұлов, Х.Қожахмет, А.Жұмаділдаев, А.Сәрсенбаев тағы басқа танымал тұлғалардың өміріндегі қызық та қиын деректерді оның көркем дүниелерінде сәтмен пайдаланғаны аңғаруға болады. Басқасын былай қойғанда бір ғана Асанбай Асқаров туралы «Көрші ақысы» атты «көзбояуы жоғында» кешегі партоқраттарға деген көзқарастан әп-сәтте айнып шыға келесіз. Асқаров әдебиетті жақсы біледі. Бір нәрсе анық. Бұрынғының бірінші хатшылары әдебиетті оқитын. Әдебиет қана емес, тарихтан да мол хабары болатын. Шерағаның Жамбылға жолсапарға шығатындарға: «Қаскенмен сөйлескенде (*обкомның бірінші хатшысы Хасан Бектұрғановты айтты отыр*) байқандар, ол кісі әдебиетті жақсы біледі» дейтіні де содан ғой. Ал қазіргілер білмеуі әбден мүмкін.

«Көзбояуы жоқ көріністер» сөз жоқ, ой салады, пікір түйгізеді. Тіпті көкейіндегіні оқып қойғандай.

Жазушы базар аралап келе жатыр. Базарға барған адам үйге керек-жарағын іздейді. Ал бұл кісі не іздеп жүр? Жазушы кітап емес, «Дос-Мұқасанды» іздеп жүр. Іздегенде де, оның ескі құрамын іздеп жүр. Оқиық.



лердің көбіне бұл тақырыпты ши шығармай, аялап отырып жазатын жарқын қолтаңбасына қанығып өскен қоғам, оқырман үшін де бұл туындының тосын болғанының өзі жаңалық еді. Сондықтан жазушының «Адам» атты әңгімесінің идеясына, жағымсыз кейіпкерге ана кісілердің («КГБ — *контора глубокого бурения*»). — *Б.Кенжеев*) өре түрегелуі әбден түсінікті еді. Мәселе, орыс, қазақта емес, адам тағдырында, оның әдебиетте өмір шындығынан көркемдік шындыққа



ЖАЗУШЫ

«Дос-Мұқасанның» ескі құрамын тыңдаймын. Ескі кассета жылдар бойына қойыла-қойыла әбден жұқарып, дауыс та қырылдап шығатын болыпты. Осы ескі құрамдағы кассетаны іздеп, базар атаулыны әбден шарладым. Бәрі тұр, тек «Дос-Мұқасан» жоқ. Сатушыға тапсырыс та бердім. «Айтсаңыз болды» дегенмен, «Таба алмадым» дейді еш киналмастан. Әміренің әндері табылып жатқанда, күні кешегі жалт етіп өткен 70-жылдардағы «Дос-Мұқасан» қайда жоғалып кетті екен? — Жаңа құрамын тыңдай бермейсіз бе? — дейді сатушы жігіт затым өтсе деп өбектеп.

— Ол таза эстрада...
— Ол да таза эстрада емес пе?
— Онда қазақы әуен бар, — деп түсіндірген болдым.

Заты өтпеген саудагер иліге қоймады, менің не айтып тұрғаным бәрібір.

«...Дос-Мұқасанның» ескі құрамын іздеп жүрмін. Социализмнің камалын бұзып шыққан «Дос-Мұқасанды» ешкім де ұмытпайды...»

«Социализмнің камалын» бұзғаны ақиқи. Олар өнердегі «туған компартиямыздың» «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деген принципін жоққа шығарды. «Түрі де ұлттық, мазмұны да ұлттық» өнер жасады. Репертуарына бірде-бір орыс әнін қоспады. Талай мәрте болған ұсыныстардан амал тауып, құтылып отырған. Тіпті жоғары жақта ансамбльдің атын «Бауырластар» деп атау жөнінде әңгіме жүрген.

Кеңес заманында ұлт өмірінде үш құбылыс болды. Олар — «Қазақ совет энциклопедиясы», «Қыз Жібек», «Дос-Мұқасан».

Ансамбльдің аты дүрілдеп тұрғанда «Лениншіл жасқа» 80-жылдары «Дауыс қайда, Дос-Мұқасан?» деген сын мақала жаздым. Осыдан біраз уақыт бұрын «Ана тілінде» «Аңыздың ақыры» деп бұл тақырыпқа қайта оралдым. Шынында, қазір атақты өнер ұжымының аты ғана аңыз болып қалды. Бұрынғы «Дос-Мұқасан» енді оралмайды. Қазір технологияның қарыштаған заманы. Бұрынғы қайталанбас әуендер қолды болып кетпей тұрғанда қайта қаралып, тұтастай көшіріліп, халқымен қайта қауышып, ел өміріндегі зор рухани оқиғаға айналуы керек. Елу жыл өткен соң «Қыз Жібек» қайта көшірілді. Сондықтан да жазушының аландауы орынды.

Ертеректе журналистика жазушылыққа барар жолдағы жаттығу деп те жататын. Қазіргі журналист пен жазушының аражігін айыра алмайтын заманда бұл пікірдің қаншалықты құлаққа

кіретінін білмеймін. Бірақ бұрынғырақ айтылған пікірдің де жаны бар. Біз білгенде Оралхан, Ақселеу, Мағралар журналистикада науқандық тақырыптарға жоламай, өз көздеген мақсаты жолында жұмыс істеді. Қазіргідей эссенің екпін алмаған кезінде баспасөздегі көркемдік компоненттері басым ірі жанр очерк еді. Кейінірек мықты жазушы болғандардың бәрі уағында бұрқыратып очерк, триптих жазғандар, яғни есеп, репортаж деген ұсақ-түйектермен аузын да сұртпенгендер. Әзілхан Нұршайықов айтпақшы «очерк — журналистика мен жазушылықтың шекарасы» еді. Мерзімді басылымдардың мектебінен бір кісідей өткен Қуандық Түменбай да осы соқпаққа ерте түскен тәрізді. Болмаса осы тәуір жазушы болады дейтін ағаларымызды журналистиканың кара жұмысы жұтып қойғанын да білеміз. Дейтұрғанмен де жанып тұрған журналистикадан барынды тонатып алмай «аман» шығу да қазақ әдебиеті үшін үлкен олжа болғаны хақ. Қалай десек те, Қуандықтың «Менің көзім арқылы», «Жан әуендері» атты қоңыр, қызыр әңгімелерден, эссе, портрет, танымдық мақалардан тұратын ғажап қос публицистикалық кітабы сол журналистиканың жемісі. Кейде жазушылар мақала жаза алмайды деген де бір делқұлылау пікір бар. Бұл керісінше мақала жаза білмейтін, кара дүрсін сөз десе бермейтін кейбір журналистің сөзі болар. Мақаланы жазса жазушы жазсын. Өйткені онда тартымды тіл бар, жоғары интеллект бар, ойлау масштабы бар. Жалпы, журналистика да, жазушылық та ойлау масштабы ғой. Осы бір күндері кісілік пен кішіліктің, даралық пен дегдарлықтың драмасындай қос кітапты оқып шыққанда ойлағаным бір-ақ нәрсе болды: «шіркін-ай, мына кітаптарды, алдымен, басқаны қоя тұра, журфактың балаларына оқытса ғой».

Екі кітаптың іші де толған тағдыр, өмір, күрес. Бұрынғының адамдары. Қанағатшыл. Тәубашыл. Отаншыл. Жершіл. Елшіл. Кіл бір елін өміреніп сүйген ерлер. Тақырып дегеніңіз телегей. Ар. Абырой. Ождан. Қай кезден бері біздің елден қашып кеткені, қазір қай қиырларда түнеп жүргені белгісіз — Ұят. Өзі айтқандай, кемелденген социализм кезеңінің тұлғаларының шынайы образы. Қазіргі ашкөз қоғам жаппай, жабылып-ақ оқитын кітап. Қайтесіз.

Қазір еңбек адамы, адал еңбек, адал қоғам туралы тақырып қайта бас көтере бастады. Жазушылар одағы Инженерия академиясымен бірлесіп «Еңбек адамы» деген байқау да жариялап жіберді. Біз білгенде еңбек адамы кім еді?

Ертеректе бейнелеу өнері саласы бойынша мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған шығармалардың көрмесінде бір суретшінің еңбек адамы туралы портреті оқыс назар аудартқаны бар. Мұндай жерден, әдетте, кеудесі орденге толы, «Правда» газетін оқып отырған еңбек адамын көріп дағдыланғанбыз ғой. Әлгі кісінің портреті табиғи шыққаны сондай, салалы саусақтарынан, кәрі бәйтеректің жер бетіне шығып кеткен тамырларынан айнымай қалған күректі қолдардан көз алмай қалыппын. Портреттің алдында жіпсіз байланып, едәуір уақыт оның қасынан бір аяулы жанға жолыққандай кете алсамшы. Содан бері көп жыл өтті. Сол портрет маған Ыбырай Жақаев болып көрініп еді.

Ыбырайдың суретін салған суретшіні біле қоймаймын. Бірақ кара шалдың қасиетін танып жазатын осындай бір туынды жазылса деген ойдан да алыс емес едік. Қуандықтың «Жақаев пен Қонаев», «Босағада қалған кетпен» атты екі эссесі сондай портреттің орнын алмастыра алатынына кәмілмін. Біздің биліктің ойлап таппайтыны болсайшы. Жазушының жазуынша, Ыбырайдан бастық жасағысы келген. Оған бұл көңілі келмейді. Ақыры болмаған соң түрлі үркіту жолдарымен артына «үш әріпті» салады, сотқа тартады. Шартты жазаға кеседі. Бәрібір оны кетпенімен қостағыра алмады.

Мына дерекке назар аударыңызшы. Ғалымдар есептеп жіберсе, Ыбырайдың өндірген өнімі Қазақстан халқының біркүндік түстік асына мольна жетеді екен. Гектарына 171 центнерден өнім алып, дүниелік рекорд жасады. Қарамағындағылар күніне 15 шаршы метр жер шапса, бұл 45 шаршы метр жер шауып, яғни 2,5 кісінің нормасын атқарады екен. Бірақ еңбекақы бір адамға төленеді. Мәскеуден келген бір комиссия бұл тірліктің заңсыздығын да айтқан деседі. Ақын Қанапия Дәрібаев «Сарыарқада ән патшасы ұлы Абай, Сыр бойында дән патшасы Ыбырай» деп жырға косты. Ежелгі күншығыс елдерінде аса құрмет тұтатын дақыл күрішті патшаның өзі бастап себеді екен. Сол күрішті қазақ жерінде, Сыр бойында сеуіп, сіңірген Ыбырай қай патшадан кем!? Журналистік әуесқойлыққа салып, дерекпен сөйлеп жатырмыз, ал Қуандықтың эссесінде басқа. Ол жазушының көзімен көреді, жазушының талғамына салады. Аңыз адамның ақиқатын ашады, қарапайым болмысынан кемелдікті аңғартатын қызықты детальдарды табады. Бәйбішесі қайтқанда Жазылбектің келіп көніп айтуы, қазаның үстінде де ақеділ ағаның берген тапқыр жауабы, Қонаевтың өзімен қалжың қағыстырып, тірі адамға жібі қоймайтын Жәнібековті жымитуы тағысын-тағыларды жаңғалақ журналист болса жіберіп алуы мүмкін, ал жазушы жібермейді. Социалистік еңбек адамын құрғақ мақтаудан бойын аулақ салып, өмірдің өзінен өрбітеді. Шіркін дейсін, осыны көретін көз қайда? Режиссеріне кезіксе, дайын фильм ғой. Айтпағымыз, еңбек адамын да осылай жазуға болады деу.

«Қарағандыға Ақселеудің 70 жылдығына арналған шығармашылық конференцияға барып қайттым. Кісіні жолда танысың. Қуандық Түменбаев деген жазушы ұнап қалды. Мінезі қоңыр, зейінді, келісті азамат екен. Ақселеудің інісі, Ыбырайдың немересі (23.08.12)» деп жазыпты күнделігіне Асанәлі Әшімұлы.

Айтары жоқ, жаны да, жазуы да қоңыр десе қоңыр. Кезінде «Қаныштың етігі» деген шағын дүние жазып едік. Сонымен қоя салғанбыз. Ал Қуандық дала дәптеріне еңбек дастанын жазып кеткен Ыбырай кетпенінің қасиетін, киесін, күдіретін 3 курста жүргенде осы «Қазақ әдебиетіне» жарияланған алғашқы әңгімесі «Қайың сапты кетпеннен» бермен әлі күнге жазып келеді. Қаламы кетпенге айналып кеткен. Әр жазған сайын әр қырын ашып, қайран қалдырады. «Көзбояуы жоқ» жазушы ғой.



МАҒЖАН ОРТАЛЫҒЫ – МАҢЫЗДЫ НЫСАН

Солтүстік Қазақстан облысының орталығында ақиық ақын, қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаев атындағы орталық ашылды. Бұл – елімізде алғаш рет ашылып отырған ақынға арналған осындай бағыттағы кешен.

Маңызды мәдени оқиғаға ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, Туризм және спорт министрлігі мен Мәдениет және ақпарат министрлігінің басшылары, облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, зиялы қауым өкілдері және шетелден арнайы келген қонақтар қатысты.

Жиында Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы Төрағасының орынбасары, ақын Қасымхан Бегманов сөз сөйлеп, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлқеновтің құттықтау хатын Орталықтың жаңа тағайындалған басшысына тапсырды.

Орталықтың негізгі мақсаты – Мағжан Жұмабаевтың бай мұрасын насихаттау, жас ұрпаққа оның шығармашылығын тереңірек таныстыру. Алты бөлмеден тұратын ғимараттың ішкі құрылымы заманауи талаптарға сай жабдықталған. Онда жиналыс өткізуге арналған зал, кітапхана, «Мағжантану» жастар клубының бөлмесі қарастырылған.

Бұл орталық жас зерттеушілер мен әдебиет сүйер қауымның еркін бас қосып, ақын мұрасы жайлы ғылыми, шығармашылық жұмыстармен айналысуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ орталық аумағында арнайы арт-аймақ ұйымдастырылып, сол жерге Мағжан Жұмабаевтың шағын архитектуралық мүсіні орнатылған. Көркемдік талғаммен жасалған бұл мүсін гранит, керамика және қоладан құйылып, ақынның бейнесін айрықша стильде бейнелейді.

Мағжан орталығы – қазақ руханияты үшін маңызды нысан. Ол тек бір тұлғаның шығармашылығын ұлықтап қана қоймай, жалпы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына тың серпін беретін мәдени ошақ болары анық.

Өз тілшімізден



Қуандық ТҮМЕНБАЙ

Жылына бір бас сұғатын жесір келіншек Анаркүл қызыл кірпіш үйдің атшаптырым балқонында Алатауға қарап селт ойланып тұр екен, қасына жақын кеп сөз бастадым.

— «Шақырылмаған қонақ татардан да жаман», айтып келгенінде ғой, бәрі мұнтаздай болатын еді, — деп, бір жыл бұрын шейіт болған күйеуінің құрдастығын алға сап шүйліге сөйледім.

— Не боп қалды, кетіре алмай тұрсың ба?!

— Жок, көршім шақырып қойып еді, алыстан әкесі келген екен, біз келгенше отыра берем десен, балдарға бас-көз боп...

— Сенің үйінді күзетуге келген жоқпын, — деп, ол да күйеуі кетіп, жалғыз қалған жарым көңілін тіл безеп жария ғып жіберді, — қазір кетем. Сенен басқаның бәрі балқонын қоршап тастапты. Сен неге?.. — дей бергенде, сөз ығытын түсініп, іліп әкеттім.

— Түрмеде өмір сүргім келмейді, тәуелсіздікті не үшін алдық...

— Иә... — ол желігі басылған жесір көңілдің желкені жығылғанын мойындағандай болды да, — мен кеттім, — деді.

Шынында, бес қабатты үйдің арасында менің балқоным ғана жетім баладай боп жалаңаш тұр. Басқаның бәрі білектей-білектей темір тормен айналдыра қоршап, ат шаптырым балқонды кеп-кең тіршіліктен бөліп тастаған. Тордың арғы бетінде күн май тоңғысыз жып-жылы болғасын ба, біреулер тапал орындыққа жайғасып суын сораптап отыр, біреулер қарта соғып, преферанс сызып, құмар қандыруда. Бәрі тамаша. Балқон толы тамақ, темір тордың ар жағынан әркім себезгілеген күн сәулесіне мойнын созып қарайды, жылтыраған көздер күн нұрына құмар-ақ. Кейбір балқондар бума-бума жүк, қуыс-қуыстың бәрін құр қалдырмай түйіншек-буыншақтармен толтырып тастаған.

— Қой, кеттім, — деп құрдасымның әйелін шығарып салдым да, бесінші қабаттағы балқоны қапталдас көршінің пәтеріне бет алдым. Жерге түсіп, қайтадан бесінші қабатқа көтерілдім, егер балқоны ашық болса, аяқ-қолымды созып, томп етіп түсе салар едім деп бала күннен қалған қисық әрекет көңілімде бұлаң ете қалды.

Көршім Министрлер Кеңесінде жауапты қызмет атқарады. Ауылда қалған тоқсандағы әкесін қолына алыпты. Соның құрметіне қарсы есіктегі халық артисі әнші мен төменгі қабаттағы Бресті қорғаған батырды және мені қонаққа шақырыпты. Осындай ірілердің қатарына баласынбай өзімді қосқанына әрі таңғалып, әрі қуанып келдім. Менің де қатарға қосылғаным ба деген жып-жылы сезім бойымда жүйткіп жүр.

Ақсақал тоқсанға келсе де әлі тың екен. «Ассалаумағалейкүм!» — деп есіктен кіргенімде, «Әликімүссалам!» — деді де, — «қаланың емес, ауылдың баласысың-ау» — деп сөз айтып қалды. Сом білегі мен нән саусақтары «мен даланың адамымын» деп көзге ұрып тұр. Менен басқалар да еш кешікпестен уақтылы келіп, орындарына жайғасты. Халық артисі әнші кісі: «Әкемді көргендей болдым ғой», — деп көзіне жас алса, соғыс көрген кісі өзінің балалар үйінде өскенін, «Әке деген — мен үшін белгісіз болмыс», — деп айтып салды.

Дастарқанның алғашқы сөзін ақсақал айтты.

— Барым да, нарым да осы жалғыз балам — Эрнест. Кемпір болса, мені тастап кетті, енді қалған өмірімді осының қолында өткізем, — дей отырып, — бесінші қабат болса болсын, Алатауға жақыннан қарап, ауа жұтамыз, — дегенде, Бресті қорғаған батыр: «Таза ауаны елден бұрын ерте тұрып, жұтып-жұтып аласыз ғой», — деп әзілге шаптырды.

— Иә, ауылдың ауасын тоқсан жыл жұтып, топырақ татыған кермек желге мейірімімді қандырып келдік. Алатау жарықтық тым жақын болса да, бұ жердің ауасы кірәсін сасып тұрады екен, — деп ақсақал бірден ақиқат сөзге көшті. — Анау зәңкігер 12 қабат қонақүйді осы жерге соқпаса болмай ма екен? Дәл алдында жарықтық Абай тұр, артында қазақтың кең Сарайы тұр. «Арман» деген кино-

Сірә, батыр аттан түссе керек, әуелетіп барып, құйындатып келіп, әнді тұғырға қондырды да, оң қолын жүрегіне қойып, сахна рәсімін жасады.

— Аман бол, балам, — деді шал жан дүниесі анау айтқандай ләззат алмаса да, алғысын білдіріп.

— Осы Нарекендей халық артисінің өнері үшін бір алып қояйық, — деп үй иесі мөлт-мөлт етіп апиын құйылған тырна сирақ рюмкесін көтерді де, әншіге көрсетілген қошеметтен кейін өзі сөз бастады, — арамызда аты аңызға айналған, Бресті қорғаған Сауыт көкеміз отыр. Осы кісіге сөз берейік. Сөз сөйлердің алдында осы кісі үшін бір алып қояйық. Өзі бізбен көрші, астыңғы қабатта тұрады, — деп оймақтай рюмкесін сығымдай ұстады.

— Жилетіп жібердің ғой, — деді шал жер ортасына кеп қалған перзентіне көз астымен қарап.

— Көке, қаланың заңы осылай. Қонаққа құрмет осылай жасалады, — деп

сағын шошайтып, бір нәрсе іздегендей болды, сөйтсе дастарқан шетінде сорайып тұрған бөтелкеге қол созып отыр екен. Еңкейіп, бес саусағын бүгіп-жазып бөтелкені ұстап, өзіне ғана құйып ап, тағы бір қылғытты. Ашырқанған жоқ, дәм иіскемеді. Дастарқанның ең жас қонағы менің де асқазаным шымырлап, тамағым бүлкілдеп қоя берді, бірақ сұрап ішу қанымда жоқ, жасыма да, тағдырыма да сай келмейді. Осыны сезгендей үй иесі Эрнест бөтелкені еңкейтіп, бәріне қайталап құйды.

— Мен сәл ауа жұтып келейін, — деді де, ақсақал орнынан тұрып, балконға қарай беттеді. Бәрі көзге көрініп тұр, ол тарам-тарам тордың ар жағында өркеш-өркеш боп маңқиған Алатауға қарап біраз тұрды да, тағы бір рет ерніне насыбай тастады. Бұл — дастарқан басында қалған кәрі-жас тырна сирақ рюмкесі қайта соғыстырып, ащылап отырған шақ еді, іле ақсақал адымын санап басып, бірі

Қоршауы жоқ

театрмен екі араға сығылыстырып... жастардың арманын аяқпен жаншып... Соларға «қой дейтін қож» жоқ па екен? Еттен алындар, — деп өзінің тәрелкесіне салып алған қамыр мен кара кесек етке білектей бес саусағын тигізді, — маған қарамандар, мен қолмен жемесем, ет жегендей болмаймын.

— Аға, сөзіңіздің бәрі дұрыс. Біз де осыны айта-айта шаршадық. Ешкім тындамайды, тәуелсіздік деген жақсы болды ғой, әркім білгенін істейді. Бұл да бір дәудің соққан құрылысы, елбасының сыныптасы дейді.

— Құдайда сыныптас жоқ, ертең бәріміз соның алдына барамыз. Қарашы, халық жұтатын ауаның бәрі 12 қабатқа келіп тіреліп тұр. Алатау жарықтық та бәрін көріп тұр, бір күні ол қозғалса... — дегенде, үй иесі Эрнест:

— Әкемнің сөзіне бір алып қояйық, — деп рюмкесін көтерді.

— Өздерің соғыстыра беріндер, мен қазір бұдан қалғанмын. Елу жыл ел басқардым, соғыстырудан мүйіз шықса, маған шығар еді. Алып қойындар, — деген ақсақалдың сөзінен кейін апиын құйылған рюмкелерді әуелі жақын отырған халық артисімен, сосын, Бресті қорғаған батырмен, ең соңынан, өзімді осындай түрғалармен рюмке соғыстыруға себепкер болған үй иесімен түйістірдім.

Бетіне сәл-пәл қызыл шырай үйірілген халық артисі арқасы қозды ма, әлде отырыстың әуенін басқа жаққа бұрғысы келді ме, орнынан шалт тұрып:

— Мен қарияға арнап, ән орындап берейін, — деді де, тамағын бір кенеп ап, — «Ер Тарғын» операсынан Тарғынның ариясы, — деп гүрілдеген даусымен дөңгелек дастарқанды жаңғырықтырып, әуелете жөнелді. Басқаны қайдам, менің көз алдымда Ер Тарғын жауға қарай жалғыз аттандап бара жатты, өйткені ішімде жауға бір атарлық оғым бар. Иә, Ер Тарғын әлі жауға қарай аттандап келе жатыр, өйткені опера ырағына салған жырдың сөзі түсініксіздеу естіліп, тек ұлттық рухты көтерген әуеннің ырағына елтіп отырмыз. Бір төмен құддилап, бір жоғары әуелеп, батыр образын айшықтаған ария ақсақалға ауырлау тиді-ау деймін, аңтарылып жауа отырды да, «Мынау не деп тұр?» — деді күбірлеп.

— Ән ғой, көке, Ер Тарғын жауға қарсы шауып бара жатыр, — деп едім:

— Е-е, аман барып, сау қайтсын. Өзі де Ер Тарғын сияқты екен, — деп екі иығына екі кісі мінгендей сом денелі, тұлғасы мығым әншіге ішіп-жеп қарады.

әлгінде ғана сақал-мұртын сабындап қырып, беті жылтыраған үй иесі шокша сақал, әкесінің алдында балаша ақтала сөйледі.

— Жөн екен, — деді шал ерніне насыбай тастап, түкіргіш іздегендей айналасына түртінектей қарап.

— Мен ешқандай да батыр емеспін, — деп шынашақтай еркек өршелене сөз бастады. Сірә, ішке үш қайыра түскен апиын ауызға ерік берсе керек. — 1941 жылы, 22 июньде ешкім де батыр болған жоқ, басқа түскенді көрді, — деп шаптыға сөйлеп кетті.

— Қаншадасың? — деді төрдің үлкені ақсақал шалт сұрақ қойып.

— Сізден түп-тура он бес жас кішімін.

— Бала екенсің, — деді топырақ толтырылған қалайы түкіргішке ерніндегі насыбай суын шырт түкіріп тастап.

— Ол өзі демалыс күн еді, моншаға түсетін күн. Ол күні күллі солдат моншаға асығып отырады, біз таң атар-атпастан ыстық буға кіріп те кеткенбіз. Автомат тазалауға, танктер жуылуға қойылған.

Өйткені жексенбі — көптен күткен демалыс. Соғысқа ешқандай дайындық жоқ, оның үстіне Гитлер жауызбен жасалған соғыспау туралы келісім бар.

Сталин соған сеніп қалды ғой. Кәне, сол үшін бір алып қояйық, — деп рюмкедегі мөлдір суды лақ еткізіп тамағына құя салды. Кім үшін алғаны белгісіз, кәрі солдаттың көңілінде қаяу бар, адамзатқа сенбестік пе, әйтеуір, бір кара дақ көзге ұрып тұр, — Жуков Сталинге қанша рет ескертті, соғысқа дайын болайық деп.

Сталин де өзінен басқаға сенбейтін күдікшілдің нағыз өзі ғой. Сенбеді, бұл арандату деп ала көзімен ата қарады.

Ақырында, моншадағы солдаттар бомбаның гүрсілінен тыржаланаш қашып шығып, селтең-селтең етіп, кірер тесік таппай жанталастық. Ол кезде ешкім де батыр болған жоқ, қорғанудың қамымен жүрдік. Тағы бір алып қояйық, — деп тырна сирақ жінішке рюмкесіне сидам саусағымен қыса ұстап, тамағына төңкере салды. — Егер батыр десен, — деді екі иығы селк-селк етіп, — Бресті жарып кету туралы бұйрық шыққаннан кейін минометчиктер от пен оқтың арасында қып-қызыл қан боп жүріп, Брестке мина қойды. Нағыз батыр — солар. Біз қашып-пысып жүрдік. Оқушылармен кездесуде осыны айтып едім, сонан кейін ешкім мені шақырмайтын болды. Қорқақтар!

Шындықты айтудан қорқады. Міне, бүгін сен шақырып отырсың, — деп екі иығы бүкшііп үй иесіне қарап, сұқ сау-

қарай келе жатты.

— Балам, — деді, — мынау атшаптырым балқонды қоршамасаң болмай ма? Кең дүниені тарылтып... Мен де халық жауы боп қармаққа ілініп, торда отырғам. Торды көрсем, түрме келеді көз алдыма.

— Бүгінгінің модасы ғой, — деп әнші жөпелдеме жауап берді, — ұры-қары да аз емес.

— Әй, қайдам, бесінші қабатқа өрмелеп шыққан ұры жерге аман түсе қоймас.

— Ұрыға дауа жоқ, көке! Қазір ұрыға қошемет көрсетілетін болды ғой, — деді халық артисі, — қамалады да, кешірім сұрап, қаржысын төлеп, шығып кетеді. Көшеге түкіргендер мен әділін айтып, сөз сөйлегендер түрмеде отыр, — артистің де тілі күрмеле бастағандай.

— Соларды бұрынғыдай 58-ге іліктірер ме еді. Сталин қолы қан болғанмен ұрлық-қарлыққа қатан қарады ғой, — деп шал орнына жайғасты. — Ол кезде дүние жинауға бәрі Сталиннен сескенетін. Бишара, бір шинелмен өтті ғой өмірден.

— Балқонын қоршаматаң мына бала ғана. 75 пәтердің ішінде осының балқоны ғана аузы аңқиып ашық тұр. Батыр деп осыны айту керек, — өз батырлығын өзі мойындамай отырған мына кісі маған арнап тост бағыштап жіберді. Өзіме ұнамайтын көріністі осы кісінің тап басып отырғанына таңғалдым. Адам мас болғанда ешкімге есе жібермейді деген рас-ау, кәрі солдат та, сірә, шын көңілін жайып сап отыр. Өзім кейіпкері болған тосты түбіне дейін тартынбай алып қойдым да, осы отырысыма риза пейілмен айналама көзім жайнап, көңілім көк дөненге мініп қарарым.

Ұзамай үйді-үйімізге тарадық. Батыр көке екі аяғын тең баса алмай шайқалақтап қалғасын қолтығынан демеп, төменгі қабаттағы шаңырағына кіргізіп салдым.

Ажал айтып келмейді деген рас екен, бір түн өтіп, екінші күні атқан таңмен бірге тоқсандағы ақсақал бұ дүниені тастап жүріп кетіпті. Көрер жарығы таусылған шығар. Бесінші қабатта тұсаулы аттай боп отырғысы келмеді ме, әлде құжынаған көлігі көп жердің түгін аралас ауасы көкірегіне ауыр тиіп, тынысын тарылтты ма екен? Алатаудың ауасын бөгеп ұстаған 12 қабат қонақүйге көңілі толмай сөз айтып еді, әйтеуір, сол мамыражай отырыстан кейін жастыққа жантайған күйі басын көтермепті. Таңғы шайға шақырып келген ұлына: «Өтірік сөйлемей өмір сүрсендерші» деп бір ауыз

сөз айтып, жүріп кете беріпті. Енді ақсақалды мәңгілік қонысына жайғастыру керек, күн болса — жексенбі, ақсақал әлі қаланың тұрғылықты тұрғыны боп тіркелмеген, елге алып кетуге онда да «екі туып, бір қалғаны» жоқ. Атбайлары жалғыз ұл түнде ғана бірге болған көршілерге қарап, көз жасын ірікті.

— Кеңсайдан қалай орын аламыз? — деді көрші болса да ағайыннан артық боп тұрған үшеуімізге қарап.

— Аламыз! — деді қол басындай Сауыт көке өршеленіп. — Мен несіне ардагер боп жүрмін. Батыр дейсіңдер, қатын да, басқа да жатыр ғой Кеңсайда. Ақсақалдың жаны жәннатта болу үшін... Құй! — деп үйіріліп жиналып қалған үшеуге шегір көзін сығырайтып, айбат шеге қарады. Жалғыз ұл қаңғалақтап, сасып қалса да бөтелке әкеп, тығынын тыңқ еткізді.

балжон



— Шал үшін, әкеміздің жайлы жатуы үшін! Арамызда мұсылмандықтан хабардар сенсің ғой, аузың да, қолың да таза болсын! Сүйекке кіресің, — деп маған қарады да, қырлы стакандағы апиынды лекілдете жұтып ап жеңін иіскеді, — мен кеттім, Ардагерлер кеңесіне. Генерал Панфиловті де өз қолыммен жерлегем, — деп сөйлеп бара жатып, шалт кері бұрылды, — паспортын берші.

Жалғыз ұл Эрнест қолды-аяққа тұрмай киім ілгішке ілулі күртесінің қалталарын қармалап, әкесінің көне паспортын тауып ап қолына ұстатты.

Арада сағат жарым өткенде Кеңсайдан тағы бір қазаққа кара жер бұйырып, қабір қазыла бастады. Ең қиыны, шалды суға төндіру болды.

— Ет жақыны кім еді? — деді Сауыт көке әкесінен айырылып, әбіржіп тұрған жігітке сұқтана қарап.

— Жақын дейтін жақын да жоқ қой. Жанашыр болса, бесінші қабатқа көшіп келе ме?

— Онда басын өзім ұстаймын. Сен, қол-аяғын жуасын, — деді әншіге қарап. — Қорықпайсың ба?

— «Ер Тарғынды» айтып бердім ғой, — деді тегі момын әнші бірден батыл сөйлеп.

— Сен, су әперіп тұрасың, — деді маған қарап.

— Айтсаңыз болды. Мешіттен имам шақырайын, — дедім қолды-аяққа тұрмай.

— Имам қазір келеді. Анау-мынау емес, Ардагерлер кеңесінің штаттағы имамы.

Күн бесінге тақағанда көрші-қолаң мен Эрнестің әріптес көзкөргендері жаназа намазына сапқа тұрды. Бес қабат кірпіш үйдің алдында мұсылман салтымен өлік шығарып, соңғы парызды орындау үшін құрақ ұштық. Есік алдында тұрған мына бір дөңкіген кара «Джип» аяқ астынан оталып, жер дүниені ащы түтінге малып, жиналған жұрттың кейбірі аузы-мұрнын қымтап, әрі ысырыла бастады. Көрші-қолаңның біразы терезеден сығалап, біразы аяқ астынан болған көрініске торлы балконнан таңырқай көз салып тұр. Олар үшін көп қабатты үйдің алдында сап түзегендерді көру қызық

— Әкет мәшиненді!

— Чего!

— С тобой разговаривает полковник, шенок! — деп жұп-жұмыр жұдырықпен аузынан бір қойып, саусағына ілініп, салбырап тұрған кілтті жұлып ап маған ұсынды. — Мәшинесін үйдің артына апарып таста!

Анау «102, 102, у нас ЧП», — деп қалта телефонын аузына тақап, жыламырап жатқанда Ардагерлер кеңесінен келген имамның қоңыр даусы естілді.

— Ал мұсылман жамағат, сап түзеп, бір-бірлеріңізге иық түйістіріп тұрыңыздар. Бүгін уақыты келіп, арамыздан қайтқан тоқсан жастағы ақсақал, — дей бергенде, бүйіріне 102 деп жазылып, ысқырығы жеп жарған сары машина ентелеп кеп саптың артына тоқтады. Машинадан түскен майор шеніндегі біреу топты тықсырып кеп ең алдында тұрған Сауыт көкені байқап қап: «Жолдас полковник!» дей бергенде, шал шарт ете қалды.

— Сапқа тұр, мұсылман емессің бе? — деді сөйлеп тұрған имамға иек қағып.

— Марқұм қандай адам еді? — деп имам сауал тастады.

— Жақсы адам, — деп сап түзегендер шу ете қалды.

— Ешкімге қарызы бар ма еді?

— Жоқ, ненің қарызы, — деген дауыс естілді.

Беторамалмен аузының қанын сұрткен замминистр ғана сапқа қосылмай селтиіп жалғыз қалды. Екі көзін қатарда тұрған майор полисайдан алар емес.

Мен дәл соғыс басталған күні туыппын. Осыны Ұлы Отан соғысы дейміз, біздің әкелеріміз, Бресті қорғаған көкем айтқандай, «көппен көрген ұлы тойды» бастан өткеріпті. Егер Ұлы Отанымызды қорғасак, неге біздің Отанымыз кезінде, 58-баппен жалған «халық жауы» боп атылған жазықсыздарды қорғай алмады? Отанымызға сырттай иелік еткендер біздің зиялылардан қорықты, бас жібімізді тартып алып, өздерінше отау тігіп кетеді деп қынадай қырып, көкірегінде сәулесі барлардың көзін жойып, санымызды азайтты. Біз бертінде дейін жалған Отанның көрпесін жамылып келдік. Бізді ешкім жаудан қорғаған жоқ, біз өз жерімізді өзіміз қорғадық. Сырттай иелік еткендер аштыққа ұрындырғанда да жерімізді уақытша қызылдарға тастап, сыңсып жылап, жат-жұртқа аудық. Сондықтан бұл соғысқа Ұлы Отан соғысы емес, екінші дүниежүзілік соғыс деп айдар тақсақ қайтер еді деп жүрегім бүлкілдеп, ойға шомып келе жатырмын.

Қос перзентім өмірге келіп, жиырма жыл ғұмырымды өткізіп, балконы әлі қоршалмаған шаңырағымда да жақындап қалдым. Қалалық атанып, ә деп есігін ашқан ескі мекенімді қимайды екенсін. Ескі көрші ежелгі туысындай, әкесін қолымызбен жөнелткен Эрнест ағаны да көргім келеді, балконы қапталдас сол үйге кіріп шықсам деп те келе жатырмын. Әкесі қайтқалы жүздескенім жоқ.

Өз балқоным көзіме оттай басылды, сол аңқау баладай аңқиып тұрған қалпы, тау жақтан соққан сылқым самал жайып қойған кір-қонды бүлкілдете тербеп тұр. Басқа балқондар темір қоршаулары тот басып, кейбіріне бармақтай-бармақтай дақ тұрып көнере бастапты. Анау тілінен тауып, Сауыт көкеден жұдырық жеген замминистр темір тордың ішінен тағы бір есік шығарып, кең дүниені, тіпті тарылтып тастапты. Сірә, күндіз ашып, түнде құлыптап қоятын сияқты. Есік алдына келгенде тор-тор балқоннан менің сұлбамды байқап қалды-ау деймін, Сауыт көке қолын көтерді де, «тұра тұр» дегендей, жіңішке білегін кейін сермеді. Сосын: «Қозғалма!» — деді өзіне тән бұйрық раймен дауыстап. Бұйрықты орындау керек, ереже солай. Сонда байқадым, менің ашық-шашық балқонымда темір-терсек пен дүңкіп

электросварка моторы тұр. «Е-е, белгілі болды, сатып алған жаңа тұрғын жасауы жоқ жапандағы жалғыз үй болмай, кең дүниені қоршайын деген ғой». Іле Сауыт көке шықты да, сидам алақанын ұсынды. Көптен көрмеген кимас кісіні құшақтап, иық түйістірейін деп едім, салқын сәлемдесті де:

— Балқоныңды көріп кетейін деп келдің бе? — деді көзін сығырайтып сұрау сала сөйлеп, — Мұсылмандықтың белгісі бар жалғыз балқон еді, оны да анау көшіп келген маубас қоршайын деп жанталасып жатыр. Адамзатқа сынықтан басқаның бәрі жұғады. Күні бойы зырылдатып темір кесіп, миымызды шағады. «Бұл неге керек?» десем, «Ұры көп» дейді. Балқонды қоршап, ұрыдан құтыламы деп жүр ғой. Жердегі ұрылар жетіп-артылады емес пе? «Сіздікі де қоршаулы тұр ғой», — дейді менің тезегіммен жасты нәлеті китүрқыланып. Маған Ардагерлер кеңесі үйді қоршауы бар балқон күйінде силады. «Осының керегі жоқ» деп едім, тындамады. Әлгі сенің жаңа тұрғының: «Сізді ұры-қарыдан қауіпсіздендіргені ғой, біз әлі жаспыз, бізге де жан керек», — деп мені келеке қылғысы келеді. Өзі ұры-қарымен күресіп жүрген антикор сияқты. Мейлі, «әзілін жарасса, атаңмен ойна». Ал әлгі мен аузын бұзған замминистрдің баласы осы жердегі тұрғын үй басқармасының бастығы екен. Әкесі де, баласы да мені көрсе теріс айналады. Білгендерін істесін!

— Көке, бүгін соғыс басталған күн, — дедім сөзін бітірген соң.

— Иә, сондай күн.

— Әрі менің туған күнім, — деп едім:

— Жүр, сыралатайық, — деп алға озды, — соғысты ала келген баланың туған күнін атап өтейік.

Екі сөзге келместен үйге тиіп тұрған сыраhanaға бет алдық. Енді балқон туралы сөз болмаса екен деп зәрезап болған тақырыптан қашқақтап келемін.

— Сенің балқоныңды көрген сайын өзінді ойлаймын, — көкем бір саптаяқ сыраны жартылаай сіміріп сап, тағы да көне тақырыпты қозғады. — Осы балконы бар үйден менің де кеткім кеп жүр. Өз-өзімнен тұншығып жүрмін. — Сыраның қоймалжың көпіршігі саптаяқ түбіне шөгіп қалды. — Қайталайық.

Ағаш бөшке жаққа бара жатқанда ту сыртымнан көз алмай қарап қалды. Құдай біледі, не соғыс басталған күнгі Брестегі жанталас, не темір тормен қоршалған қыздың баласындай қатарласқан балқондар көз алдынан тізбектеліп өтіп жатыр.

— Соғыс басталған күнді айтыңызшы, — дедім қайтып кеп қатар тұра қап.

Ол саптаяқтың бетіне үйіріліп қалған ақшыл көпіршікті ернін шүйіріп бір үрлеп тастап, мінбеде тұрғандай жұлқынып сөйлеп кетті.

— Соғыс деген ойыншық емес. Соғысты есуастар бастайды. Соғыстың бетін әрі қылсын! Соғыс сенің туған күніңмен бірге кетсін! Тарт қолыңды, Вьетнамнан! Долой, Афганистан! — деді де, сусынды тамағы бүлкілдеп сіміргенде саптаяқ кенересінде жағал-жағал боп ақшыл көпіршіктің жұғыны қалды. — Тағы бір қайтала да, үйіне қайт, қоршауы жоқ балқоннан шыққан бала, — деп нән бөшкеге қарай иек қақты. Көпіршігі асып-төгілген саптаяқты алдына қойғанда маған жаңа көргендей ішіп-жеп қарап:

— Енді үйіңе қайт. Бүгін туған күнің ғой, бірақ соғыстың басталған күні екенін аузына алма! — деді қалш-қалш етіп. — Тез жөнел! — қатқыл дауыстан кейін «Мылтықсыз майданда жеңіске жете алар ма екенбіз» деген естілер-естілмес сөз артымнан ілесіп келе жатты. Жалт бұрылсам, саптаяқ сабынан бес саусағын босатпай қалш-қалш етіп тұр екен.

Мен кеттім. Ол да ұзамай үйіне келіпті. Табалдырықтан аттай бере балқонға орындық қойып отырып ап, жіңішке темір қоршауды күшке сап майыстырып, адам басы сиярдай саңылау жасапты. Қос қолы тот басқан темірді майыстырған күйі қарысып қалыпты.



**Айша
КӨПЖАСАРОВА**

Сағынып келдім

Жазда сазды жайлаған дөңгелектеп,
Сансыз малы жайылған төңіректеп.
Қарсы келмей, әдептен абайлайтын,
Қартты сыйлап, кішіге қарайлайтын,
Елімді сағынып келдім.

Хал сұрасып қаракөз қиылатын,
Қонақ келсе бір үйге жиылатын.
Сылқ-сылқ күліп жеңешем сыбырайтын,
«Тетелес» деп жанымнан сыр ұрлайтын,
Елімді сағынып келдім.

«Еркебала» жеңгеден кешке жақын,
Қой сауғанда шыбықтап «өш алатын»
Отыз ауыз сөзі бар от ала кеп,
Шер тарқатып қайтатын апалар көп,
Елімді сағынып келдім.

Аға құрмет көрсеткен тіке тұрып,
Іні ізет көрсеткен күте тұрып.
Жасауы мол, сүйкімді керім дала,
Жуас қана биязы келін бала,
Сендерді сағынып келдім.

Ардағым деп ұсынар көңіл төрін,
Аппағым деп отырар көкелерім,
Замана сазыменен өзгергендер,
Иіскеп, ісінетін көз көргендер,
Сендерді сағынып келдім.

Балын қосып беретін тамағына,
Сағынышып қараған қабағыма,
«Күзетші» еткен қасыма бауырымды,
Қызына сақ сағындым ауылымды!

...Суы тастай мөп-мөлдір маржан бұлақ,
Басын алмай ішетін мал-жан құлап,
Жерімді сағынып келдім,
Елімді сағынып келдім.

Жұлдыздар аққан түн

**Әрбір 33 жылдан соң жұлдыздардың
жүзі ағысы байқалып отырады.
1999 жыл**

Үзілген үмітпісің, маржанбысың?
Жұлдызым, қымбаттысың, арзанбысың?!
Ерте кеткен өмірден қыршындардың
Арманы боп шашылып қалғанбысың?!

Қайда барып тоқтадың, тағат таптың,
Кеміп жылдар барады, сағаттап күн.
Қай жұлдызға жұтылдың ағып өтіп,
Қай қияға бет түзеп, қанат қақтың?

Себездеп Ай нұрынан алған күшін,
Жамырап жұлдызбысың, жалғанбысың?
Көзің жұмып, өзіңді лақтырасың,
Қараудан қара жерге талғанбысың?

Жұлдызым, бұл қай сенің сабылысың,
Жұлбағың ба, әлде бір жаңылысың.
Бұл әлде ғашық жүрек құпиясы
Баса алмай кеткен аптап сағынышың...

Тұрғандай Ғарышыңа тиіп төбем,
Рухым саған қарап биіктеген.
Ағып бара жатқан сол «лағылыңды»
Сүйеп қалғым келіп тұр иықпенен.

Кісінің жоқ етердей жан қайғысын,
Жымындап, алдаймысың, арбаймысың?!
Құдайдың кеңістігі тарлық етіп,
Жұлдызым, Көкте де күй таңдаймысың?!

Күйік асуында

Алқынған жүрегімді әрең басып,
Сап-сары сағыныштан келем қашып.

Маңыма мұң үйірген мамық бұлты,
Күйіктің асуынан келем асып.

Ақ жолдан, ақ сапардан үміттеніп,
Ыдырап барады бұлт түбіттеніп.
Бергендей құмай ағыс тау суына
Күн көзі бар сәулесін үйіп-төгіп.

Түспеген тағдыр жолы қиоласып,
Кетуге мәжбүр етсе Күйік асып.
Қоңыр ән кеудемдегі қоңыр күзбен
Жатқандай бір әуенмен қайымдасып.

Асудың қыз беліндей бұралаңы,
Жібектей ширатылып бұралады.
Қалыпты солғын тартып қызғалдақты
Көктемде көзім тартқан гүл алаңы.

Кенжеме жанымдағы, жонға шығып,
Жасаймын тыным таппай жолбасшылық.
Арқасын тауға тіреп көк теректер,
Қонақжай қариядай тұр бас ұрып.

Жүрекке жақын жырды айта берсем,
Шіркін-ай, май айында қайта көрсем.

Жанымда үлбірейді үкі сезім

Суарып жанарымды жәннатыма,
Содан соң қыстауыма қайта берсем.

Көктем

Буы шығып, бұрқырап дала жатыр,
Қыс көктемге айналып бара жатыр.
Өрік гүлдеп, шиеніз бүршік атып,
Әлі-ақ гүлден тәж киеп, қара да тұр.

Тағы міне, қауыштым көктеміммен,
Барша әлемге шұғыла төккен Күнмен.
Мен алғаусыз сенемін жүректерге,
Жылылық пен жарқырап нұр төгілген.

Десе де менен жастық алыстаған,
Бәрібір бұлақ, күлкі таныс маған.
Қанатым жоқ және де тағатым жоқ,
Бәйшешекті көргенде бала ұстаған.

Қырында қызғалдақпен жарасып ем,
Түнінде Ай нұрымен таласып ем.
Енді ана боп қараймын Қаратауға,
Ақ пейілді кейуана қарасымен.

Көктемі көп болсын деп өркенімнің,
Жемісі мол болсын деп ертеңімнің.
Балам менен бағымды мәпелеймін,
Киелі таңбасындай Күлтегінің.

Сүйеу бол

Жанар нұрым кемігенде,
Жер бұлдырлап көрінгенде.
Шау тартып бой, ерінгенде,
Өркенім, сен сүйеу бол!

Қара көзім тұнжырғаса,
Қуат-күшім құлдырғаса.
Уақыт толқын ұрғыласа,
Өркенім, сен сүйеу бол!

Жаным дерттен тыншымас,
Жүрек шаныып, шымшыласа.
Өткенді аңсап шын жыласа,
Өркенім, сен сүйеу бол!

Көкірегімде «шыбын» барда,
Мейіріміңе шомылдыр да.
Бәйек болып шырылда да,
Өркенім, сен сүйеу бол!

Аппақ нұрға бояғанда,
Қалып соңғы аялдама.
Ақ таяққа таянғанда
Өркенім, сен сүйеу бол!

Мінез

Жүректі атиша тулатқыза қақтырып,
Сабырымды жіберді отқа лақтырып.
Бір-ақ сәтте тұнығымды лайлап,
Быт-шыт етті тосын мінез, жат қылық...

Неғылады өзге мұңды, басқаны
Ойлағаны ошақ қасы, бас қамы.

Жер-жаһанды құйын соғып, сел алсын,
Көлеңкесі өз маңынан аспады...

Тамағыма қалғандайың қақ тұрып,
Жаным жылап, арлан кеудем жатты ұлып...
Қан қысымы көтеріле жөнелді,
Бас жарылып, кеткендей-ақ, жақ сынып.

Жолыққандай бір пысыққа бір тәуір,
Жүрек ұйып, сол иығым зілмәуір.
Сонда да мен өкпелемен ешқашан,
Себебі сол, кеудем толы кіл бауыр!

Ай сырға

Аппақ қардың үстіне түсіріп
алдым ай сырға,
Асылымның көзіндей балаушы едім асылға.
Тамашалап аз-ақ күн тағып едім қызықтап,
Мамық қарға батты да, аһ ұрғызды осында.

Алдамшы үміт жетелеп,
сипаладым ақ қарды,
Түршіктіріп жанымды бойымды
үрей ақтарды.



Ымырт түсіп, көлеңке басты-дағы көзімді,
Уақыт озып, ай сырғам
Қар астында қап қалды...

Жарық болды айнала, сүттен де ақ ұйыған,
Көркі көктем ай сырғам шықпай
қойды ойымнан.
Шымырлатып жүректі нәзік
бір ән сыздапты,
Қоңырайтып көңілді қоршап алды ой-орман.

Өзекті өртеп өкініш, кеудені мұң жаныштап,
Қарлы шыңға бет алып, кетіп
барам ғарыштап...
Ай сырғамды ап қалған аршалы бақ, алыс бақ,
Аспандағы Айымдай қала берді алыстап.

Қарттық

Асылымды тоздырып, асқағымды кішірткен,
Жан дүниемді тоңдырып, пәк сезімді үсіткен.
Соқпағымен қарттықтың жасаяулап
жүріп келемін,
Құйғытып шапқан жастықтың
құлагерінен түсіп мен.

Тозған бұйым секілді көңіл
жырттығын жсамайын,
Ойды асықтай үйіріп,
шақшадай басқа қамайын.
Күміс қырау қап-қара шашыма ғана
тускен жоқ,
Лүпіл қаққан жүрекке қолын салды, ағайын.

Ашып тастап таңғы ауаға әйнекті,
Ақ самалға сипатамын ай бетті.
Бойды билеп іңкар сезім шуағы,
Мазасы жоқ, көңілімді жайлы етті.

Көңіл өссе, түрленбесін қай көрік,
Қызғалдағын қырға шашты май келіп.
Мөлдір аспан, жасыл бақта, шуақта,
Жұқарады, жойылады қайғы өліп.

Қызыл-жасыл гүлге толсын айнала,
Аймалашы, жібек желім, аймала!
Сұлулыққа сыр алдырмай, сұқтанбай,
Ақын жүрек соға алмайды жай ғана.

Түйіршік қар

Ақша қарым, қалбалақтап қолыма,
Қалқып келіп, ұшып келіп қондың да.
Ақ түйіршік мекені өзге, сыры өзге
Суға айналып еріп кеттің лезде.

Салқын жерге салсаң қоныс соғұрлым,
Ұзар еді тіршілігің, ғұмырың.
Ыстық қолда ерисің-ау моншақтап,
Қала алмадың өз бейнеңді сен сақтап.

Тоса қойсам алақанды жоғары,
Мұздай түйір бүрісіп кеп қонады...
Қайтер еді қолыма кеп қонбаса?
Қай затқа да қиын-ау өз ортасы болмаса?!

Тіршілік

Батып мұңға белшеден
Жүргенде түскен еңсемен.
Үміт пен күдік аралас
Арпалысып теңселем.

Сенімім — қайық тіршілік,
Түспесем болды мен сенен!

Туғандай кейде асыл Ай,
Жүрегім шалқып, жасымай.
Ал кейде қалам жабығып,
Түсінесің бе, досым-ай!

Тауқыметі таусылмай,
Қинайды өмір осылай.
Кедергілермен алысып,
Қуаныш, қиял жарысып,
Жеткенше жаға қинайды,
Көкірекке мұң сыймайды.

Аяңы жоқ уақытым
Күмдай сусып тұрмайды.
Жақын деп жаға күрсінем,
Балдай күйге еңсем мен.
Болмашыға құр сенем,
Мазалап өстіп жүрсем өлең.
Сенімім — қайық тіршілік,
Түспесем болды мен сенен!

Үкі сезім

Қырмызы қызыл шырай, бала қалып,
Суарып жанарымды барады анық.
Бір мінез пайда болды «кісікүйік»,
Тұратын жаннан бөлек дараланып.

Маңайым секілденіп жалтыр айдын,
Қол ұшы көмек тілеп қалтыраймын.
Айналам тұнып қалған мұнар дүние
Ақ тозаңы іспетті алтын Айдың.

Жүргенде өз-өзімнен жұмбақталып,
Келеді көмейіме жыр қатталып.
Қиялдың қанатына отырғызып,
Самғайды бір жоқ шіркін, бір жоқты алып.

Қарындай Оңтүстіктің жентектеліп,
Кетемін ықыласқа әп-сәтте еріп.
Жанымда үлбірейді үкі сезім,
Жұлып кетпесе екен бір тентек келіп...

Жүрек оттай өртеніп, алау-көрік,
Кетемін сәби болып, бала болып.
Бір жалын өнбойымды шарпып өтер,
Сені көрсем, көздерім ғана күліп.

Жүзім жанып қызғалдақ шырайланып,
Қалғандай діріл қағам тіл байланып.
Сезімме сонбейтін шырақ жағып,
Табады өзің болып жыр айналып.

Келмесе жыр көмекке не етер едім,
Үрме шардай жарылып кетер ме едім?!
Тарта алмас атан түйе
Жұдырықтай
осынау жүрегімнің көтергенін.

Сен тұрсаң
Күндей күліп, дәндей толып,
Кетемін сәби болып, әлди болып...
Жаным, мен жамалыңнан ләззат алам,
Қуаныштан көңілге ән-күй толып.



Болат ДӘУЛЕТОВ

*Ғылымды іздеп,
Дуниені көздеп.
Екі жаққа үңілдім.
Құлағын салмас,
Тіліңді алмас,
Көп наданнан түңілдім.
Абай*

Озады шіркін,
Бір күннен бір күн,
Қимас екені сезіле.
Жыл салып тағы,
Көктемнің шағы,
Алатау келдім өзіне.

Табиғат таңнан,
Сәулесін салған,
Айқара ашып есігін.
XXI ғасыр,
Тарихта асыл,
Жаңғыртты елдің есімін.

Көз көрді – өңір,
Өзгерді өмір,
Кеңейді тірлік ұғымы.
Көбейді басым,
Ұзарды жасым,
Қатайды елдің тұғыры.

Айнала әлем,
Айтқаным дәлел,
Алматы ыстық бауырын.
Жерімнің байтағы,
Сәлемін айтады,
Менің туған ауылым.

Салтымыз сәнді,
Оюы әрлі,
Киіздей жұмсақ көңіл-ай.
Таң болып атып,
Күн болып батып,
Дөңгелеп жүрген өмір-ай!

Өткенді саралап,
Әлемді аралап,
Желіде отырмыз жарысып.
Жер амандығы үшін,
Ел амандығы үшін,
Тіршілік үшін алысып.

Тыныш күн атып,
Жүрміз біз – бақыт,
Жұмыстан үйге оралып.
Жел тымып өңір,
Желпініп көңіл,
Амандасамыз қол алып.

Көңілім шалқып,
Темірше балқып,
Құлыпын ашуға сырымның.
Күн шыққан шақта,
Көктөбе жаққа,
Абай атама бұрылдым...

Қасқайған маңдай,
Керемет қандай?!
Сурет Алатаудағы.
Гүлденіп өтір,
Құлпырып жатыр,
Ару Алматы аумағы.

Ойымды түйіп,
Басымды иіп,
Ескерткішіне бардым да.
– Келдім, – деп жолдан,
Жан-жағын шолған,
Ақынның тұрдым алдында.

Ауамен алас,
Таңменен талас,
Қалаға түсті жарық нұр.
Мейірім шашып,
Қадамын басып,
Аспанды тіреп алып тұр.

Сарайдың басы,
Театр қасы,
Құшағын жайған төр екен.
Абайға келіп,

Сәлемін беріп,
Өтетін жандар көп екен.

Көп бола берсін,
Шоқ тола берсін,
Жақсылар көптік етпейді.
Қадірін бардың,
Түсінген жанның,
Есінен олар кетпейді.

Жазылған қанық,
Есіме алып,
Ақынның айтқан талабын.
Іркіліп барып,
Көзімді салып,
Жоғарыға барлап қарадым.

Қаланы шарлап,
Тұрғандай барлап,

АСПАҢДЫ ТІРЕП АЛЫП ТҰР

(Алматыдағы ақын ескерткіші алдында)

Кеудесі кеңіс, нар тұлға.
Сөзгәндәй қолды,
Дегендей болды,
Айтарың болса тартынба.

* * *

Әділдік аңсап,
Қумаған мансап,
Сөзінің семсер кесімі.
Тасынған жырлар,
Асынған шыңдар,
Абайдың жарқын есімі.

Тіл ұшы жібек,
Тілегі тірек,
Парасатты ой байламы.
Қызуы күннің,
Жарығы түннің,
Сияқты бейне Айдағы.

Табиғат нұры,
Сиқырлы қыры,
Абайдан туған асқақ ән.
Өнерді тану,
Түсінік алу,
Ақынды алға бастаған.

Алысқа меңзер,
Жебедей сөздер,
Санаға нәрін құяды.
Жырларын пішін,
Адамзат үшін,
Өрнегі ұшан, ұялы.

Оқудың шыны,
Тоқудың шыны,
Түсінгендерге жарасқан.
Ұқсын деп бәрі,
Үзіліп жаны,
Ұйқысыз Хакім таң асқан.

Құшағын ашып,
Шұғыла шашып,
Темірқазықтай тұр алдан.
Ізгілік түрін,
Қайырым нұрын,
Түсінген оқып Құраннан.

Ұлық та болу,
Кішік те болу,
Дарыған жанға санадан.
Адамның пірі,
Абайдың үні,
Өздерін адал санаған!

Жоғарыда аспан,
Жер үсті баспаң,
Тұрағы пендешіліктің.
Алдағы күнді,
Арқада зілді,
Тұрады шіркін біліп кім?

Бел-бекем буып,
Шоқ болып суып,
Бұрылған соны жолына.
Іздеген жарық,
Айтқызбай танып,
Абайдың қонды қолына.

Жоғарыға еріп,
Төменге келіп,
Түсіңді елдің тынысын.
Көрсетіп төзім,

Қайрады өзін,
Әкенің айтқан сыны үшін.

Ақылды озар,
Ақылсыз тозар,
Айтқаны болды көненің.
Жайдақтық жанға,
Көпшілдік барға,
Дәлелдеп шықты керегің.

* * *

Жалғыздан шошын,
Көп болса досын.
Өмірде адам саспайды.
Түндерден өтіп,
Күндерге жетіп,
Мұртыңды балта шаппайды.

Тіршілік – теңіз,
Еңбекпен егіз,

Бес саусақ – жұмса, жұдырық.
Кеменгер жырын,
Өзгеден бұрын,
Өзіміз танып оқылық.

Ақылың толса,
Намысың болса,
Өмірдің сара жолында.
Білікке қадам,
Жүректі адам,
Абайдың тілін орында.

Сабырмен алға,
Ризамен барға,
Жүргенге пырақ көрінер.
Достыққа адал,
Көңілін табар,
Жандарға шырақ төгілер.

Күпірлік тонын,
Әділдік жолын,
Айырып жүрсе әр адам.
Токқа да жетер,
Жоққа да жетер,
Алақандай-ақ таба нан.

Шыным да – Абай,
Ұғым да – Абай,
Біртуар елдің базары.
Қазағым – Абай,
Бабамыз – Абай,
Әлемнің ауған назары.

Айтарын толғап,
Халқына жолдап,
Қараймын тұрған мүсінге.
Ғылымды қазған,
Ақылың жазған,
Қауырсын қалам күшінде.

Жасырып айтып,
Тасынып айтып,
Не керегі бар басқаға,
Ақыннан қалған,
Тәлімі маржан,
Жақұттар жатыр таспада.

Сұраққа қанып,
Құлаққа қанық,
Қара сөздерін толғайды
Ертенге бастар,
Бүгінгі жастар,
Оқымай орта толмайды.

Ұғады ел деп,
Жырымен тербеп,
Ұлы даланың бесігін.
Жадына тақ та,
Жүректен сақта,
Ұлы дананың есімін!

Жоқтан бар қазып,
Қалдырған жазып,
Әліптің асу айбары.
Ғибаратын алып,
Жеткізді талып,
Шашақты жылдар айдары.

Білімге құштар,
Көк Туды ұстар,
Жастардың жарқын ұраны!
Бойында қайрат,
Ақылы әйбат,
Мойынға таққан тұмары.

Ізденсең ізбен,
Ай-жылдар түзген,
Ашылар тарих есігі.
Жұлдыздай жанып,
Арыстай анық,
Тұрады Абай есімі!

* * *

Арманға балап,
Заманға қарап,
Тілегі елдің – ұлықтау.
Атадан қарыз,
Ұрпаққа парыз.
Абайдың тілі –
Ананың тілін ұмытпау!

Болмасын кірме,
Болмысың тілде,
Тағдырдың өзі жаратқан.

Мұрағат толы,
Бабалар жолы,
Оқуға оны талаптан.

Тіршілік таңы,
Адамды таны,
Болашағыңды жас ұлан.
Сен туған жерде,
Тәтті жоқ елде,
Ананың берген асынан.

Мамықтай көркем,
Өсетін өркен,
Тал бесігінде тербеткен.
Ананың әнін,
Сүтіңнің нәрін,
Таба алмайсың жер-көктен.

Тарих шексіз,
Емеспіз тексіз,
Көз салсақ шалқар көнеге.
Жаралған ардан,
Бабадан қалған,
Өсиет – тұнған өнеге!

Түсініп үлгер,
Бүгінгі күндер,
Оралып қайта келмейді.
Қуаныш айлар,
Жұбаныш жылдар,
Токтауға мұрша бермейді.

Тіршілік тыныс,
Адамзат ұлы іс,
Жарыса жалғап барады.
Байлықты асып,
Жақсыны жасып,
Суытпаса екен араны.

Мінезі мақұл,
Достыққа жақын,
Бір-бірін адам сағынған.
Уақыт – өлшем,
Жастық шақ өршен,
Талапқа ғана бағынған.

Оң Айым туып,
Иықтас уық,
Балбырап жатыр бал бөбек.
Үлкен мен кіші,
Жалғасқан ісі,
Кеудеге піскен ар керек.

Білімге қанық,
Жастарды алып,
Шақырып жатыр жол алда.
Үлкенге кішік,
Кішіге ішік,
Болады ертең олар да.

Жамандап бірін,
Діні мен тілін,
Бұрмалағандар тозады.
Халқының тілегі,
Сүйенер тірегі,
Білімді ел ғана озады.

Адамның күні,
Еңбектің сыны,
Заманы құшқан тағдырдан.
Өмірдің мәнін,
Тіршілік сәнін,
Ұлы Абай жазып қалдырған.

XX ғасырдың 60–70-жылдары Кеңес Одағының ғылыми ордасы болған Ленинградтың шығыстанушы ғалымдарын бас идірген екі қазақ жігіті болды. Олар – Т.И.Сұлтанов пен Б.Е.Көмеков.

Тұрсын Икрамұлы Сұлтанов Ленинград шығыстанушыларынан дәріс алды. Ол сонда университет бітіріп, КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институтының Ленинград бөлімшесінде қызметке қалған, аспирант болған. Ал Б.Көмеков Ташкент мемлекеттік университетінің Шығыстану факультетіндегі Араб тілі және әдебиеті бөлімін бітіріп, Египеттегі Асуан ГЭС-інде аудармашы болып 3 жыл жұмыс істеген. Кейін Қазақ ССР Ғылым академиясы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына қызметке келген соң Ленинградқа аспирантураға жіберілген. Б.Көмековтің аспирантурада жүріп жазған «История кимаков по арабским источникам» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын әлемге әйгілі Ленинград шығыстанушылары бір ауыздан докторлық жұмыс ретінде жоғары бағалаған.

Б.Көмеков туралы жазу, яғни оның өз саласындағы батыл қадамдарын толық көрсету оңай емес. Тарих ғылымының айналасында жүргендер Болат ағаның ғылыми ерліктерін біледі, алайда оның шоқантануға сіңірген қыруар еңбегін білетіндер жоқтың қасы.

Ш.Ш.Уәлихановтың толық жинағын алғаш рет жарыққа шығаруды Орыс Географиялық қоғамы К.К.Гутковскийдің басшылығымен қолға алып, қызу кірісті. Алайда 1867 жылы Карл Казимировичтің кенеттен қайтыс болуына байланысты РГО-ның аса игілікті ісі тоқтап қалды. Бұған Ресей интеллигенциясы, әсіресе Шоқан мен Гутковскийді білетіндер қатты қайғырды. Мысалы, Гутковский, Шоқандармен тығыз байланыста болған Лондондағы А.И.Герцен «Колокол» журналының 1867 жылғы 1 тамыздағы санында: «...самый дельный и самый знающий Гутковский умер в настоящем году», – деп жазылды.

Еуропа елдері мен Ресейде қазақ ғылымының көптеген зерттеулері, мақалалары жарық көрді. Аса құнды зерттеулері қолжазба күйінде министрлер мен губернаторлардың (*Сібір, Қазақстан мен Орталық Азия*) үстел үстіндегі кітабына айналды. Кеңес өкіметі заманына дейінгі жарық көрген көлемді кітаптарының ішінде ерекше атап өтетініміз – Лондон (1865) мен Санкт-Петербургте (1904) бір том болып шыққан кітаптары.

Сол К.К.Гутковскийден кейін Ш.Ш.Уәлихановтың толық жинағын бастырып жарыққа шығаруды XX ғасырда Қазақ ССР Ғылым академиясы президенті Қ.И.Сәтбаев (*Оған алғаш ұсыныс жасаған А.Н.Бернштам*) қолға алып, ыждағаттылықпен кіріскен еді, әттен, осы бір үлкен науқан 1952 жылы тоқтап қалды. Дәл Гутковскийдің тағдырына ұқсас жағдай болды. Қ.И.Сәтбаевты ұлтшыл деп айыптаған компартия басшылары оны академиядан аластатып, орнына Д.А.Қонаевты отырғызған еді...

Бірнеше жылдан соң ақталып орнына қайтып келген Қаныш Имантайұлы 1955 жылы Ш.Ш.Уәлихановтың толық жинағын жарыққа шығару жұмыстарын жаңадан бастады. Шоқантаушылар тобын құрып, ұлы ғалымның еңбектерін зерттеп баспаға дайындауға бар күшін салды. Әйтсе де ештеңе өндіре алмаған соң шоқантанушылар тобын таратып жіберіп, жаңадан қайта құрады. Одан нәтиже шықпаған соң тағы таратып жіберіп, тағы да қайта құрады. Осылайша, Қаныш Имантайұлы қызметінің күрделігіне, жұмыстарының көптігіне қарамастан, Шоқан еңбектерін жарыққа толық шығару үшін алты рет топ құрыпты. Шұғыл, аз уақытта ештеңе шығара алмаған соң ақыры шоқантанушылар тобын басқаруды Ә.Х.Марғұланға тапсырады (1957).

Әлкей Марғұлан Қазақстан археология мектебінің негізін қалаушы болғанмен, Петербург университетінен алған мамандығы филолог еді, яғни ол – жан-жақты еңбек еткен ғалым. Де-

мек, шоқантанушылар тобын басқаруға бірден-бір лайықты маман... Ол өзінің әртүрлі археологиялық экспедицияларын тоқтатып, Шоқан еңбектерін жарыққа шығаруға ден қояды. Нәтижесінде, 1958 жылы Ш.Ш.Уәлихановтың біртөмдік «Избранные» кітабы, 1961 жылы 5 томдық жинақтың 1-томы жарыққа шықты.

Біз енді Б.Е.Көмеков басқарған Ш.Ш.Уәлиханов еңбектерінің екінші бестөмдік жинағы туралы баяндаймыз. Бұл біздің заманымыздағы ең керемет оқиға еді. Себебі қазақ ғалымының туғанына 150 жыл толған мерейтойын

XIX ғасырдың өкілі болған соң оның еңбектерін шығару міндетін «До революционной истории Казахстана» атты бөлім қызметкерлеріне жүктеу керек еді. Алайда жауапкершілігі зор, күрделі жұмысты біздің бөлімге, яғни Болат Ешмұхамбетовке жүктелді. Бұған, әрине, «До революционной истории Казахстана» бөлімінің бастығы Бек Сүлейменов пен Басин сияқты белгілі ғалымдар ренішін білдірмей қоймады. Ш.Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасы 5 томдық көлемде 1961 – 1972 жылдары Ә.Х.Марғұлан бастаған шоқантанушылардың күшімен жарыққа

ШОҚТЫҒЫ БИІК ШОҚАНТАНУШЫ

ЮНЕСКО көлемінде тойлау жоспарланған.

Мен Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Б.Е.Көмеков басқаратын «Ерте және Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» атты бөлімінде 1981 жылдың Імаусымынан бастап 18 жыл қызмет еттім. Ақай Нүсіпбеков басқарған Тарих институтына кіші ғылыми қызметкер болып орналастым. Б.Көмеков басқарған Ерте және орта ғасырлар тарихы бөлімінің қызметкерлерінің барлығы дерлік шет тілі мамандары.

Мен бұрыннан танитын Аяп Сабырханов осы бөлімде аға ғылыми қызметкер екен. Қытай тілінің аса көрнекті маманы Юрий Алексеевич Зуев менің Аттила туралы зерттеуіммен бұрын таныс болыпты. Сол маусым айында «Білім және Еңбек» журналының 6-санында менің Аттила туралы мақалам бес бет көлемде жарық көрді. Бұл мақала Қазақстан

гуманитарлық ғылым өкілдері мен жалпы жұртшылыққа, журналистер мен жазушыларға ерекше әсер етті. Себебі мақала Ә.Марғұланның комментарийімен жарияланған еді.

Бөлімде екі араб тілі маманы (*Б.Көмеков пен В.Настич*), үш парсы тілі маманы (*Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.Шуховцов*) бар, қытай тілінің тағы бір маманы К.Ш.Хафизова, мен барған соң жаңадан ашылған Шығыстану бөліміне ауысып кетті. Көп ұзамай Ленинградта жүрген В.Шуховцов келді. Екі жылдан соң Ленинградта аспирантурада жүрген тағы бір қытайтанушы маман А.Ш.Қадырбаев келді. Жоғары білімді тарихшы зертханашы Ғайни Шаймерденова сартылдатып жазу машинасын басып отыратын. Клавдия Антоновна Пищулина ол кезде институттың ғылыми зертханашысы болғандықтан күні бойы жұмыстан бас алмайтын. Жалпы, мен осы бөлімнің қызметкерлерімен бітеқайнасып жақсы да жемісті ғылыми қызмет істедім. Осындай мықты шет тілі мамандарын жинап, аудармашылар, яғни шығыстанушылар бөлімін құру тек Болат Ешмұхамбетұлының ғана қолынан келген еді. Осылайша, менің де «Одессадан» кейінгі аса жемісті жылдарым аталған ғалымдардың арасында басталды.

1983 жылы Орталық Комитеттен нұсқау түсіп Ш.Ш.Уәлихановтың 150 жылдық мерейтойын өткізу науқаны басталып кетті. Осы үлкен науқанның екі үлкен ауыр жұмысы Болат Ешмұхамбетұлы Көмековке тапсырылды және ол осы міндеттерді артығымен атқарып шықты.

Мереке Алматыда ЮНЕСКО көлемінде тойланатын болғандықтан ұлы ғалым еңбектерінің 5 томдық жинағын жарыққа шығару науқаны екі жыл бұрын басталған. Ш.Ш.Уәлиханов



шыққанын жоғарыда айтқанбыз. Одан бұрын 1958 жылы біртөмдік таңдамалы шығармалары басылып шыққан болатын. Аталған кітаптар құмға сіңген тамшыдай әлдеқашан библиографиялық сирек кітапқа айналған. Мерейтойға арналған жаңа басылым бір жарым жыл ішінде жарық көру керек болған соң шұғыл іске кірісуді талап етті. Ш.Ш.Уәлиханов еңбектерінде шетелдік терминдер (*Еуропа тілдері мен Шығыс тілдерінде*) өте көп болғандықтан, осындай аса қиын күрделі жұмыстарды тез арада атқару қажеттігі туғандықтан, бүкіл жауапкершілік сақдай-сай шет тілінің мамандары қызмет істейтін Болат Ешмұхамбетовтің бөліміне жүктелді.

1983 жылдың соңынан бастап біздің бөлімнің жігіттері Болат ағаның басшылығымен Ш.Ш.Уәлихановтың 5 томдық мерекелік жинағын баспаға дайындауға кірісіп кеттік. Институттың барлық жоспарлы жұмыстарын тоқтатып қойып, тек осы міндет жолында күнітүні жұмыс істедік. Ен ауыр жыл 1984 жыл болды. Осы мерейтойға арналған 5 томдық жинақ әдеттегідей «Ғылым» баспасында емес, «Қазақ Совет энциклопедиясы» баспасында басылатын болды.

Болат аға алғашқы күннен бастап: «*Бұрынғы шоқантанушы ғалымдарды шақыру керек*», – деп мәселе көтерді. Біздің институтта Ә.Х.Марғұлан басқарған шоқантанушылар тобына кірген бір-ақ ғалым қалған екен. Ол – белгілі түркітанушы және иранист маман Наджип Нигматұлы Мингулов еді. Біраз жыл бұрын зейнетке шығып кеткен белгілі шоқантанушылар Мариям Сүлейменқызы Тұрсынова мен Жамалия Халелқызы Кармышеваны шақыртып алып штатқа қосты. Мариям апайды Ленинградқа ұзақ уақытқа жіберіп, архивтерден Шоқанның мате-

риалдарын алғызды. Себебі ол бұрын Ленинград архивтерінде болған және сол мекемелердің қыр-сырын өте жақсы білетін. Осындай қауырты жұмыстардың арқасында кейбір тың материалдар жаңа басылымға енді.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ ғалымы Ш.Ш.Уәлихановтың 150 жылдық мерейтойы кең көлемде тойланып, ЮНЕСКО дәрежесінде атап өтілуге тиіс еді. Шоқанның талай еңбегі ағылшын, неміс, француз тілдерінде жарияланып, Петербургте ғана емес, Еуропа елдерінде кеңінен тараған. Шығыс Түркістан мен Қырғыз елін алғашқы зерттеген ғалымның 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның қағидасына да құба-құп келіп тұрған. Сондықтан біз Шоқанның мерейтойы Парижде өтетін болды деп қуанып жүргенбіз, бұған сенімді болдық. Алайда бұл қуанышымыз 1985 жылдың басында су сепкендей басылды...

Мәскеу қазақ ғалымының 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде өткізбейтін болды. Қысқаша айтқанда, Қазақ ССР Ғылым академиясы іштарлық көрсетті. Болат аға телефон арқылы ССРО Ғылым академиясы басшыларымен әлденеше рет сөйлесті. Олардың негізгі сылтауының бірі – Ш.Ш.Уәлихановтың ешқандай кітабының Мәскеуде шықпағаны болды. «*Патша заманында Петербургте, Лондонда, Парижде, Аустрияда шыққаны есептелмейді. Алдымен, қазақ ғалымының кітабын Мәскеуде шығаруыңыз керек*», – деп неше түрлі қисынсыз дәлелдер айтты Сонда Болат ағаның: «*Олай болса, бір том «Избранные сочинения» жіберейік. Сіздерде мүмкіншілік көп емес пе?»* – деген өтінішіне олар амалсыз келісті. Олар бізді тез арада дайындап бере алады деп ойламаған сияқты...

Демек, Мәскеудегі «Наука» баспасында Ш.Ш.Уәлихановтың біртөмдік жинағын жарыққа шығару үшін тез арада дайындық жұмыстары басталды. Сол 1985 жылдың наурыз айында Болат аға мен біздің бөлімнің жігіттері аз күн ішінде Ш.Ш.Уәлихановтың біртөмдік жинағын дайындап шықты. Соңғы күні Болат аға, В.Шуховцов, Ғ.Шаймерденова және мен түнгі сағат 11-ге дейін институтта отырғанымыз есімде. Қолжазбаны алып, ертеніне В.Шуховцов Мәскеуге ұшып кету керек болып, баспахана директорының атына жазылған жолдама хатқа институт мөрін бастыруға хатшы Тамара Васильевнаны түн ішінде шақыртып алдық.

Ертеніне біздің қызметкер аманатты Мәскеудегі Ғылым академия баспасына апарып тапсырды. Олардың қызметкеріне ауыр болмасын деп кітапты өндіріске жібергенше біздің қызметкеріміз Володя Настич сол Мәскеудегі баспада отырды. Аталған кітапқа мәскеулік редакторлар қол тигізген жоқ. Барлық жұмысын біздің бөлімнің жігіттері жасады.

Сол Мәскеу баспасында өндіріске жіберілген Ш.Ш.Уәлихановтың таңдамалы шығармалары 1985 жылы жарық көрмеді. 1986 жылы да жарыққа шықпады. 1987 жыл дегенде барып көп күттірген қазақ ғалымының кітабы оқырманға жол тартты. Содан бері, мінекей, 40 жыл өтіпті. Амандық болса, енді 10 жылдан соң егеменді ел ретінде Ш.Ш.Уәлихановтың туғанына 200 жыл толған мерейтойын Парижде ЮНЕСКО көлемінде тойлаймыз. Әрине, оған Мәскеудің рұқсаты мен қамқорлығы қажет емес...

Тарих ғылымында көптеген жаналықтарымен ерлік жасаған ұстазымыз Болат ағаның шоқантанудағы қыруар еңбегіне өте қысқаша шолу жасадық. Сондай-ақ ол – жарық көргелі жатқан жетітомдық Қазақстан тарихының авторларының бірі. Аса жемісті ғалым 85 жасқа толып отыр. Оның әрбір жұмысы мен шыққан биіктері қазақ елінің бүгінгі және болашақ ұрпағына, шын мәнінде, үлгі-өнеге. Біз Болат ағаны мақтамаймыз, асыл ағамыздың ғылымдағы ерен еңбегімен студенттер мен халық алдында мақтанамыз.

Самат ӨТЕНИЯЗОВ,
Мадрид және әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ профессоры, т.ғ.к.

«Мақсаты – мақтану емес...»

Ерлік жасаса еліріп, есірмейтін. Жақсылық жасаса жалпақ жұртқа жаймайтын. Ел қатарлы еңбек етіп, бейнетінің зейнетін көріп, немерелер мен шөбере, шөпшектердің қызығын көріп жүрген зейнеткер жандар аз емес. Сондай қарапайым еңбек ардагерінің бірімен кездесіп, әңгімесін тыңдап, таңданғаным да, таңырқағаным да рас. Ол осыдан отыз үш жыл бұрын басынан кешкен оқиға жөнінде күні кеше болғандай баяндады.



Әбекең 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан жиырмадан астам боздақты арашалауда осы заседателдік қызыл құжаты көп көмек беріпті.

Әбдібек ақсақалмен «Қазақ әдебиеті» газетінің қара шаңырағында таныстым. Сексеннің сенгіріне келсе де жүрісі ширақ ақсақалдың бірінші қабаттан үшінші қабатқа еңтікпей-ақ, еркін шыққанына таңырқадым әрі қызықтым. Сөзіне қарағанда ардагер ақсақал бар өмірін теміржол саласына арнапты. Осыдан отыз үш жыл бұрын болған бір оқиғаны үтір, нүктесіне дейін мүдірмей айтып, өзі туралы газет-журналдарға шыққан материалдардың қиындыларын да ала келуді ұмытпапты.

Бұл оқиға желтоқсан оқиғасының алты жылдығы қарсаңында желтоқсан айының сегізінде орын алыпты. Жолдасы Сақыпжамал Кәдірбайқызымен бірге «Мәскеу – Алматы» бағытымен жүретін №8 пойызға мініп, Алматыға келе жатады. Пойыз тұрақты жылдамдықты бұзып бірде жылдамдатып, енді бірде бәсеңдетіп, кешқұрым апақ-сапақ уақытта Ақтөбе маңындағы «Берсүгір» разъезіне келіп тоқтайды. Бір орнында ұзақ уақыт кідіріп тұрған пойыз жолаушыларының мазасы кете бастайды. Әбдібек өзі теміржол машинисі болғандықтан пойыздың ұзақ тоқтап қалуынан секем алып, шыдамай, тексебін білмек оймен сыртқа шығады. Пойыздың қыр-сырын жақсы білетін І дәрежелі машинист кестеде көрсетілмеген разъезде ұзақ тоқтауының астарында бір шикіліктің бар екенін сезеді. Желтоқсан айыныңызғары кешке қарай күн райының бұзылатынын сездіргіндей. Пойыз тоқтаған бекет көзайым болардай үлкен де емес екен. Іштегілер болмаса, сырттан өзінен басқа жан байқалмайды. Салонда сарғайып, шыдамдары таусылып отырғандардың саны мыңнан аспаса одан кем емес. Қар аралас бұрқасын болса бет қаратпайды. Осы жерде пойыздың электро-механигі Димка деген жігітпен танысқан Әбдібек машинистер отыратын тепловозға қарай аяндайды. Екеуі жабылып жүріп локомотивтің есігін ашып ішке енеді.

– Машинистердің кабинасына кіріп жағамды ұстадым. Кабинаның еденінде босаған шөлмек. Ал бәріміз сеніп, тілеулерін тілеп келе жатқан пойыз жүргізушілері ішімдікке сылқия тойып алып, екеуі екі жерде ұйқыға кеткен. Ояппақ болып әрекеттеніп едік, онымыздан түк шықпады. Жиырма шақты вагонда телміріп отырған жолаушылардың жайы анау, оларға аландайтын бұлар жоқ. Қыс айының қытымыр аязы болса мынау. Енді біраз тұратын болсақ пойыз жолын қар басып, жылжуымызға бөгет болары анық. Машинистерден қайран болмасын сезіп әрекетке көштім. Локомотивтегі радио-телефонмен Ақтөбе-Шалқар бөлімінің диспетчерімен хабарласып болған жайды баяндадым. Өзімнің тәжірибелі машинист маманы екендігімді де айттым»,—дейді ақсақал байыпты жүзбен маған қарап.

– Содан кейін не болды?— деймін мен де қызығушылық танытып.

– Телефонның арғы жағынан, кезекші бөлімдегілердің әбден дегбірі қашып,

асып-сасып жатқандығын байқадым. Өйткені мұнда көлік мүлде келе алмайтын еді. Қаншама адамның тағдыры қыл үстінде тұр. Димка екеуіміз әр вагондағы тежеуіштердің жеке-жеке ауасын шығарып, бірер сағат әлек болдық. Тұтқа арқылы диспетчерге пойыздың жолға жүруге дайын екенін айтып, сигнал ашуын сұрадым. Сөйтіп, әуірімдеп жолға шықтық. Жолдағы арпалысты айтып тауыса алмайсың. Пойыздың тарсыл-гүрсілінен оянған әлгі машинистердің бірі штурвалда «бөтен машинистің» отырғанын көре сала, ұйқылы-ояу күйде маған, кімсіңдер-ей!— деп, ауыр кілтті лақтырып қалады. Абырой болғанда темір кілт менің шеке тұсыман жанап өтті.

Уақыт тығыз. Кезекші бөлімдегілердің өтінішімен пойызды 40 шақырым жердегі «Қайыр» бекетіне дейін жүргізіп баруыма тура келді. Бұл аймақтағы пойыз жолдарының сырын жетік білмегендіктен сағатына 40 шақырым жылдамдықпен келесі бекетке жолаушыларды дін-аман жеткіздім.

– Жол жөнекей тұңғыш тепловоздың штурвалына отырғанда инструкторым Геннадий Лопатиннің айтқан ақыл-кенестері есіме түсіп, межелі жерге жеткенше екінші рет қара терге малынғаным рас. Иығымдағы жүктің салмағы ауыр еді. Қырық шақырым жердегі «Қайыр» бекетіне пойыз бен жолаушыларды аман-сау жеткізгенімде төбем көкке жеткендей болды. Стансы басшылары бастаған бір топ жауапты мамандар қаумалап қарсы алып, құшақтап, ризашылығын білдіріп жатты»,—дейді ардагер.

Әбдібек ақсақалдың сөзіне қарағанда, машинист бөлмесіндегі бұл жайттан жолаушылар мүлде хабарсыз болатын. Жұртты да дүрліктіріп алмау қажет. Әлгі машинистердің бірі оянып кешірім сұрапты. Өмір бойы қарыздар екенін айтып, жанары жасқа малыныпты. Дегенмен бұл оқиғаны осы саланың айналасындағы жергілікті мамандар ғана білді. Бұл әңгіме жоғарыға жетсе, талай адамның басына тықыр таянар еді. Сондықтан еш жерге жария етпей жылы жауып қоюға тура келіпті. Жалғыз ғана Әбдібек емес, жауапты сәтте жанкештілік танытқан пойыздың электр-механигі Димка Шуприннің еңбегі де ерен еді.

Өткен ғасырдың соңында орын алған бұл оқиға «жабулы қазан – жабулы» күйінде қалған болатын. Сын сағатта қарапайым еңбек адамы осындай батыл қадамға бармағанда, жолаушылар өмірі не қалағынын елестете беріңіз. Бір қызығы, Әбдібек Шүкірбеков пойыздағы өз орнына оралғанда түк сезбеген жұбайы Сақыпжамал апамыз «қайда болдың?» деп сұрапты. Болған жайды баяндағанда сенер-сенбесін білмепті.

– Бұдан отыз үш жыл бұрын болған бұл сәт, менің жадыма әлі күнге жаңғырып тұр. Кім біледі, уақытында айтылмаған соң жай ойдан құралған әңгімедей көрінетін болар. Өмір бойы теміржол саласында еңбек еттім. Кезінде, Алматы теміржолының локомотив бөлімшесінде басшылық қызметте болдым. Мақсатым – өткенді мақтан қылу емес... 92-жылдың 8 желтоқсаны күні «Мәскеу – Алматы» пойызына мінген мындаған жолаушының сол оқиға есінде ме екен, пойызды жүргізіп келгенімде алақайлап, алдыман шыққан Ақтөбе теміржол бөлімшесінің басшысы Борис Есенаманов бастаған азаматтар қайда екен, олар мені тани ма екен деген сауал мазалайды мені»,—дейді ардагер ақсақал.

Р.С. Аталған оқиға жөнінде «Егемен Қазақстан» газетінде 2018 жылғы 27 наурызда журналист Арман Октябрьдің де мақаласы жарияланған болатын.

Жүніс ОМАР

САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА САБАҚТАРЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің Ғылыми кеңесі және «Қазақ университеті» баспасының редакциялық шешімі негізінде белгілі журналист Серік Жұмабекұлының салалық журналистикаға қатысты төрт томдық хрестоматиясы жарық көрді.

«Журналистік шеберлік» сериясы бойынша топтастырылған бұл жеке авторлық туындылар «Құқықтық журналистика», «Әскери-экономикалық журналистика», «Білім,

ғылым, әдебиет саласы» және «Саяси-әлеуметтік журналистика» деп аталады.


М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі, «Егемен Қазақстан», «Халық Кеңесі», «Президент және Халық», «На страже-Сакшы», «Қазақстан» ұлттық те-

ларнасы сияқты республикалық ақпарат құралдарында ұзақ жыл жауапты қызметтер атқарған С.Жұмабекұлының шығармашылығы күрделі тақырыптарды талдап-таразылауымен, шындық үшін күрестегі журналистік ұстанымымен, зерттеп-зерделеудегі біліктілігімен ерекшеленеді.

Он бес жылдан бері ҚазҰУ журналистика факультетінде ұстаздық қызметі барысында ол тәжірибеден теория түзудің, оларды ғылыми айналысқа түсірудің тәсілдерін де дүниеге әкелді.

ҚазҰУ-дің 90 жылдық мерейтойына орай жарық көрген бұл хрестоматиялар жоғары оқу орындарындағы журналистика факультеті студенттері мен магистранттарына, жас журналистерге көмекші құрал болып табылады.

Римма Жақсылықбаева, филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор



Таяуда қалалық телеарналардың бірінен абайтанушы ғалым Асан Омаров ініміз телефон шалып: «Аға, өткен ғасырда қаланың Чайковский мен Морозов көшелерінің қиылысында Жаяу базар болыпты. Сол жерді анық білетін сіз ғана екенсіз. Соны көрсетсеңіз және Тінібай мешітінің қасында Қажымұқан бабамыз әкелген тас бар екен. Мұны семейліктердің көбі білмейтін көрінеді. Соны көрейік, халыққа жариялайық. Екі-үш күнде барамыз, дайын отырыңыз», – деді.

«Семейді бала кезімнен білгеніммен, сол тасты көрмек түгілі, бар екенін естімеппін де. Дегенмен Жаяу (Жайма) базардың болғанын білемін. Сол жердегі аланда киім-кешектерін білектеріне асып алып арлы-берлі сапырылысып жүретін саудагерлерді, алушыларды көргенмін. Базардың шетінде мал да, ауылдан арнайы әкелінген шөп те сатылатын. Білемін. Жарайды, бірге барайық», – деп данышпан Абайдың туғанына 180 жылдық мерейтойы қарсаңында қаламыздың көне жерлеріне барып, тарихымызды есімізге түсірейік деп келісімді бердім. Бұрын базар болған жер ойпаң болатын. Базарда қалта қаққыштар да, алдап кетушілер де аз болмайтын. Байқап жүрмесен қалтаңдағы бар ақшаңнан көз ілеспейтін уақытта айырыласың. Өткен ғасырдың қыркыншы жылдарының соңы мен елуінші жылдарының басында үйдің тапсырмасымен ауылдан Семейге келіп, шәй-пәй алып-кетіп жүретінмін. Түсетін үйім бұрынғы Песчаная көшесінде болатын. Жаяу базарға бару үшін суды қысыммен айдайтын қызыл кірпіштен салынған биік мұнараны бағытқа алып жүретінмін. Базардың келесі шетіне жақын Қазақ (қазір В.Терешкова) көшесінде тұратын біздің ауылдың қызы Бақтан Құмарқызының үйіне барып, «тас» шай аламын.

Төртінші класты бітірген соң әкем маған: «Хат танысың, көзін ашық баласың, қалаға барып қант-шай алып кел деп», – жіберді. Орысша білмеймін. Әйтеуір әкем жайлаудағы балағанның қасынан өтетін жолмен қалаға бет алған жүк машинасына отырғызып, шопырға ақшасын берді. Ол қаланың ішіне кірген соң бір жерге түсіріп кетті. Қолымдағы әдірісі бар қағазбен сұрастыра жүріп, Көк базардың қасындағы Өтей тәтеміздің үйін тауып алдым. Машинадан түсе салысымен алдымнан үш бала шыға келіп, қалтамдағы ақшамды алмақ болып жабылды. Төбелесе жүріп қолыммен таяз қалтамның аузын қысып ұстап, оларға мүмкіндік бермедім. Әрең жинаған шешемнің ақшасынан айырылсам, үйге қалай қайтамын. Тапсырған заттарды әкелуім керек қой. Ертеңінде Көк базардың қасында тұрып, аласа үйлердің арасынан көрінген мұнараны бетке алып, базарға жеттім де, оның шетімен жүріп Бақтан тәтенің үйіне барып шай алғаным бар. Содан бері Жаяу базарды білемін. Үлкен алаңдағы базардың басы мен шеті көрінбейтін, иін тіресіп, сапырылысқан жұрт. Базардың бір шеті 1861 жылы салынған 7-мектеп болатын, батыс жағында Чайковский көшесі, сондағы бір үйде пәтерде де тұрғанмын. Сондықтан Жаяу базардың тұрған жері әлі есімде, көкірегімде сайрап тұр. Қазір ол жерде сол кездегі Жаяу базар жоқ, үйлер, айналма жол салынған, жанар-жағармай құятын станция тұр. Бұрынғы жетінші мектеп жабылған, қазір «Қалиқан» кафесі.

Өткен ғасырдың басында сол базарда Қажымұқан Семейге келер қарсаңында оған арналып брезенттен цирк құрылады екен. Қажекен сонда цирк ойындарынан өнер көрсетіп, күреседі екен. Қалаға жиі келіп тұратын әкем Ақымар Қажымұқанның цирктегі өнерін жырдай етіп айтып отыратын. Оның кеудесіне үлкен тасты қойып, ауыр балғамен жаратынын, кеудесіне қойылған тактайдан құрастырылған көпірді астынан қолымен тіреп жатып, үстінде 25 кісі бар жүк машинасын өткізгенін, рельсті иығына салып игенін, қызыл, жасыл бетперде киген палуандар-

ҚАЖЫМҰҚАН КӨТЕРГЕН ТАС

ды бірінен соң бірін жығып, бетін ашқызығанын, тағы басқа өнерлерін айтқанда ертегі естігендей танғалып, қызыға тыңдайтынбыз.

Машинаға отырып, жаңа Семейдегі Тінібай мешітінің қасына тоқтадық. Мешітке кіріп, тағзым етіп алып, қайтадан далаға шықтық. Мешіт қоршауының сыртқы бұрышында қараусыз жатқан тастың қасында үш жігіт тұр. Тастың көптен бері қараусыз жатқанын көрініп тұр, қоршауы жоқ, жан-жағында шөп өскен, топырақ жиналған, шаң-тозаң басқан. Жүргіншілердің жолында көлденең жатқан тас көліктердің де бұрылғанына кедергі. Әйтсе де ешкім алып тастауға шамасы келмейді, ауыр. Бәзбіреулердің айтуынша «елеусіз жатқан тасты Қажымұқан әкеліпті» деген сөз бар. Оны әрлі-берлі өткен тұрғындардың бірі естісе, бірі білмейді.

Қалай болғанда да, әлем чемпионының қолының табы бар деп ескеріп жатқан ешкім жоқ. Тасқа тіл бітсе, балалардың үстіне шығып ойнайтынын, бір шетін шағып алғанын, шұрқ-шұрқ тесік болып, жел мен жаңбырға желініп, қысы-жазы қараусыз жатқанын айтып берер еді. Көрінгеннің аяғын сүрткенін, ауыр жүк әкеле жатқан кісілердің үстіне қойып тыныстайтынын, ал енді біреулердің көлденең жатқан тас жолды бөгетініне ызаланып теуіп кететінін ренішпен айтар еді. Әттең тілі жоқ, үндеместен сырлы ішіне бүгіп, бұғып жатыр. Арлы-берлі өткендер оған көзінің бір шетімен «бұл не қылған тас?» деп оқырана қарап өте шығады. Неме-ресімен кетіп бара жатқан қарт «бұл тасты Қажымұқан атаң біреумен бәсекелесіп, Ертістің жағасынан осы жерге жеткізіпті» дейтін болар. Бір бүйірі опырылған, сынған жері ашық қоңыр сұр түсті, ал шеті ешкім боямаса да ашық қызыл күрең түспен көмкерілген. Әр жерінде ойылған шұрқ-шұрқ тесік, мүмкін, біреулер оны бөлшектеп лақтырып тастағысы келді ме екен? Жаяу жүргіншілер жолын жауып жатыр, машиналарға кедергі, бөгет.

Мешіттен шыққан Асанның қасына келген адамдар үйіріле кетті. Ол жиналған мақсатымызды айтып, сөз бастады. «Бала кезімнен осы тасты әлем чемпионы, палуан, цирк әртісі Қажымұқан әкеліпті дегенді естіп келемін. Енді осыған қамқоршылық керек. Жерден жоғары көтеріп қойып, Қажымұқан палуанның әкелгені туралы жазылса деймін. Осы мәселеге қала басшыларының, мәдениет саласы қызметкерлерінің, қалталы азаматтардың телеарна арқылы назарын аударғымыз келеді. Қажымұқанның әкелгені шын ба? Арамызда соны білетіндеріңіз болса, дәлелдеп айтып берсеңіздер және тасқа қатысты ұсынысқа пікірлеріңіз қандай?» – деп өз ойын ортаға салды.

1983 жылдан бері Тінібай мешітінде қызмет атқарып келе жатқан Талғат есімді жігіт бірінші болып сөз алды. «Бастапқыда мешітке намазға жығылуға келіп жүретінмін. Қазір кезекші молда болып қызмет атқарамын», – деп сөзін бастаған ол мешіттің 1836 жылы салынғанын, мұнда Шәуешекке барар сапарында Шоқан Уәлиханұлының болғанын, кейіннен Құнанбай қажының Меккеге жол сапарында мінәжат еткенін, биыл туғанына 180 жыл толу мерейтойы аталып отырған, Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазақтың бас ақыны, данышпан Абай да бірнеше мәрте болғанын, Қажымұқанның да Семейге келген сайын мешітке келіп-кетіп жүргенін, патша заманында көпестердің де келіп, мешітке ғибадат жасайтындарын айтты. Тас туралы сөз болғанда ол: «Мына жатқан тасты Қажымұқан, бүйірінде көрсетілгендей, 1928 жылы әкелсе керек.



Солдай деп айтылғанын талай кісілерден естідім, бірақ белгі жоқ. Қайдан әкелінгені белгісіз. Бір дерек бойынша, мұны Түйемойнақ аралының жиегінен, тағы біреулер Ертістің сол жағалауынан әкелген деседі. Нақты дерек жоқ. Әйтеуір Қажымұқанның әкелгені анық. Палуанның әкелгенін кім көрді, кімге тапсырды, нәліктен әкелгенін ешкім анықтап айта алмайды. Бізге жеткен ондай дерек жоқ. Бірақ оның әкелгенін көрген, естіген адамдар айтып жүргенін білеміз. Олай болса, бұл тасты Қажымұқан атамыздың осы мешіттің қасына әкеліп қойғанына күмән жоқ. Ол туралы мешітке келіп жүретін қарттар айтатын, естігенмін. Енді осыған бір белгі қойылып, астына таған төселіп көтерілсе деген тілегім бар», – деді.

Талғаттың айтқанын қолдаған Асан Омаров та: «Тасты қай жылы Қажымұқан палуанның әкелгені туралы жазылып, астына төсеніш қойылып көтерілсе екен. Осы ұсынысымызды облыс басшылары, мәдениет қызметкерлері, қалталы азаматтардың бірі болмаса бірі ескеріп, назардан тыс қалмаса екен дейміз. Бұл тасты Қажымұқанның әкелгенін 1957 жылы Семейге алғаш келгенімде естіп, көргенмін, содан бері жатыр. Міне, қанша жыл өтсе де, бұған ешкім көңіл бөлген емес. Қолынан іс келетін азаматтарға айтар өтінішім осы», – деген тілегін қайталап, телеарнадан үндеу жарияламақшы екенін айтты.

Тас туралы сөзді жалғастырған Бағдат деген азамат: «Менің атамның, әкемнің үйі осы мешіттің сыртында тұрған, қазір де ұрпақтары тұрады. Сол кісілер де Қажымұқанның осы тасты әкелгенін растайтын. Бірақ не үшін әкелгені, не себеп болғаны, кімге тапсырылғаны туралы естімеппін. Мүмкін айтылған болар, көп нәрсеге мән бере қоймаған бала кезім ғой», – деді ол.

Мен өз кезегімде: «Көлемі мынадан үлкен, салмағы ауыр осындай тасты Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауылының Темірлан селосындағы музейден көргенмін. Ол тасты музейге Павлодар облысындағы Баянауыл ауылынан әкеліпті. Қажымұқан Баянауылда болғанда ауылдың қасындағы таудан қонақ болған үйіне ескерткіш ретінде өзі көтеріп әкеліпті. Соған қарағанда, мұндай тасты сыйлық, ескерткіш ретінде әкеліп жүргені жалғыз болмаған. Мына тастың тарихы да солай шығар. Музейден орын тапқан тасты Баянауылдан Темірлан ауылының жігіттері арнайы жүк машинасымен барып әкеліпті. Әрине, оның жағдайы мына жетімсіреп жатқан тастай емес, музейде, күтулі, қармен судың, жел мен топырақ боранының астында қалмайды, көшеде жүргіншілерге бөгет емес, мекеменің назарында. Мына тас мүлде қараусыз, көшеде жатыр, бәзбіреулер саяжайына алып кетуі де мүмкін. Олай болса, жоғалып кетеді. Шұбартаулық

Байқұда палуан Баянауылдан әкелген тасты төрт жігіт көтере алмапты. Қазір Балқаш көлінің жағасындағы Майқамыс ауылында жатыр екен. Мына, Тінібай мешітінің қоршауының сыртында жатқан тасты Өлкетану музейіне апарып қойса дұрыс сақталар еді», – деп ұсынысымды білдірдім. Осылай Қажымұқан әкелген тас Асан Омаров әкелген топтың сөзімен сөйледі.

Биыл Қажымұқан Мұңайтпасовтың туғанына – 154 жыл. Оның өнері туралы кітаптар жазылған, өмірінің соңғы жанкүйерлік күндері де белгілі. Әлем чемпионы 1871 жылы, 7 сәуірде Қараөткел болысы, Ақмола уезінде дүниеге келген. 54 мемлекетте күресіп, 48 медаль ұтып алған аты аңызға айналған атамызға қатысты осындай жәдігерге мән беріп, назар аударымыз керек.

Әлем таныған, қалың көрермен өнеріне бас иген батырды халқы ұмытқан емес. Семейліктер оны өте-мөте сыйлаған. Бұл сонау 1913 жылы төменгі Новгородтан бастау алады. Сондағы палуандар сайысында неміс палуаны Вестерганд Шмидт Қажымұқанға күресер алдында көнге 100 рубль тігуді талап етеді. Ақшасы жоқ, кедей Қажымұқан абыржып, не істерін білмей тұрып қалады. Осы кезде семейлік саудагерлер Нұрлан мен Абдолла Бейсекеновтер Қажымұқанның қолына аталған соманы ұстатады. Қажымұқан Шмидтті жеңеді. Ол осының алдында Троицкіде өткен жарыста 18 палуанды жеңген, соның ішінде Шмидт те болған. Екінші рет жеңілгісі келмей, сондай шарт қойыпты. Палуан атамыз Семейге келген сайын қошеметке бөленіп кезекпен-кезек қонаққа шақырылып отырған. Сондай күндердің бірінде, Қажымұқан Семейге келіп, Жоламандағы бір үйде қонақта отырады. Онымен бірге әншілер мен өнерпаздар болған. Беймәлім бір жігіт келіп қонаққа шақырады. Оны арбасына отырғызып Түйемойнақ аралына әкеліп, күтеді. Соңында одан өзінің күшін сынап беруді өтінеді. Қажекен орнында тұрған жігітті оңға, солға, артқа, алға итереді, қозғалмайды, орнынан мыйғытынын айтып, өзімен бірге алып жүрмек болады. Бірақ жігіт келіспейді. Осылай екі палуанның айырықта жүрген жолдары қиылыспайды. Қажекеннен «Қазақ жігіттері арасында сізден күштісі бар ма?» деп сұрағанда, ол «Бар» деп жауап береді. «Сол оған беймәлім жігіттің аты Ыбырай Түсіпұлы Ақымбет, керейдің Арыстан ұлынан туған Қарекенің ұрпағы», – деп жазыпты бұрынғы Новошұльба ауданының артқару комитетінің төрағасы болған Сейітжан Тәбәріков. Оны көрген адамдардың айтуы бойынша Ыбырай Түсіпұлы – біздің өңірдің азаматы, жамбасы жерге тимеген палуан, оның күшін сынаған Қажымұқан болғанын жадымызда жаңарттық.

Ал енді Түйемойнақ аралына келетін болсақ, Ыбырай Түсіпұлы Қажымұқанды әлі де ел аузында жүрген «Қайық аузына» әкеліп, қайықпен өткізген. Ол жерде жалдамалы қайықшылар ақы алып, кісілерді Ертістің екі жағасына өткізіп тұрған. Қонақ қылған жерін қазір де іздестіріп, белгілеп алуға болады және керек те. Мүмкін, қазір тұрған «Бүркіт ұясы» (Орлиное гнездо) мейрамханасының орнын білетін адамдар әдейі тандап алды ма екен?! Әйтеуір «Қажымұқан болған жер» деп белгі қойылса, құба-құп болар еді.

Шаймардан ҚАЛИАҚПАРОВ,
ҚР Қарулы Күштерінің
отставкадағы полковнигі,
жазушы

ТЕМІРҒАЛИ КӨКЕТАЙДЫҢ ҮЙІ

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

Бізден басқа ел қатарынан озып туған ұлдарын басына көтереді. Құдайы көршіміз орыстарға қараңыз. Жарық дүниеден көшкен озық ойлы ұлдарын о дүниеге қол шапалақтап шығарып салады. Онысы «Сен орыс халқының ары мен ұяты, ожданы болып едің. Сенің біздің топырақтан туғаның – Тәңірінің таңдауы. Құдай бізге сендей ұл берді. Тәңіріңе тәуба!» дегені.

Біз көштен қалған ел екенбіз. Алашының азаттығына бола өмірін құрбан ғып, еліне жетпіс жылдан кейін өзер оралған Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермековтердің қадіріне әлі жеткен жоқпыз! Олардың қасиетін түсініп, қадіріне жетем дегенше зу етіп, 30 жыл өтіп кетті... Әлі де сол уақыт зырылдап өте беретін секілді мына бетте.

Қазақтың ХХІ ғасырдағы ұлы физигі, ғасыр адамы Темірғали Көкетайдың фәниден бақиға кеткеніне кешелі, бүгін бір жылдың жүзі болды. Күні кеше ғана Е.Бөкетов Университетіне «мұнда Көкетаев қызмет еткен» деген тақта қойылды. Осымен бітті...

Орыстар Пушкиннің сүрініп кеткен жеріне де ескерткіш орнатады. Бізде Алаштың айтулы ақыны Тұманбай Молдағалиевтің ескерткіші жоқ әлі? Біздің буын пір тұтқан, әлі де қаншама өрен пір тұта беретін қайран, Тұмаға...


Осындайда Ресейдегі Лев Толстойдың Ясная полянадағы мұражай-усадыбасы еске түседі. Ол осы жерде туып, «Соғыс және бейбітшілік» дәуірнамасы мен «Анна Каренина» романдарын жазған. Мұражай Россия Федерациясы Үкіметінің шешімімен Мәдениет министрлігінің қарамағына берілген. Аумағы 400 гектар жерді алып жатыр.

Еуропада Кафканың үйі тұр. «Чехтар Франц Кафканың тұрған үйін жазушының мұражайына айналдырыпты» деп жазып еді бір кезде қазақтың сыншыл ойының алдыңғы легіндегі Амангелді Кеңшілік: «Кафканың үйін ХVІІІ ғасырда Страхов деген монахтар салған екен. Кейін ол үй қиратылып, ондаған жылдардан соң қайта қалпына келтіріліпті. Қазір бұл ғимаратта ұлы жазушының мемориалдық тақтасы ілініп тұр. Мұражай үлкен емес, шағын ғана. Мұражайдың алдында орта жасқа келіп қалған толық әйел Кафканың суреті салынған киім-кешек пен төсбелгілерді сатып, сауда жасап жүр. Жазушы тұрған үйдің босағасынан аттаған кезімде қатты тебіреніп, жүрегім атша тулап қоя берді. «Расымен де әлемдегі ең атакты жазушылардың бірі – Франц Кафканың шаңырағына келіп, шынымен де оның ұстаған дүние-мүліктерін өз көзіммен көріп тұрмын ба» деген ой сезімді дірілдетіп, мұражайдағы жәдігерлерге сенімсіздікпен қараймын...»

Бізге Қараойда Махамбет моласы, Жидебайда Абай мұражайы, Қарасазда Мұқағали, Ақтауда Әбіш Кекілбайдың орталығы тұр. Қарқаралыда Қасымды еске салатын түк те жоқ?! Қарағандыдан Қасым үйін көтеріп едік, оның сырты Қасым да, іші бірдене...

Қазақтан пайғамбар тумады демесен, ақ мандай жарқыраған алыптың бәрі туған. Олардың бәрі елім деп туған ерен ер еді! Елінің еріне деген ілтифат-құрметі көңіл көншітпей жатыр ғой бірақ?!.

Өтер уақыт—өтті... Енді өрелі елдерге, жан-жағымызға қарап, есімізді жиюымыз керек. Күндердің бір күні тағы бір есерсок ел тізгінін қолына ұстап, «Темірғали Көкетай деген кім?! Оның Қарағандыға қатысы қанша?!» демесі үшін, Қарағандыдағы ғұмырының соңғы жылында Темірғали



Көкетай тұрған үйді ұлы физиктің мұражайына айналдыруымыз керек. Темаға, Темірғали Көкетайдың Альберт Эйнштейн мен Андрей Сахаровтан несі кем?! Бәрі дайын тұр, тек Облыстық мәдениет департаменті ескерткіштер қорғау қоғамының қарамағына алып, осы мұражайға бір-екі штат бөлсе жетіп жатыр.

Темаға дүниеден қайтатын күннен бір күн бұрын екеуіміз Астанада бірге болып, емен-жарқын сырласып едік. Ол физик болғанына өкініп өтті. Қарағандыдағы ана тіліміз — мемлекеттік тілдің мүшкіл халіне назаланып, қазақ тілі қоғамын құрып, біраз жұмыс істеді. Ақиқатты ат ұрып іздеп, бармаған жері, баспаған тауы жоқ.

«Қазаққа физиктің түкке де керегі жоқ екен, ақын керек, сен керек екенсің! Менен сен биікте тұрсың!» — деді. Мен мақтау-мадақтаудан кенде пенде емес едім, бірақ ұлы физиктің осы сөзін естігенде аркам шымырлап кетті...

«Менің көрмегенім жоқ қой, — деді — өзін білесің, бір ұлым бір жендеттердің қолынан жазықсыз жазым боп кетті... Бір ұл Америкада. Әнуар деген немерем бар еді, енді соны қазақша тәрбиелеп, қазақ қызына үйлендіріп, қолыма алсам, арманым болмас еді...»

«Мен Алланың сүйген бір құл екенмін, — деді бір кезде ұзақ уақыт үнсіз қалып, — бәбішем қайтыс болып, жер ортасына келгенде жалғыз қалып едім, Алла мандайыма Майраны жазып қойған екен, сол менің қайғы-шерімді ұмыттырып, қолымды жылы суға малып отыр. Тәңірге тәуба!»

Сол аяулы жеңгемізді Темірғали Көкетай мұражайының иесі қылып қойса, бар шаруа өз орнына келер еді...

Темірғали Көкетайдың мұражайында ғасыр адамына қатысты барлық құжат, дүние-мүлік көзіміздің қарашығындай сақталып тұруға тиіс! Кембридж университетінде оқылған лекциялары, әлем физиктерінің ой-пікірлері, Қарағанды Е.Бөкетов Университетіндегі жүрген-тұрған сәттерінің бейнелері, ұстаған заттары сақталуы керек, ұрпақтан ұрпақтың көзайымы болу үшін!

...Қайтыс болды деген қаралы хабарды ести салып үйіне барсам, профессордың үстелінің үстінде менің «Адамзатнама» деген баспадан жана ғана шыққан кітабым жатыр екен...

Хош, Темаға!
Темірғали Көкетаев заманында жазылған бір өлең:

*Физика-математика — несибеңіз,
Алты Алашқа әйгілі есіміңіз.
Бірақ аға, есебін мына қудың,
Сіз шығара алмайсыз, кешіріңіз!
Бұл — шайтанның есебі жан улаған,
Шығара алмай, ел естен тануда, аға:
Амалында қосу мен көбейту жоқ,
Болу ғана мұныкі,
Алу ғана!
Мен түгілі, көктегі Құдайға анық,
Көз атаулы барады лайланып:
Болу менен алудың күні туды,
Көбейту мен қосуың былай қалып.
Өз есебін шығармай қоймайды бұл,
Біз — етекте,
Төбеден ойнайды құр:
Сізді қалай — ақымақ, мені — мәжсүнін,
Елді — есалаң, тобыр деп ойлайды бұл.*

Ізгіліктің бастауы

Елімізде ерекше қамқорлықты қажет ететін жандардың өзге адамдармен тең дәрежеде өмір сүруі үшін қажетті жағдайлар жан-жақты қарастырылып келеді. Бәріне бірдей мүмкіндіктері бар инклюзивті қоғам құру — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформаларының басты тегігі. Инклюзивті қоғам — мемлекеттің әр мүшесін құқықтық тұрғыда қорғау ғана емес, ізгіліктің бастауы. Осы орайда бірнеше жыл бұрын Сенат жанынан құрылған Инклюзия жөніндегі кеңес мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ахуалын оңтайландыру мақсатында түрлі бастамаларды алға тартуда.

Жуырда Сенатта Инклюзия мәселелері жөніндегі кеңестің «Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек көрсетудің өзекті мәселелері» тақырыбындағы отырысы өтті. Кеңес төрағасы Ляззат Қалтаева кіріспе сөзінде бұл тақырыптың маңыздылығын атап өтіп, протездік-ортопедиялық көмектің мүгедектігі бар адамдардың өмір сапасы мен қоғамға бейімделуіне тікелей әсер ететінін айтты.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқарбек Ертаев баяндама жасап, елімізде 737 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі адам бар екенін, олардың шамамен 13 пайызы протездік-ортопедиялық құралдарға мұқтаж екенін жеткізді. Қазіргі таңда бұл көмекті қамту деңгейі 87%-ға жуық. 2021 жылдан бастап «Aleumet» әлеуметтік қызмет-

тер порталы арқылы жеткізушіні еркін таңдау механизмі енгізілген. Бүгінде бұл порталға тиісті өнімдерді ұсынатын 313 жеткізуші тіркелген.

Алайда депутаттардың айтуынша, бұл салада бірқатар шешілмеген мәселе бар. Атап айтқанда, білікті мамандардың жетіспеушілігі, ескі стандарттардың қолданылуы және заманауи технологиялық шешімдерді қаржыландырудың жеткіліксіздігі.

Жиын барысында шұғыл назар аударуды қажет ететін негізгі бағыттар аталды. Атап айтқанда, халықаралық талаптарды ескере отырып, протездік-ортопедиялық бұйымдарға арналған ұлттық заманауи стандарттарды әзірлеу және енгізудің маңыздылығы көтерілді. Сондай-ақ көрсетілетін бұйымдардың сапасына ерекше мән берілді, олардың функционалдығы мен эргономикасына қойылатын талаптарды күшейту және оларды тәуелсіз бағалау жүйесін енгізу ұсынылды. Отандық заманауи протез өндірісін ынталандыру үшін салықтық жеңілдіктер беру, сертифициаттауды жеңілдету және ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау жөнінде ұсыныстар айтылды. Қаржыландыру мәселесі де басты назарда болды. Қатысушылардың пікірінше, қазіргі қаржыландыру тетіктерін қайта қарап, көбірек азаматтарды қамту және озық технологиялы оналту құралдарына қолжетімділікті арттыру қажет.



Қазақстан құрамасы белгілі болды

Қазақстандық былғары қолғап шеберлерінің дүбірлі додаға әзірлігі қызу жүріп жатыр. Енді олар соңғы дайындығын пысықтау үшін Шеффилд қаласына аттанады. Онда 10-нан аса елдің боксшылары бой көрсеткен жиынға қосылады.

Еліміздің ерлер құрамасының бас бапкері Қайрат Сәтжанов, негізінен, тәжірибелі боксшыларға сенім артып отыр. Олардың қатарында Санжар Тәшкенбай (50 келі), Махмұд Сабырхан (55 келі), Бейбарыс Жексен (60 келі), Ертуған Зейнулинов (65 келі), Төрехан Сабырхан (70 келі), Сабыржан Аққалыков (75 келі), Нұрбек Оралбай (80 келі), Бекзат Нұрдәулетов (85 келі), Сағындық Тоғамбай (90 келі) мен Айбек Оралбай (90 келіден жоғары) бар.

Ал Елдос Сайлалын бастаған бапкерлер әйелдер құрамасында төмендегі былғары қолғап шеберлеріне сенім артты. Алдағы әлем чемпионатында еліміздің атынан Назым Қызайбай (48 келі), Алуа Балқыбекова (51 келі), Элина Базарова (54 келі), Карина Ибрагимова (57 келі), Виктория Графеева (60 келі), Аида Әбікеева (65 келі), Наталья Богданова (70 келі), Надежда Рябец (75 келі), Гүлсая Ержан (80 келі) және Елдана Талипова (80 келіден жоғары) сынға түседі.

Әлем чемпионаты Англияның Ливерпуль қаласында 4–14 қыркүйек аралығында жалауын көтеретін болады. Спортшыларымызға жеңіс тілейміз.

Қазақ күресі жаңа деңгейге шығады

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде әскери спортты дамыту мәселелеріне арналған маңызды кеңес өтті. Кездесуге ҚР Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов және Халықаралық әскери спорт кеңесінің (CISM) президенті Нилтон Гомес Ролим Филью қатысты.

Қорғаныс министрі кеңеске қатысушыларға әскери қызметшілер арасында қазақ күресінен өткен әлем чемпионатын дайындау және өткізу барысында көрсеткен қолдаулары үшін алғысын білдірді.

Талкылаудың негізгі тақырыптарының бірі әлемдік аренада ұлттық спорт түрі — Қазақ күресін одан әрі дамыту болды. Кеңес барысында Қазақ ұлттық күресін 2027 жылғы әскери қызметшілер арасындағы ойындар бағдарламасына енгізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл — спортты халықаралық деңгейде насихаттаудағы маңызды қадам.

Тараптар 2026 жылы Ресей Федерациясы аумағында қазақ күресінен келесі әлем чемпионатын өткізу туралы сұрақты талқылады. Бұл шешім қазақ күресіне деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді және әртүрлі елдердің әскери қызметшілері арасындағы спорттық және достық байланыстарды нығайтуға ықпал етеді.

Қабылданған шешімдер ҚР Қорғаныс министрлігі мен Халықаралық әскери спорт кеңесі арасындағы сенімнің жоғары деңгейін және табысты ынтымақтастықты куәландырады. Бұл халықаралық аренада Қазақстан Қарулы күштерінің имиджін нығайтуға елеулі үлес қоспақ.

Арнұр ТОЛЫБАЙ

Халықтың өмірдегі, тұрмыстағы сұранысын өтеуде жұмысшы мамандардың маңдай тері жатыр. Негізгі тыныс-тіршілігіміз осы маман иелерімен тығыз байланысты. «Жұмысшы мамандықтар жылының» аясында Елорданың жетекші техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бірі – «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжінде пресс-тур өтіп, көптің көкейіндегі сауалдарға жауап берілді. IT, мехатроника, киберқауіпсіздік, телекоммуникация және құрылыс технологиялары бағытында жаңа буын мамандарын даярлаудағы үздік тәжірибесін көрсетіп келе жатқан колледж директоры Болат Құлмұханұлына біз де бірнеше сұрағымызды жолдадық.



– Болат Құлмұханұлы, жалпы, техникалық мамандық дегеніміз не? Олардың ерекшелігі қандай?

– Техникалық мамандықтар деп еліміздегі өндірістік, көлік, құрылыс, энергетика, ақпараттық технологиялар, автоматтандыру, электроника және машина жасау сынды салалармен тікелей байланысты мамандықтарды айтамыз. Бұл бағытта екі деңгейдегі кадрлар дайындалады:

Жұмысшы мамандықтар – дәнекерлеуші, электрик, құрылысшы секілді нақты құралмен жұмыс істейтін мамандар;

Орта буын техникалық мамандар – мысалы, техник-механик, техник-құрылысшы, техник-байланысшы секілді жобалайтын, ұйымдас-тыратын қызметкерлер.

Аталған мамандықтар техникалық және кәсіптік білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына сәйкес бекітілген. Бұл бағыттағы мамандықтардың ерекшелігі сонда, мемлекеттің негізгі қозғаушы күштері десем болады. Өйткені әлеуметтің әр қажеттілігін, күнделікті тұтынатын тағамдардан бастап, жайлы өмір сүруге негіздейтін тетіктердің барлығында жұмысшы мамандардың еңбегі бар.

– 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Осы бастаманың маңыздылығына тоқталып өтсеңіз?

– Бұл – өте маңызды әрі дер кезінде қабылданған шешім. Себебі еліміздегі индустриялық-инновациялық даму білікті кадрларға тікелей байланысты. «Жұмысшы мамандар жылы» техникалық және кәсіптік білім берудің қадірін айшықтауға, ата-аналар мен жастардың көзқарасын өзгертуге жол ашты. Көпшілік техникалық мамандықтардың нағыз болашақтың мамандықтары екенін, қай уақытта да өзектілігін жоймайтынын ұғынды.

– Барлық техникалық мамандықтар жұмысшы мамандығына жата ма?

– Жок. Техникалық мамандықтардың барлығы бірдей жұмысшы

Болат РЫСҚАЛИЕВ, «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжінің директоры:

«ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚ – БОЛАШАҚ КЕПІЛІ»

мамандығы бола бермейді. Жұмысшы – өндірісте қолмен, құралмен жұмыс істейтін маман. Ал техникалық маман – жобалайтын, технологияны басқаратын, қадағалайтын кадр. Екеуінің айырмашылығы бар, бірақ екеуі де – экономиканың қозғаушы күші.

– Қазіргі таңда техникалық мамандықтарға қызығушылық қай деңгейде? Қай салалар сұранысқа ие?

– 2025 жылғы қабылдау науқаны басталғалы техникалық мамандықтарға сұраныс жоғары деңгейде. Қазіргі уақытта келіп түскен өтінімдердің шамамен 70 пайызы техникалық бағыттағы мамандықтарға тиесілі. Солардың ішінде ең көп сұранысқа ие мамандықтар:

«Бағдарламалық қам-

телекоммуникациялар» – 1 орынға 3 өтініштен түсіп тұр.

2024 жылы колледжімізге 720 талапкер қабылданды. Бұл бәсекелестіктің жоғары екенін көрсетеді.

– Жастар мен ата-аналар тарапынан жиі қойылатын сұрақтар қандай? Колледж түлектерінің жұмыспен қамтылуы туралы не айта аласыз?

– Талапкерлер мен ата-аналар тарапынан «Бұл мамандықпен қай жерде жұмыс істей аламын?», «Жалақы мөлшері қандай?», «Оқу барысында қауіпсіздік

тау орталығынан колледжіміздің 4 студенті халықаралық сертификаттаудан сәтті өтті. Ол дегеніміз – АҚШ, Канада, Еуропа, Азия, Аустралия – барлығы 152 елде жарамды деп танылатын сертификаттар, яғни біздің студенттеріміз үшін әлемдік еңбек нарығының да даңғыл жолы ашық деп сенімді түрде айта аламыз. Студенттеріміз болашақта осы елдердің қай-қайсысына да барып жұмысқа орналасуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ академиялық ұтқырлық, халықаралық серіктестік және WorldSkills Kazakhstan алаңдары арқылы шетелдік оқу орындарымен де, ұйымдармен де



тығыз байланыс орнатылған.

– Дуалды оқыту қалай жүзеге асырылуда?

– Дуалды оқыту – басты бағыттарымыздың бірі. 2024 – 2025 оқу жылында бұл көрсеткіш 55 пайызды құрады, ал келесі оқу жылында 65 пайызға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз. Студенттеріміз Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің арнайы эксперименттік жобасы арқылы кәсіби тәжірибеден өтіп, жұмыс берушілердің он пікірлерін алып жатыр.

Астана Инвест арнайы экономикалық аймақта жұмыс істейтін 100-ден аса кәсіпорындармен, сонымен қоса «Қазақтелеком» АҚ, FREEDOM Telecom, KAZTELESYSTEM, IMBC, AUTOLAND, MEGA Motors Astana, Aster Auto Astana, Hyundai Premium Astana, BI-group, BAZIS-A, Cat-NC, Модекс және басқа да мекемелермен серіктестік байланыстамыз.

Біз колледжде еңбек нарығының сұранысын үнемі қадағалап, тұрақты түрде мониторинг жүргіземіз. Атап айтқанда, Астана қаласындағы Арнайы экономикалық аймақта орналасқан №1 Индустриялық парктің құрамындағы 130-дан астам кәсіпорынның инженерлік кадрларға деген қажеттілігіне талдау жасап, ең қажетті мамандықтар тізбесін айқындадық. Олардың қатарында дәнекерлеушілер, слесарь-жөндеушілер, мехатроника мамандары, электромонтерлер, бағдарламашылар, механиктер және құрылысшы-сметчиктер бар. Бұл деректер біздің оқу бағдарламаларымызды еңбек нарығының нақты қажеттіліктеріне сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

– Қорытындылай келе, жастарға не айтар едіңіз?

– Бүгінгі күні техникалық және жұмысшы мамандықтарға нақты сұраныс бар. Техникалық мамандық – бұл тұрақтылық, табыс және болашақ кепілі. «ASTANA POLYTECHNIC» жастарға сапалы білім беріп, сенімді болашаққа жол ашады.

– Жұмыстарыңызға сәттілік!

сақтала ма?», «Мемлекеттік грант бар ма?», «Шетелде оқуға немесе жұмыс істеуге мүмкіндік бола ма?» деген сұрақтар жиі қойылады. Колледжімізді тамамдаған түлектердің жедел түрде жұмыс тауып алатынына, біздің оқу орнымыздан шыққан мамандарға сұраныстың жоғары екенін уақыттың өзі дәлелдеуде. Биылғы оқу жылын аяқтап жатқан студенттерімізге жұмыс берушілерден жұмысқа қабылдау туралы шақырылымдардың көптеп келгенін нақты көрсеткіштермен айта аламын. «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы, техник-механик біліктілігі бойынша 3 студент «Hyundai Premium Astana» компаниясына жұмысқа қабылдана, тағы үш студентіміз «Autolandke» қызметке орналасты. Жалақыларының мөлшері орта есеппен 300 – 450 мыңның арасында.

2024 жылы колледжді 1 мың түлек, ал 2025 жылы 540 түлек тамамдады. Жұмысқа орналасу көрсеткіші – 78 %. Бұл – жақсы көрсеткіш.

– Колледждің материалдық-техникалық базасы қандай?

– Біз заман талабына сай жабдықталған құзыреттілік орталықтарын дамытудамыз. Колледжімізде CISCO, RedHat Academy, TP LINK, FESTO, Knauf, Технониколь, GROHE, ALINA, CERTIPORT, 1С секілді халықаралық брендтермен бірлескен оқу және зертханалық орталықтар бар. Бұл орталықтарда тәжірибе жинақтаған студенттер халықаралық үлгідегі сертификаттарға ие болады.


Кеше ғана CERTIPORT сертификат-

тамасыз ету» – 1 орынға 5 өтініштен; «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» – 1 орынға 8 өтініштен; «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мен «Газбен жабдықтау жүйелерін монтаждау» – 1 орынға 4 өтініштен; «Радиотехника, электроника және



СҰЛУЛЫҚ пен САҒЫНЫШТЫҢ ЖЫРШЫСЫ

Қазақтың ғажайып ақыны Исраил Сапарбайды еске алған кезде ең бірінші ойға оралатыны – сұлулық. Ол кісінің жырларынан бастап жүріс-тұрысына дейін бір сұлу болмыстың иісін сезетінбіз. Оның поэзиясы – қарапайым қазақтың жан дүниесін, махаббат пен сағынышты, іңкәрлік пен іштей күйзелісті ғажайып нәзіктікпен жеткізген сырлы әлем. Ол кісінің өлеңдерінен табиғатты, адамды, сезімді, уақытты сүйе білудің ғажап үлгісін табасың.



— ақ, жүрегі — кен еді. Ол ешқашан біреуге өкпе артып, әдебиет майданында таласқа түсіп, атак үшін айтысқан жоқ. Ол — шын мәнінде рухани тәкаппар, таза жан еді. Өз соқпағымен, өз тыныштығымен жүріп өтті. Сұлулыққа тұнған сырбас соқпағы бүкіл әдебиетке жол ашып кетті.

2016 жылы Шымкент қаласындағы Ш.Қалдаяқов атындағы филормонияда «Елге сағыныш» атты шығармашылық жыр кеші өтті. Шашбауымды көтеріп Алматыдан бір топ қаламгер замандастарым мен өнер иелері барды. Сол көшті де осы Исраил көкем бастап барып еді. Кезекті сөз кезегі беріліп сахна төріне шыққанда: «Менің Әлібегім — сіздерге жай келіп тұрған жоқ, осы топырақтан сіңген, өзінің ақындық, азаматтық, перзенттік сағынышын алып келіп тұр. Өз баланды, өз бауырынды құшағынды ашып қарсы ал, айналайын, ағайын!» — деп, ағынан ақтарыла сөйлеп еді.

Біз Исраил Сапарбайды «көке» дейтінбіз. Бұл — жай ғана жасы үлкен адамға деген құрғақ құрмет емес. Бұл сөз — ыстық сөз. Бұл сөз — сағыныспен, құрметпен, сүйіспеншілікпен айтылатын сөз.

Исраил көкем — сондай жан еді. Жаны мейірімге толы, мінезі жұмсақ, ниеті таза адам. Ол өзінің шығармашылығымен қандай нәзік болса, ішкі жан дүниесімен де сондай сезімтал еді. Әсіресе жары — Жұпар апамыз дүниеден озғанда, көкеміздің жанын ауыр қайғы тербеткенін бәріміз сездік.

Қаскелендегі үйіне көңіл айтып барғанда, Исраил көкем бізді көріп балаша қуанды. Қаралы үй болған соң көңіл айтып келіп-кетіп жатқан адамдар да көп. Сондай бір сәтте өзінің жүрегінен отырған жұрт алдында жайып салып, былай деп еді:

«Қадіріңді білмеген шығармын, қателескен жерім көп шығар. Елдің адамы болып көп жағдайда үйді де ұмытқан кезім болған шығар, сен соның бәріне көне білдің ғой, Жұпар-ау...» деп, жанының шынайы дауысымен ақтарылып еді.

Мұндай сөзді тек шын сезім, шын өкініш, шын махаббат иесі ғана айта алады. Енді, міне, сол жарының сонынан өзі де аттанып кетті...

Ол кісінің тағы бір ерекшелігі: әлдекімдердей ешқашан топтасып, біреуге ықпал етіп, біреуді жолдан тайдырып, әдебиеттегі кейбір болып жататын «ит тірлікке» араласқан емес. Ол тек жүрегінің үнін тыңдады, тек өлеңмен өмір сүрді. Өмірдің мағынасын поэзиядан тапты.

Ол енді тек жеке бір тұлға емес — әдебиетіміздің үлкен кезеңі, сөз өнерінің асқар шыңы, поэзиямыздың көктемі.

Исраил Сапарбай — пенделікпен емес, парасатпен өмір сүрген жан еді. Ол бізге поэзияны сүйе білуді, сұлулықты көре білуді, сағынышка адал болуды үйретіп кетті. Енді оның жырларын оқыған сайын, жүрегімізге жырдан ескен жұпар иісі келеді. Оның әр өлеңі — көктемнің бір тынысы, махаббаттың бір сәті, сағыныштың бір тамшысы.

Әлібек ШЕГЕБАЙ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері

Бүгінде Алматы жыл сайын, бәлкім, күн сайын өзгеріп жатқан болар. Бірақ оны қала жұртшылығы аса қатты сезіне қоймайды. Кейде тіпті сол өзгерістерге мән беріп, зерделеп қарауға да уақыт таба алмайды.

жолымыз ашылар еді-ау» деген бір тәтті үміт бар.

Иә, сөйтіп, ұшақтың қонғанын, жолаушылардың құжат тексеретін пунктен өтіп, қол жүктерін алып жатқанын апанық біліп, естіп тұрмыз. Әне-міне дегенше, олардың алдыңғы қатары көрінді.

Үстінде көп киілгендіктен жаға-жені қыркыла бастаған көнетоз сұр плащы бар,

Жақсы дос еді..

— Мына көшеде бұрын тек жер үйлер ғана болушы еді, ә, — дейді Бақытжан.

Оған бәрі де қызық. Себебі ол — менің курстас досым, көрнекті ақын Бақытжан Абызов. Қызылордадан кеше ғана келген.

— Машина да тым көп екен.

— Иә, баяғы кемелденген социализмнің көшелеріне бүгінгі бәсекешіл капитализмнің машиналары сыймай жатыр ғой, — деймін мен көшедегі қаптаған көлік қозғалысын жақтырмай, — таңертеңгі, кешкі кептелістерді көрсен, төбе шашың тік тұрады.

— Тыныштау бір кафеге кіріп, шай ішсек қайтеді, а? — деді.

— Иә-ә... Бірақ сен шаймен ғана шектелмейсің ғой.

Бахаң езу тартып, жымыды.

— Оны енді, өзін білесің. Біз — мейманбыз...

Тап осы сәтте кафенің үлкен залынан аулаға қарай өтетін ергенек секілді ағаш есік сырғып ашылды да, ақ ұлпадай үлбіреген әдемі көйлек киген ұзын бойлы, сымбатты, ақ құба келіншек бері қарай қадам басып келе жатты.

Екеуіміз де жалт қарадық. «О-о, бизнес-леди!» деген бір ой лезде жүгіріп өтті санамызда.

— О-оу, біздің жігіттер мұнда қайдан жүр, — деп күліп жіберді.

Бахаң екеуіміз аң-танбыз. Апыр-ай, біз кімді көріп отырмыз?! «Мы... мынау, университетте бес жыл бірге оқыған курстасымыз, кә... кәдімгі... иә, иә, өзіміздің Гүлнар Өмірзақова ғой! Қалай-қалай өзгерген, ей?!»

Гүлнар да біздің көңіліміздегі сол бір жылы лепті әп-сәтте сезе қойғандай:

— Ал, қане достар, осы кездесуімізді атап өтпейміз бе, — деп күліп жіберді. Сөйтті де, даяшы қыздарға қарап:

— Ең тазасын әкеліндер, — деді бұйыра сөйлеп.

Үлкен залдың бір бұрышындағы барға қарай жүгіре жөнелген даяшы қыз көзді ашып-жұмғанша-ақ алдымызға «Бахус» зауытынан шыққан мөп-мөлдір шөлмекті әкеліп қойды.

Өздеріңіз жақсы білетін «қырық градустын» бір ерекше қасиеті — үндеместің тілін шығарып, қорқақты — батыр, саранды — жомарт қылып жібереді емес пе!

— Алдымен, мынаны бір тартып жіберейік, — деп Бахаң рюмкасын жоғары көтерді.

Біздің қолымыздағы рюмкалар оның сөзін қуана-қуана қоштағандай сыңғыр ете қалды.

— Бірде, — деді Гүлнар өткен шақтағы бір оқиғаны көз алдына қайта әкелгендей сәл кідіріп, — Біріккен Араб Әмірліктерінен ұшып келе жатқан инвесторды күтіп алу үшін әуежайға бардық. Шынында да, сол күні шетелдік миллионердің көзіне сендер айтқандай, бизнес-леди болып көрінуге тырыстық. Соңғы үлгідегі жаңа киімдерімізді киіп, сұлулық салонына бірнеше сағат уақытымызды арнадық.

Енді, міне, қолымызға гүл алып, жүрегіміз лүпілдеп құрметті қонақты күтіп тұрмыз. Әрине, бәріміздің ойымызда: «Бизнесімді ептеп демеп жіберсе,



қолына арзанқолдау ескі сөмке ұстаған карт кісі жан-жағына алаңдап қарап, тұсымыздан өте берді. Біз оған, тіпті көз тоқтатып қараған да жоқпыз.

Бес минуттан соң, әлгі кешігіп келген күтіп алушылар қалта телефонымызға қонырау шалып: «Оу, сіздер қайда жүрсіздер? Біз мына кісіні такси күтіп тұрған жерінен көріп қалып, машинамызға отырғызып жатырмыз», — дейді.

Сөйтсе-е-ек, әлгі көнетоз сұр плащ киген карт — біз күтіп жүрген миллионер-инвестор екен.

Біз Гүлнарға әлі де таңдана қарап отырмыз. Өткен ғасырдың бір белесінде кимай-кимай қол бұлғап, қоштасып қалған қызықты да думанды студенттік шақтағы сымбатты қыз бүгінде мүлде басқа, мүлде жұмбақ жан секілді.

Біз білетін Гүлнар бір кездері сабаққа да, білімге де, атаққа да, данққа да самарқау қарап, өзін-өзі окшау ұстайтын студент сияқты еді.

Енді, міне, көптен күткен заманы жаңа туып, сан түрлі жаңалығымен қызықтырып, терең иіріміне тартып әкетіпті.

— Жарайды, жігіттер, — деді ол түсік үзіліс уақыты аяқталып, сағат тілі тұп-тура екіні көрсеткен кезде, орнынан жеңіл ғана көтеріліп, — сендер баяғы-ы-ы студенттік шақтың ең қызықты сәттерін еске алып, егіз қозыдай жарасып отырыңдар бүгін. Өкінішке қарай, менің өте бір маңызды кездесуім бар еді. Соған кешігіп қалмайын, ал сендер асықпандар, жарай ма. Бәрі де менің есебімнен! Тағы да қосымша тапсырыс берсеңдер, мархабат, қыздар менің атыма жазып қояды.

Ол қолын сәл жоғары көтерді де, сау-сақтарын қимылдатып, қоштасу белгісін жасағандай кафеден шығып кете барды.

— Қандай жақсы дос! — деді Бақытжан шын көңілімен риза болып.

Нұрғали ОРАЗ

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы, белгілі жазушы Мереке Құлкеновке інісі

Махам ӘБДЕШҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**Қайырбай
ТӨРЕҒОЖА****Команда**

– Екі алақаным қышып,
Өз-өзінен ысып,
Есіме бір жағдайлар түсіп,
«Команда» деген
Сықак жазғым келеді.
Команда!
Қалай естіледі?
– Жаксы.
Ал, ендеше,
Сықағыңды жазып бақшы.
– Жазсам,
Бұл «Қайрат» емес,
Футболдан біз білетін.
КВН да емес,
Сан команда
Әзіл айтып, біз күлетін.
Әкімдер командасы,
Әкімдер!..
Басшысы қайда барса,
Соңынан бірге жүретін.
Команда!
Ойнамайды олар аланда,
Кабинеттерде ойкастайды,
Жаман ба?!
Осындай бір дерт таптық,
Мына жылман заманда...

**Зауыт**

Кеше:
Жарқыратып ашып жатты,
Біреулер шашу шашып жатты.
Әкім келіп сөйледі:
– Бұл зауыт па, дей, – деді.
Өніміне әлден өшірет,
Үлгермесек, кешірет.
Айтып-айтпай не керек,
Сол күні бұл зауыттың
Құрметіне әдемі,
Естен кетпес вешір ед(i).
Бүгін:
Арада тек көктем,
Зауыттың түр көптен.
Сәл бейнелеп айтсақ,
Бір жамбасқа шөккен.
Әкім кеткен ауысып,
Тауысарын тауысып.
Жүр дейді барған жағына,
Дәл осындай жосықпен,
Жана зауыт салысып.

Істей ме, әлде тұра ма,
Тсс-с-с, сұрама оны, сұрама...

– Ассалаумағалейкум, дос,
Депрессияда жүрмін...
– Өй, не болды, Күлгін?!
– Бәріне әлгі сапарым
Кінәлі.
Өмірімде бір
Шет елге шығып едім,
Жұрт айтқан
Эмиратың сондай ұнады.
Тап бір тұрғандай,
Көкті сүйіп,
Үйлері қандай биік!
Теңізі де ғажап,
Шалқалап та малтыдым,
Жұмақта жүргендей
Яхтасында да шалқыдым.
Билесің бе,
Дүкеніне кірсең,
Шай, кофе береді екен.

Асты-үстіңе түсіп,
Сыйлап,
Сені Құдайындай
Көреді екен.
Жуа ма, сорып ала ма,
Көшесінде бір шаң жоқ.
Келгеніме, міне, он күн,
Әлі жүрмін таң боп.
Қысқасы, депрессиядамын,
Әлгі турагенттіктің
күйгелі тұрған
Путевкасымен,
Әйелімнің мықты басымен,
Тағы барғым келіп,
Таусылғалы жүр
Шыдамым...
– Сонда депрессия деген
Немене?..
– Өй, мына біздің жаққа,

Нервің өзі көне ме?!
Екі елді салыстырып,
Анаған да қараймын,
Мынаған да қараймын.
Тақа тірлікті,
Көріп тұрғам жоқ,
Эмиратыңа тақайтын.
Арабта да мұнай,
Қазақта да мұнай,
Бірақ оларға беріп тұр,
Беретінін Құдай!
Бар байлығы – халыққа,
Ал бізде ел
Отыз жылда бір жарып па?!
Тек білетіміз той...
– Өй, өй, Күлгін қой,
Осы арада тоқта,
Басқа ел саған бақ па?!
Одан-дағы уәде көп,
Қазағыңды мақта...

**Мода**

Қолыңда сол газеті,
Шай ішіп те
Көз алмайтын әдеті.
Кенет жерден
Жеті коян тапқандай,
Сөзінің мынау әлеті:
– О, о, Бәшім де
Академик болыпты.
Біздің ғылым
Бір мықтымен толықты...
– Е, болсын,
Басқалар болып жатқанда,
Оған болмай не қыпты?!
– Жок, академиктің
Көптігін айтамын да,
Әлде, Алматыға барып,
Мен де
Академик болып,
Қайтамын ба?!
– Иә, сөйт,
Ғалым деген атағың бар,
Құр жатпай,
Академик атанып ал...
Осылай бұл үйде,
Аздап полемика:
Күйеуі Қазақстанда
Академик көп дейді.
Әйелі сен де
Соған өт дейді.
Кім білсін,
Тілектестік, ниеттестік,
Жақсы шығар ол да.
Бірақ
Осы біздің елде,
Көбіне сан куу
Болып кеткендей ме,
Мода...

Шошыну

– Сәтөк,
Әлгі біздің
Болашақ келіннің
Тырнағы – ұзын,
Түсі – ақ.
– Лак де оны, лак!
– Кірпігі майысқан,
Мынадай.
Екі көзі жанып тұр,
Шырадай.
Көйлегі тізеден
Жоғары, тар.
Жасы дейсің бе,
Бір отызда бар.
Шашын
Сап-сары ғып,
Бояп тастаған.
– Мәссаған!
Басы үшкір
Біз туфлимен жүреді.
Білмеймін өзі,
Қазақша түсінбей ме,
Бірнәрсе айтсаң күледі...
– Е, е, солай ғой,
Құдай біледі...

Иә, шал мен кемпір,
Осылай,
Мына жағдайдан
Шошып отыр.
Қысқасы,
Үйге келінді емес,
Моднищаны
Тосып отыр...

Иттің тістеуі

Өзі қолынан,
Нан беріп еді,
Үйшігіне есеп жоқ,
Сан келіп еді.
Сол ит мұны,
Тістеп алды.
Не істесін?!
Аяғын ауырсынып,
Ұстай қалды.
Дегенмен,
Кінәсін әлгі ит
Түсінді ме,
Мұның алдында
Құйрығын бұлғаңдатты,
Ырғаңдатты,
Ұзынынан жатты.
Басын бір түсіріп,
Бір көтеріп,
Уайымға салынғандай,
Күй кешті қатты.
Мына ағаттығын,
Мойындап,
Күйзелген итіне
Қарап тұрып,
Қосай да
Бір ойға батты.
Анада түк кінәсі жоқ
Мұны,
Қикым да осылай,
Ренжіткен.
Жанын жаралап,
Ауыр сөзбен
Түйреп өткен.
Сол Қикымға да
Талай
Жасап еді-ау,
Жаксылық.
Төрге де отырғызған,
Бас қылып.
Бірақ мен солай,
Көңілін қалдырдым-ау деп,
Шіркінін,
Кейін селт етпеген.
Кім білсін,
Адамнан кейде,
Дұрыстау ма өзі,
Ит деген...

Уәде

Тәйтiк Көріктің үйінде қонақта:
– Иә, бала өсіремін!..
Тәйтiк Өріктің үйінде қонақта:
– Иә, бала өсіремін!..
Тәйтiк Бөріктің үйінде қонақта:
– Иә, бала өсіремін!..
Содан бері үшеуі де,
Осы уәдені тосып жүр.
Ал Тәйтiк бұл жаман әдетін,
Басқа үйлерде де бөсіп жүр...